

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Әлметова Ә.С.,
Дәркенбаева Ж.Қ.,
Хамимұльдинова Л.Ж.**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Негізгі стандарттан жоғары деңгей

Оқулық

Алматы, 2015

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)

КБЖ 81.2 қаз - 923

Ә 52

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»
Республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

Пікір жазғандар:

Балтабаева Ж. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Мизамхан Б. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Әлметова Ә.С.

Ә 52 Қазақ тілі: Негізгі стандарттан жоғары деңгей. Оқулық. / Ә.С.

Әлметова, Ж.Қ. Дәркенбаева, Л.Ж. Хамимұлыдинова. – Алматы, 2015. – 232 б.

ISBN 978-601-217-529-5

Оқулық жоғары оқу орындарының негізгі стандарттан жоғары деңгей студенттеріне арналған. Оқулықта қатысымның әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіби аяларына қатысты тақырыптар мен мәтіндер қамтылған.

Әрбір сабақ сөйлеу әрекетінің төрт түріне байланысты тапсырмалар мен жаттығулардан тұрады. Оқулық тақырыптарды ғылыми тұрғыдан да, танымдық тұрғыдан да жақсы ашып көрсете алған. Сонымен бірге әрбір сабаққа ұсынылған әдіс-тәсілдер студенттің материалды толық түсініп, игеруіне негізделген.

Оқулықтың ұнтаспасы бар.

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)

КБЖ 81.2 қаз - 923

ISBN 978-601-217-529-5

© Әлметова Ә.С., Дәркенбаева Ж.Қ.,
Хамимұлыдинова Л.Ж., 2015.

© ҚР Жоғары оқу орындарының
қауымдастығы, 2015.

АЛҒЫ СӨЗ

Оқулық 2012 жылы шыққан «Жоғары оқу орындарының қазақ тілін өзге тіл ретінде оқитын студенттеріне арналған «Типтік оқу бағдарламасы» негізінде негізгі стандарттан жоғары деңгейіне арналып жазылған. Бағдарлама бойынша тақырыптар қатысымның әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіби аяларына қарай ыңғайлана бөлінген. Оқулық осы бағдарламадағы жүйе бойынша жазылды.

Оқулықты жазу барысында қазіргі әдістемедегі оқу үрдісіне танымдық-лингвомәдениеттанулық тұрғыдан келу және оның ұстанымдар жүйесі басшылыққа алынды. Бұл бағыт бойынша оқулық қазақ тілін қазақ халқының мәдениеті арқылы оқытып үйретуді көздейді.

Оқулықтың мазмұны негізгі стандарттан жоғары деңгей бойынша 19 сабақтан тұрады. Оқулықта әр сабақты түсініп меңгеруге көмектесетін суреттер де берілген, яғни оқулық иллюстративті. Демек, оқулықта иллюстративтік әдіс те жетекші орында. Сонымен бірге оқулықтың ұнтаспасы да бар. Ұнтаспада тыңдалымға арналған мәтіндер ұсынылған, ал тапсырмалары оқулықта берілген.

Әрбір сабақ сөйлеу әрекеті түрлеріне (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылымға) қатысты тапсырмалар мен жаттығуларды қамтиды. Және олар студенттердің сөйлеу әрекеті түрлеріне қатысты дағдыларын жетілдіріп, дамыту мақсатын көздейді. Оқулықта әрбір сөйлеу әрекеті түрі бойынша тиісті тапсырмалар танымдық-лингвомәдениеттанулық және қатысымдық әдістер мен қазіргі инновациялық (креативті әдіс, миға шабуыл әдісі, кейс технология) әдістер негізінде іріктелген. Оқылым, тыңдалым мәтіндері де, лексика-грамматикалық материалдар мен сөйлету мақсатындағы материалдар да күнделікті өмірдегі өзекті қатысым қажеттіліктеріне сай таңдалған.

Әр сабақ оқылым мәтінінен басталады. Оқылым мәтіндері де тыңдалым мәтіндері де аутенттік мәтіндерден алынған. Әуелі мәтінге дейінгі танымдық сұрақтар беріледі. Содан соң мәтінде кездесетін лексикамен жұмыс жүргізіледі. Олар кейбір түсініксіз сөздерді синонимдерімен алмастыру немесе тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ашу, не мәтінді оқып болғаннан кейін оның мағына-

сына интерпретация жасау түрінде жүреді. Бұл деңгейде мәтін мазмұнына қорытынды жасай білу өте маңызды. Мұнда тапсырмалардың басым бөлігі студенттің қазақ сөздерінің мағынасын, қалтарысын терең түсіну мен қатысымдық дағдысын қалыптастыруды мақсат етеді.

Оқылымнан кейін жазылымға арналған тапсырма түрлері берілді. Оқылым мен жазылым сөйлеу әрекетінің өнімді түрлері болғандықтан, оларға арналған тапсырмалар бірін-бірі толықтырып отырады.

Грамматикаға қатысты тапсырма «тілдік анықтамалық» деген атпен кесте түрінде ұсынылды. Жазбаша жұмыстар сабақ тақырыбы негізінде беріледі де, ұсынылып отырған тілдік анықтамалыққа сай тапсырмалармен толығады. Мұндай кешенді тапсырмалар бір жағынан, студенттердің сөздік қорының тақырыпқа сәйкес сөздермен толығын қамтамасыз етсе, екіншіден, тілдік білімдерінің кеңеюін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ жазылым өзіндік ерекшелігі бар сөйлеу әрекеті түрі ретінде тіл үйренушінің тілдік және тақырыптық жағынан сөздік қорының артуына ықпал етеді.

Сонымен бірге бұл деңгейдегі студенттер оқылған, тыңдалған мәтіндерге, өлең мәтіндеріне әртүрлі (сипаттау, ой қорыту, суреттеу) түріндегі монологтар жазуға машықтанып, әртүрлі тақырыпқа эссе, рецензия, аннотация жазады.

Тыңдалым – тілді өзге тіл ретінде оқып үйренудегі басты әрекет түрі. Өйткені адамдар көп жағдайда бірін-бірі тыңдап барып тілдеседі. Сондықтан мұқият тыңдай алу – үлкен қасиет. Бұл дағдыны жетілдіру үшін мәтіннің бас-аяғын, өз қалауымен өзгертіп айтып бере білу, тыңдап отырып айтушы кіргізген өзгерістерді байқау, тыңдаған мәтін мазмұнының идеясын, мақсатын айтып, оған өз бағасын беріп, рецензия жаза білу сияқты тапсырмалар ұсынылды.

Айтылым – өзге тілді оқытудағы ең соңғы және ең басты мақсат, өйткені студенттің өзге тілден алған білімінің көрінетін тұсы – айтылым. Сондықтан бұл бөлімде сабақ тақырыбынан алынған жағдаяттар бойынша сөйлеу, әртүрлі сұхбаттар құра білу тапсырылды. Ал бұл студенттерді креативті ойлауға, өзінің көзқарасын, өзінің пікірін, ойын айтуға дағдыландырады. Бұл үшін белгілі бір пікірге адамның әртүрлі көңіл-күйін білдіретін сөздерді пайдалану ұсынылды. Сонымен бірге сұхбаттасуға арналған тапсырмалар ма-

қал-мәтелдердің тақырыбы бойынша тілдесу, олардың мағынасын ашу, әртүрлі пікірталастар, дөңгелек үстелдер өткізу сияқты тапсырма түрлері арқылы да берілді.

Осылайша, оқулық студенттердің өз ойларын монолог түрінде де, өзара сұхбаттасу түрінде де құра білуіне негіз бола алады, өз пікірлерін ауызша да, жазбаша да жеткізулеріне көмектесе алады деген сенімдеміз. Сонымен бірге оқулықта құжат лексикасымен жұмыс істей білуге үйрету, сабақ тақырыбына сай ойын түрлерімен алған білімдерін бекіту, кейс-жағдаяттармен тілдесе білуге дағдыландыру сияқты жұмыс түрлері де берілді.

Бұл оқулықпен жұмыс істеу әрі тиімді, әрі пайдалы, әрі қызықты болады деп үміттенеміз.

Заман және Заң

- а. Адам – басты құндылық
- ә. Адамның құқықтық қорғалуы
- б. Ата Заң – мемлекеттің Негізгі Заңы

1. Танымдық сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Заң дегеніміз не? Ол не үшін керек?
- ә. Сіздер Қазақстан Республикасының қандай Заңдарын білесіздер?
- б. Ата Заң дегеніміз не? Ата Заңымыз қашан қабылданды? Ол неше тарау, неше баптан тұрады?

2. Берілген үлгі бойынша кестені толтырыңыздар.

Р/с	Заң атауы	Қабылданған жылы, айы, күні	Бөлім, бап саны	Түсініктеме (баптан үзінді келтіріңіз)
1	Ата Заң	1995 жылы 30 тамыз	9 бөлім (98-бап)	Мемлекеттің негізгі Заңы – елдегі барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңды күшке ие заң немесе заңдар тобы.

3. Сұрақтардың үш дұрыс жауабын белгілеңіздер.

1	Адам неге құқылы?	баспаналы болуға	заң бұзуға	білім алуға	медициналық көмек алуға	зорлық көрсетуге
2	Құқықтың қандай түрлері бар?	әлеуметтік	заңдық	азаматтық	мәдени	халықтық
3	Адамның құқығын кім қорғайды?	өзі	халық	заң	қүзіретті органдар	ата-ана
4	Құқық бұзушылық әрекеттер қайсысы?	жалған жала жабу	кезектен тыс пәтер алу	іс-қағаздарын жүргізу	пара алу	мамандыққа баулу

5	Еліміздегі өзекті мәселелер қайсысы?	тұрғын үй	ауыз су	баспасөз	бағдарламалар	мамандар тапшылығы
---	--------------------------------------	-----------	---------	----------	---------------	--------------------



4. Екі мәтінді оқып, салыстырыңыздар, қай мәтінде адам құқығының бұзылғандығы сөз болады?

а. Аудан орталықтарынан шалғай орналасқан елді мекендерге медициналық көмек дер кезінде көрсетілмейді. «Жол нашар» деген желеумен, тіпті жедел-жәрдем көліктері де ауылдарға бармай жатады. Жазғы демалыста Қадиша апаға көмектесу үшін келген Ажар сол ауылда қайтыс болды.



Түн ортасында шақырған жедел-жәрдем көлігі түске қарай зорға жетті, алайда өте кеш болды, жас келін о дүниеге аттанып кеткен еді. Артында екі баласы қалды. Қадиша апа жап-жас келінінің бұлай қыршынынан қиылғанына ақ халаттыларды кінәлайды. Дер кезінде көмек көрсетілгенде аурудың алдын алуға болар ма еді, кім білсін?

Соқыр ішегі жарылып кеткен. Не керек, адам өміріне салғырт қараған жедел-жәрдем дәрігерлері өздерін кінәліміз деп есептемейді. «Ауылға қарай жолдың нашар екендігін, көліктерінің орта жолда бұзылып қалғандығын» айтып, бұл істен бастарын ала қашты.

Ауылды жерді айтпағанда, тіпті, қала ішінде жедел-жәрдем көлігін жарты сағат күтуіне тура келеді. Мұндай кезде адамдар алғашқы медициналық көмек алмастан дәл Ажар секілді көз жұмып жатады.

Сонда адам өмірін өлімнен кім арашалайды? Адам өмірі түкке тұрғысыз болғаны ма? Мұны кім қадағалайды?

ә. Әлия – балалар үйінің тәрбиеленушісі. Он жеті жасында тағдырдың тәлкегіне түсіп, балалы болды, сөйтіп балалар үйінен кетуіне тура келді. Басынан көп қиыншылық өтті. Үш жасында ата-анасы жол апатына ұшырап, бақилық болды. Әлия кәрі әжесінің қолында қалды. Әжесінің зейнетақысы неге жетсін? Бірде тоқ, бірде аш жүріп, мектепке барды.

Әлия алты жасқа келгенде, әжесі де қайтыс болды. Сөйтіп, Әлияны әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі балалар үйіне тапсырды. Содан бері он бір жыл өтіпті...

Қазір алты айлық қызымен көшіп-қонып жүр. Басында баспанасы, қалтасында ақшасы да жоқ. Жұмыс істейін десе, қызын қайда қалдырарын білмейді. Әжесімен бір кездері бірге тұрған ауылдағы үйлерін «иесіз қалған үй, кемпірдің ешкімі жоқ» деп ауылдық әкімшіліктің адамдары сатып жіберіпті. Ал балалар үйінде «оның үйі бар» деп баспанаға кезекке қоймаған. Әжесінен қалған ауылдағы үй – Әлияның жалғыз үміті еді... . Енді міне, не істерін, қайда барып шағымданырын білмейді, қол ұшын беретін адам да қасынан табылмай тұр... .

5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер:

а. Алғашқы мәтінде қандай мәселе көтерілген? Оны қалай шешуге болады?

ә. Әлияның басынан қандай жағдай өтті? Мәтіннің көтерген мәселесі не? Бұл мәселені кімдер, қалай шешуі тиіс?

б. Сіздер жоғарыда айтылған мәселелерді қалай шешер едіңіздер?

в. Берілген мәтіндердегі оқиғаны қалай аяқтауға болады?

6. Төмендегі тұрақты тіркестердің мағынасын оқытушы көмегімен анықтап, кестеге толтырыңыздар, есте сақтаңыздар:

Тұрақты сөз тіркестері	Мағынасы
Қыршынынан қиылу	
Арудың алдын алу	
Бастарын ала қашу	
Көз жұму	
Тағдыр тәлкегі	

Бақилық болу, о дүниеге аттану	
Қол ұшын беру	
Өзіне-өзі қол жұмсау	
Әке-шешеден айырылу	
Жол апатына ұшырау	
Өмірге салғырт қарау	
Ажалға араша болу	

7. Төмендегі сөйлемдердің қайсысы мәтіндердің мазмұнына сәйкес келеді, не сәйкес келмейді немесе мәтінде жоқ:

Сөйлемдер	Сәйкес	Сәйкес емес	Мәтінде жоқ
Ажар ауылға демалуға келді;			
Ажардың өліміне дәрігерлер кінәлі емес еді;			
Әлия тағдыр тәлкегіне түсті;			
Ажарға дәрігерлік көмек уақытында көрсетілмеді;			
Әлияның жұмысы бар, бірақ үйі жоқ еді;			
Әлия мен Ажардың әжелері бар, бірақ ата-аналары жоқ еді;			
Екі мәтінде де әңгімеге арқау болған – жас әйелдердің тағдыры;			
Мәтіндерде қоғамның адам құқығына айрықша мән беруі сөз болады.			

8. Мәтін мазмұнын және төмендегі тұрақты сөз тіркестерін пайдаланып, екеуара сұхбаттасыңыздар.

а) қыршынынан қиылу; ә) аурудың алдын алу; б) бастарын ала қашу; в) көз жұму; г) тағдыр тәлкегі; ғ) бақилық болу; д) о дүниеге аттану; е) қол ұшын беру

9. Мына сұхбаттарды үлгіге алыңыздар:

а.

Мұрат: Бүгін біз тағдырлары ауыр әйелдер туралы мәтіндер оқыдық. Енесіне көмектесу үшін ауылға келген Ажар сол ауылда көп ұзамай қайтыс болыпты.

Ерлан: Иә, сондай аянышты жағдай екен. Енесіне көмектесу үшін дейсің бе? Енесі екенін қайдан білдің?

Мұрат: Мәтінде «Қадиша апа келінінің қыршынынан қиылғанына дәрігерлерді кінәлайды», – деп жазылған ғой. Мәтінді оқымағансың ба, өзін?

Ерлан: Оқыдым ғой! Неге оқымайын? Аңғармағанмын ғой! Өкінішке ұрынбас үшін аурудың алдын алу керек еді. Дәрігерлер, әрине бастарын ала қашады.

Мұрат: Солайы солай-ау, бірақ соқыр ішек деген – аяқ астынан ұстайтын ауру ғой! Оның алдын қалай алсын! Бұл жерде кінә дәрігерлердің дер кезінде келмеуінде жатқан сияқты.

ә.

Ерлан: Әлия балалар үйінде өскен, әке-шешесінен жастай айрылған қыз екен.

Мұрат: Иә, есейгенде де оған тағдыр өз тәлкегін тосып тұр екен.

Ерлан: Тағдыры қандай ауыр. Шынында, біздің елімізде балалар үйінде өскен жастарға қамқорлық неге жоқ екен? Балалар үйінен шыққан соң олар не істейді, қайда барады? Оларды үймен, жұмыспен кім қамтамасыз етеді? Біздің қоғамда осы мәселелер ойластырылмаған сияқты ма, қалай?

Мұрат: Иә, солай! Сондықтан ғой, көбінесе жетім балалардың қылмыстық әрекеттерге ұрынып жататыны.

Ерлан: Дұрыс айтасың! Қол ұшын беретін ешкім жоқ, ұрынбай қайтсін.

Мұрат: Жақында бір журналдан осындай балалар үйінен шыққан соң, не баратын жері жоқ, не жұмысы жоқ, не үйі жоқ баланың ұрлық жасап, сотталғанын, артынан өзіне-өзі қол жұмсап, көз жұмғанын естідім.

Ерлан: Бұған адам құқығының қорғалмауы кінәлі емес пе?

Мұрат: Ол да бар. Қоғамның жастар тәрбиесіне, ел ертеңі жастарға лайықты көңіл бөлмеуінің салдары шығар? Сен дұрыс айтасың! Адам құқығының қорғалмай жататын кездері, шынында да, жиі кездесіп тұрады ғой!



Тілдік анықтамалық. Тілімізде адамды қолдауға, оның сәтсіздігіне ортақтасуға, оны жұбатуға арналған айтылыстар кездеседі. Мысалы: *уайымдама, қапаланба, бәрі жақсы болады, сәтті болсын, ренжіме, берік бол тағы басқа сөздер.*

10. Төмендегідей жағдаяттарда сұхбаттасынды қолдау немесе жұбату үшін қандай сөздерді пайдаланар едің? Әр сөйлемге сәйкес жауабыңызды кестеге толтырыңыз.

- а. Ауылға келген Омар анасының ауырып жүргенін көрді;
- ә. Әлия тағдырына ренжіп, қамығып жүргенін айтты;
- б. Қадиша апа келінінің қазасына қатты қайғырды;
- в. Илья алдағы олимпиада ойындарына жанын салып дайындалып жүр;
- г. Талғат емтиханнан өте алмады;
- ғ. Институт Мұрат жасап жүрген зерттеуге үлкен үміт артады.

	Қолдау немесе жұбату сөздері
а	
ә	
б	
в	
г	
ғ	

11. Берілген сөз тіркестерін пайдаланып, сұхбат құрыңыздар. Сұхбатта адамды қолдау немесе жұбату сөздерін пайдаланыңыздар.

Медициналық қателік, үйін сату, адамның өмірі, құқықтың тапталуы, өлімге итермелеу, әжесінен қалған.

12. Искери стильді үйренейік!

Деректер мен оқиғаларды ретіне қарай баяндай отырып, Қадиша апаның немесе Әлияның атынан редакцияға хат жазыңыздар.

а. Қадиша апаның хаты:

Құрметті, редакция!

Менің келінім Ажар маусым айының 15-інде ауылға маған көмектесу үшін келіп еді. Жоспарымыз бойынша ауылда жаз ортасына дейін болмақшы еді. Аяқ астынан түн ортасында ауру қысып, жедел жәрдемнің уақытында келмеуі салдарынан, соқыр ішегі жарылып, қаза тапты.

Жап-жас адамның мезгілсіз қайтыс болуы, артында екі баласының қалуы, дәрігерлік көмектің дұрыс жолға қойылмағандығы – менің қолыма еріксіз қалам ұстатып отыр. Екі жас баламен соңында қалған маған қандай көмек болар екен? Жауап берулеріңізді өтінемін.

ә. Қадиша апаның хатындағы «ауру қысу», «қаза табу», «мезгілсіз қайтыс болу», «жолға қойылмау», «еріксіз қалам ұстау» тіркестерінің мағынасын ашыңыздар.

б. Қадиша апаның хатын үлгіге ала отырып, өздеріңіз Әлияның атынан редакцияға хат жазыңыздар.

Құрметті, редакция!

13. Редакция тарапынан хаттарға жауап әзірлеңіздер.

Құрметті, Қадиша апа!

Құрметті, Әлия!

14. «Адам тағдыры және заман» тақырыбына шағын эссе жазыңыз.



15. Өлеңді мұқият тыңдап, мәтін бойынша сөздердің синонимдерін беріңіздер.

Ынтымақ –

Ұшу –

Бағалы –

Байлық –

Аспан –

Жел -

16. Мәтіннен *-лық/лік, -дық/дік, -тық/тік* қосымшалары бар сөздерді теріп жазып алыңыздар. Пайда болған жаңа сөзге назар аударыңыздар.

Үлгі: татулық, ...

17. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыздар.

1	Қыраным қалықтап ... самғады.			
Жауабы:	көкке	аспанға	биікке	жоғары
2	Зайырлы, игілік халықпыз,			
Жауабы:	армандаған	аңсаған	көксеген	намысшыл
3	Ата Заң – елімнің... – Ата Заң.			
Жауабы:	мақтанышы	ырысы	бақыты	тынысы
4	Бостандық, ..., тағдырдан жаралған			
Жауабы:	ерлік	татулық	еркіндік	теңдік
5	Шақырды бірлікке еркіндік			
Жауабы:	самалы	таңдары	заңдары	заманы

18. Мәтін мазмұнын 2-3 сөйлеммен айтып беріңіздер.



19. а. Жағдаяттар бойынша сөйлесіңіздер. Сөйлесу ба-
рысында берілген сұрақтар мен сілтемелерді пайдала-
ныңыздар.

Халық қалаулысынан, жоғары лауазымды адамдардан оның өмірі, іс-әрекеті жайында қалай сұрап білуге болады?

1. Жоспарлаған шаруаларыңыз (жұмысыңыз, іссапарыңыз) қалай жүзеге асып жатыр?

Өз жоспарыңызды жүзеге асыру үшін не істейсіз?(ойладым, жасағым келді, жоспарладым, армандадым, мақсатым болатын).

Төмендегі үлгі-жауаптарды пайдаланыңыздар.

1. Ой, сұрама. Мұндай жұмысты алып жүру өте қиын.
2. Рахмет, жұмыс жақсы жүріп жатыр.
3. Жоспарларым ойдағыдай орындалып жатыр.
4. Ауылды ауыз сумен қамтамасыз ету – арманым еді.

ә. Осыған сәйкес өз сұхбаттарыңызды ойлап жазыңыздар.
Төменде қажетті жағдаяттар берілді.

1. Халық депутатпен кездесті.
2. Депутат халықтың сұрақтарына жауап берді.
3. Халық өздері сайлаған депутатқа сенеді.

20. Осы жасалған сұхбаттар бойынша өз ойыңызды айты-
ңыз. Ол монолог-талдау түрінде болсын.

21. «Қадиша апамен әңгіме» тақырыбына сұхбаттасыңыздар.
Төмендегі жағдаяттардан өзіңізге ұнағанын таңдап алыңыз не-
месе өзіңіз ойластырыңыз.

1. Қадиша апа шаршады.

а: (көңілін көтеріңіз)

.....

ә: (бірге уайымдыз)

.....

2. Қадиша апаның амалы таусылды.

а: (кеңес беріңіз)

.....

ә: (өз көмегіңізді ұсыныңыз)

.....

3. Сіз ұсынатын жағдаят

.....

а:

ә:

22. Берілген жағдаят пен кестедегі айтылыстарды пайдаланып, сұхбат құрыңыздар.

а. «Жетім балаға қиын»....

Ақшасы жоқ.
Ешкім көмектеспейді.
Баспанасы жоқ.

ә. Әлия тағдырына ренжиді.

Ата-анасы қайтыс болған.
Баласымен далада қалды.
Отбасын құра алмады.

Сұхбаттардан қорытынды жасаңыз. Мына сілтемелерді пайдаланыңыз:

- Әркімнің тағдыры өзінің қолында ма?
- Адам тағдырына не үшін ренжиді?
- Адам тағдыры Алланың қолында деген рас па?

б. Сіз өзіңіз туралы:

«Мен ешқашан ешкімге, ештеңеге ренжімеймін. Өмірге ренжіп жүргеніңде ол өтіп кетеді», – деп айта аласыз ба?

23. Берілген сұхбаттарды адамның қиналып жүргенін көрсететін сөздермен бастаңыз.

Үлгі:

– Ауырып, мазам болмай жүр.

– Мүмкін, дәрігерге барарсыз?

а. –

– Қайғырма. Емтиханды келесі жолы тапсырарсың. Ол сенің қолыңнан келеді.

ә. –

– Өй, оған назар аударма, ол сені ренжіткісі келді. Ал сен байқамаған бол. Орынсыз қалжың айтты. Түкке тұрмайтын нәрсе, оған ренжіме!

б. –

– Уайымдама! Бұл әркіммен болатын жағдай. Оның сені кешіретініне күмәнім жоқ.

в. –

– Мен түсінемін, сен соңғы кезде көп жұмыс істедің. Демалыс күні қала сыртына шығайық, демалайық.

24. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасңыздар.

Адам өз еңбегі, ақыл-ойы, іскерлік қабілеті арқылы ғана табыс пен бақытты өмірге жете алады. Қоғамның мақсаты – адамның қамы. Қоғам адамның материалдық, рухани мүдде-талаптарын қанағаттандырып, оның еркін өмір сүруіне, ішкі қабілеттері мен мүмкіндігінің толық ашылуына жағдайлар жасайды.

Міндет:

1. Адам өз еңбегі, ақыл-ойы, іскерлік қабілеті арқылы ғана табыс пен бақытты өмірге жете алатынын дәлелдеңіз.

2. Кез келген істі соңына дейін жеткізіп, тындырып орындау адамның рухани жетілуі үшін маңызды деген пікірмен келісесіз бе? Өз ойыңызды айтыңыз.

25. Мақал-мәтелдердің мазмұнын 2-3 сөйлеммен түсіндіріңіздер.

а. Заман қамын ойлаған –

Саналылықтың белгісі.

Адам қамын ойлаған –

Даналықтың белгісі;

ә. Ойхой, дүние – серуен, адам – көшкен керуен;

б. Адам қайғысы – заман қайғысы;

в. Заман айнасы – замандас.

26. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «**Ақырын жүріп, анық бас...**»

Мақсаты: Адамның мінез-құлқын, тәртібін қалыптастыруға арналған лексиканы меңгерту.

Ойынның шарты: Студенттер үш топқа бөлініп, бір топ – Қадиша апаның, екінші топ – адвокаттың, үшінші топ – қазылар алқасының рөліне еніп сөйлейді.

Ойынға өзек болған кейс-жағдаят: Қадиша апаның келіні дәрігерлердің жауапсыздығынан қайтыс болып, қиын жағдайға душар болады. Өзін ақтап, қорғап шығу үшін жақсы адвокат іздестіреді. Ақыры адвокатты тауып, одан өзіне көмектесуін өтінеді. Адвокат Қадиша апаны кездесуге шақырып, кешікпей келуін өтінеді. Қадиша апа таксимен бармақшы болып, такси күткендердің кезегіне тұрады. Кезегі келгенде бір әйел Қадиша ападан бұрын кезексіз таксиге отырмақшы болады. Қадиша апа оны костюмінен тартып, итеріп, жолын босатады. Сөйтіп, күшпен таксиге отырады. 15 минут бұрын келеді. Белгіленген уақытта оны адвокатқа шақырады. Бөлмеге кіргенде, Қадиша апа шошып қалады. Сұмдық- ай, «адвокат» бағана өзі таксиден итеріп тастаған әйел екен.

Ойынға тапсырма: 1.а) Қадиша апа адвокатты көргенде не деуі мүмкін? (Бірінші топтағы әр студент өз пікірін айтуға тиіс); ә) Адвокат Қадиша апаны қалай қабылдайды? Оның Қадиша апамен әңгімесі қалай жүруі мүмкін? (Екінші топтың әр студенті өз пікірін айтуға тиіс);

2. а) Таксиге отыру кезіндегі Қадиша апаның мінезін жақтаңыз / қарсылық білдіріңіз; ә) Адвокаттың мінезіне сипаттама беріңіз. (Бірінші, екінші топ студенттері араласа отырып, пікір таластырады).

3. Қазылар алқасы рөліндегі үшінші топ сөйлейді. а) Бірінші және екінші топ студенттерінің сөйлеген сөздерінің мазмұнындағы, стиліндегі қателерге назар аударады, түзетеді; ә) Мінез-құлық және

тәртіп мәдениетіне қатысты, сыпайы тілдесу мәдениетіне қатысты айтылуы тиіс сөздер мен сөз тіркестерінің қамтылу жайын сөз етеді.

Ойынның міндеті:

Сыпайы тілдесу мәдениетіне қатысты қазақ тіліндегі және өзінің ана тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып алып, олардың мағыналық ұқсастығы мен айырмашылығын ажырату.

27. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген лексикалық және грамматикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Бүгінгі заң және оның келешегі» тақырыбында өтетін пікірталасқа сұрақтар жазып келіңіздер;

б. «Заман айнасы – замандас» тақырыбына шығарма жазу үшін жоспар жазып келіңіздер.

Әлеуметтік зейнетақы ұйымдары

- а. Әлеуметтік сақтандыру түрлері
- ә. Сақтандыру компаниялары

1. Төмендегі танымдық сұрақтар бойынша ой бөлісіңіздер.

- а. Әлеумет, әлеуметтік деген сөздерді қалай түсінесіз?
- ә. Сақтандыру полисі дегеніміз не?
- б. Сақтандырудың қандай түрлерін білесіз?
- в. Қазақстанда қандай сақтандыру компаниялары бар?

2. «Әлеуметтік» сөзімен сөз тіркестерін жасаңыздар:



3. Суреттерге қарап, сақтандырудың түрі мен қызметін анықтаңыздар, айшықтарды толтырыңыздар. Анықтаған мәселелеріңіз туралы әңгімелеп беріңіздер.



1.



2.



3.



4. Төмендегі мәтіндерді оқып шығыңыздар. Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындаңыздар.

NOMAD – автокөлік иелерін қауіп-қатерден сақтандыратын компания. Сақтандыру компаниясының сақтандыру жағдайларына көліктің бүліну немесе жойылу (опат болу), оның ішінде айдап кету немесе ұрлау, жол көлік оқиғалары жатады. Мұндай жағдайда компания зиянның орнын толтыру және көмек көрсету жөніндегі операцияларды жүзеге асырады. Компания азаматтармен біржақты және екіжақты келісімге отырады. Біржақты келісім жеті мың теңгені, ал екіжақты келісім он бес мың теңгені құрайды. Жеңіл автокөліктер үшін сақтандыру келісімінің жарамдылық мерзімі – бір жыл.

Болат алғашқы күні компания өкілінен кеңес алып қайтты. Келесі күні компанияға барып, ақшасын төледі. Ол өзінің жуырда алған «Тойота» маркалы автокөлігін екіжақты сақтандырды.

Қазіргі кезде сақтандыру компаниялары азаматтарға дербес сақтандыру және мүліктік сақтандырудың әртүрлі бағдарламасын ұсынады. Мүлікті өрттен, найзағай түсуден, жарылыстан, судан, табиғи апаттардан, ұрлықтан, тіпті ұшатын аппараттар мен олардың сынығының құлауынан сақтандыруға болады. Қазіргі кезде мүлікті сақтандыру жылдам жетіліп келеді. Арманның анасы сақтандыру компаниясына барып, жылжымайтын мүлікті сақтандырудың жолдары жайында кеңес алып қайтты. Ол Тауғұл ықшам ауданындағы көп қабатты үйдің үшінші қабатындағы 4 бөлмелі пәтерін сақтандырмақшы.

Қазақстан Республикасы «Зейнетақыны қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес, Жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдар жасау Қазақстанның барлық азаматтары үшін міндетті.

Бүгінгі таңда Қазақстанда қызметі мемлекетпен тең дәрежеде реттелетін, заңдастырылатын және қадағаланатын 14 зейнетақы қоры бар. Қазіргі уақытта біздің мемлекетімізде зейнетақы жүйесі бірнеше деңгеймен ұсынылған: ортақ жүйе, міндетті жинақтау жүйесі, ерікті зейнетақы жарналарына негізделген жинақтау жүйесі.

Әрбір студент кез келген адам сияқты ерте ме, кеш пе жұмыс істейді, сөйтіп зейнеткерлікке шығады. Жас журналистер, заңгерлер, экономистер, оқытушылар – әрқайсысы өзінің болашақ зейнетақысының жинақталатын бөлігін қалай жұмсайтынын анықтауы қажет. Бұл шешімге болашақ қаржы тікелей қатысты.

Жұмағазина Күмісжан Жұманбайқызы – зейнеткер. Ол – қырық жылдық еңбек өтілімен зейнетке шыққан ұлағатты ұстаз. Ол ай сайын Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақысын алып отырады және зейнетақы туралы жас кезден бастап ойлану қажеттігін айтады.

5. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Көлік сақтандыратын компания қалай аталады?
- ә. Қандай мүлікті сақтандыруға болады?
- б. Көлікті қалай сақтандыруға болады?
- в. Зейнетақы жүйесінің қандай деңгейлері ұсынылады?
- г. Қазақстанда қанша зейнетақы қоры бар?

6. Төмендегі деректердің қайсысы қай мәтіннің мазмұнымен сәйкес келеді?

- а. Арманның анасы сақтандыру компаниясында жұмыс істейді;
- ә. Қазіргі кезде мүлікті сақтандырудың әртүрлі бағдарламалары бар;
- б. Көлікті айдап кету немесе ұрлап кету де сақтандыру компаниялары тарапынан қорғалады;

- в. Сақтандыру компаниялары зиянның орнын толтыру операцияларын орындай алмайды;
- г. Мүлікті сақтандыру қазіргі кезде тез жетіліп келеді;
- ғ. Дербес сақтандырудың әртүрлі бағдарламалары бар;
- д. Пәтерлерді сақтандыруға болмайды;
- е. Автокөлік сақтандыру мәселесі дұрыс жолға қойылмаған;
- ж. Қазақстанда зейнетақы қоры өте аз;
- з. Адамдар зейнетақы қорына аударымдар жасауға міндетті емес;
- и. Зейнетақы жүйесінің бірнеше деңгейі бар. Әркім оны өз қалауынша таңдай алады.

7. Мәтін мазмұны бойынша күмәндану мағынасын беретін «шығар, мүмкін, солай ма» сияқты сөздер мен «тиіс, қажет, керек» сияқты сөздерді пайдалана отырып, жұп болып сұхбат құрыңыздар.

Үлгі-сұхбат:

- Сақтандыру компаниялары керек пе осы?
- Неге керек болмасын? Өте қажет, әсіресе бүгінгі қым-қуыт заманда ол өте қажет.
- Неге қым-қуыт заман?
- Сен жан-жағыңа қарамайсың ба? Айталық, көлік көп, сондықтан көше бойы кептеліс, әртүрлі жол апаттары, түрлі жол оқиғалары күнделікті болып тұратын жай емес пе?
- Иә, оған сақтандырудың қатысы қанша?
- Көлігіңді сақтандырсаң, болған зиянның орнын толтыруды компания өз мойнына алмай ма?
- Иә, солай екен-ау! Мүмкін олар көмек те көрсететін шығар?
- О не дегенің, олар зиянның келтірген шығынын да төлейді, көмек те көрсетуге тиіс.
- Онда бұл керемет қой! Автокөліктен басқа да нәрселерді сақтандыруға болатын шығар?
- Әрине, болады! Мысалы, үйіңді, үйдегі мүлкіңді, өзіңді.
- Оған да дәл сондай сақтандыру түрлері бар шығар?
- Әрине! Дәл сондай болуға тиіс, кей жағдайда одан артық болуы да мүмкін.
- Иә, өркениетті қоғамда солай болуы керек қой. Бұл өмір талабы, заман қажеттілігі ғой!

8. Оң жақтағы бағанмен сол жақтағы бағандағы сөздерді сәйкестендіріп, баламасын табыңыздар.

қым-қуыт заман	1		а	жол апаты
көше бойы кептеліс	2		ә	кінәсін мойындау
заман қажеттілігі	3		б	шығынды өтеу
жол оқиғалары	4		в	көліктің көптігі
мойнына алу	5		г	заман сұранысы
зиянның орнын толтыру	6		ғ	асығыс өмір

9. Жоғарыдағы үлгі-сұхбатты негізге ала отырып, өздеріңіз сол сұхбатта айтылған «үй, мүлік, көлік» өзге де заттар бойынша сұхбат құрыңыздар.

10. Мәтіндердегі авторлық көзқарас қалай? Сіз онымен келісесіз бе?


11. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін монологтың қай түрі? Сипаттау ма, суреттеу ме, ой қорыту ма? Өзіңіз дұрыс деп тапқан біреуіне тоқтап және оны дәлелденіз. Мәтіннің оң жағына сақтандыру компаниясы туралы негізгі деген ақпаратты жазып қойыңыздар.

Құрметті мырзалар!

«БТА Сақтандыру» Акционерлік қоғамы атынан қазіргі және болашақ тұтынушыларымызды әріптес болуларыңызбен құттықтаймын! Бүгінгі күні біз қол жеткізген жетістіктер аз емес: сақтандыру нарығында **төртінші орындамыз**, автосақтандыру нарығында көшбасшымыз. 125 000-нан астам жеке тұлға, Қазақстанның 13 500 кәсіпорны біздің тұтынушымыз болып табылады. Дүниежүзіндегі ірі қайта сақтандыру компанияларымен ұзақ мерзімді әріптестік қатынас орнаттық, **кәсіби мамандардан** құралған мықты тобымыз, **бәсекеге қабілетті** сақтандыру өнімдеріміз бар, сақтандыру қызметтерін республиканың 20 аймағында пайдалануға болады, ал ең басты жетістігіміз – **мінсіз беделіміз**.

Компанияның **стратегиялық міндеттері** – тұтынушыларға **қызмет көрсету** сапасына қойылатын талаптарды арттыру, **автосақтандыру бойынша қызмет ұсыну**, **мүлікті сақтандыру** саласында компанияны дамыту, сату желісін кеңейту. Тұтынушыларымыздың саны күннен-күнге артуда, бұл таңдап алған стратегиямыздың дұрыстығын, компанияға деген сенімнің артуын білдіреді.

Сіздердің таңдауларыңыздың арқасында компаниямыз сақтандыру қызметтері нарығында көшбасшы болды. Осы таңдау Сіздер үшін кездейсоқ емес, үнемі тиімді болады деп сенеміз.



12. Искери стильге үйренейік!

а. Төмендегі өтініш мәтінін оқыңыздар

«БТА Банк» сақтандыру
қорының президенті
С.А. Байбатыров мырзаға
Экономист
Т.Сағындыққызынан

Өтініш

Мені 2014 жылдың 15 наурызынан бастап экономист ретінде жұмысқа қабылдауыңызды сұраймын.

15.13.2014 ж.

қолы

ә. Үлгіні пайдалана отырып, «БТА банк» сақтандыру қорына мүше болуға өтініш жазыңыздар.



Тілдік анықтамалық. *Еске түсірейік! Адамның көңіл-күйін білдіретін сөздер: пай-пай, пәлі, шіркін, бәрекелді, әттең, әттеген-ай, қап, бәсе, керемет, шығар, мүмкін, солай ма.*

13. Суреттерге карап, адамның көңіл-күйін білдіретін сөздерді пайдалана отырып, сұхбат құрыңыздар.



14. Төмендегі шағын мәтінді оқып, оның мазмұны бойынша сұхбаттасыңыздар. Сұхбатта адамның көңіл-күйін білдіретін сөздерді пайдаланыңыздар.

Жақында Мұрат жол-көлік оқиғасына тап болды. Абырой болғанда, адамдар аман. Бірақ, Мұраттың көлігі қатты зақымданды. Оған дейін тежегіштері шиқылдап, көлігінің ақауы бар екені байқалып жүрген. Алайда, Мұрат оған мән бермеді. Сақтандару қажеттігі туралы да ойланбаған екен. Енді көлігін қалпына келтіруге қаражат таба алмай, қиналып қалды. Сақтандыру туралы ертерек ойланбағанына өкінді.


15. Ойнайық та, ойлайық!

а. Ойынның аты: «Кім тез?»

Ойынның мақсаты: Сөздердің синонимдерін айту арқылы студенттерді тез жауап таба білуге, сөйлеуге дағдыландыру

Ойынның жүрісі: Топ екі командаға бөлінеді. Көңіл-күйі жоқ адамға айтылатын жұбату сөздерін жазады. Ең көп жұбату сөздерін жазған команда жеңеді.

Қамықпа...



ә. Адамның қуанышына, бақытты сәттеріне қатысты айтылатын сөздерді үйден жазып келіңіздер.

16. Төмендегі суретте көрсетілген сақтандыру түрі бойынша эссе жазыңыздар. Эссенің басы берілді, өздеріңіз аяқтаңыздар.



Эссенің басы:

Қаржы адам өмірінде маңызды рөл атқарады, әрі ол – адамның өмір сүру стимулы. Отбасы, мемлекет, қоғам қаржының арқасында өсіп, өркендеп, гүлденеді, дамиды. Қай елде болмасын қаржы мәселелері жоғары орында тұрады. Ол – тынымсыз еңбектің жемісі. Оны үнемдеп жұмсау да – өнер.

Қаржыны сақтандыруға болады. Біздің елімізде кейбір сақтандыру компаниялары қаржыны сақтандыру бойынша адамдарға түрлі қызметтер көрсетеді.

.....

17. Мәтінді оқып, мәтін мазмұны бойынша жарнама құрастырыңыздар. Үлгі:



«Казкоммерц-Life» Акционерлік қоғамы өмірді сақтандыру бойынша сенімді қызмет көрсетеді. Қазақстанның 16 қаласында аймақтық бөлімдері бар.

2006 жылдың 28-желтоқсанында компания сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензияға ие болды.

«Казкоммерц-Life» әр тұтынушыға жеке көңіл аударады. Өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарады. Қызметтің ұйымдастырылуында қазіргі заман ұстанымдарын қолданады. Жаңа өнімдерді ұсынып, жаңа басқару әдістемелерін енгізеді. Қызметін үнемі жетілдіріп отырады және жоғары сапалы қызмет көрсетеді.

Сіздерге, мекеме басшыларына, «Казкоммерц-Life» өмірді сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамы сақтандырудың екі бағдарламасын ұсынады: өмірді мерзімді топтық сақтандыру және негізгі қызметкерлер өмірін аралас сақтандыру.

Егер сіз «Казкоммерц-Life» компаниясын таңдасаңыз, еш қателеспейсіз. Сіздің таңдауыңыз бәрінен маңызды.

18. Осы үлгіні негізге алып, төмендегі суреттерге қарап, жарнама мәтінін құрастырыңыздар.



.....

.....

.....

.....



19. Мәтінді тыңдап, мәтін бойынша тапсырмаларды орындаңыздар.

20. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыздар.

Жылдан жылға Қазақстанда мүлікті сақтандыру (1) сұраныс артып келеді. Қазіргі таңда Қазақстанда бәрін (2) болады: қалалық пәтеріңізді де, қала сыртындағы үйіңізді де, сонымен бірге үйде немесе пәтерде тұрғанның (3), қалауыңыз бойынша тіпті сүйікті теледидарыңызды да сақтандыруға болады. Кранды жабуды ұмытып, астыңғы қабаттағы (4) су жіберіп алдыңыз ба немесе сіздің пәтеріңіздің құлпын бұзып, сүйікті киіміңізді қағып кетті ме немесе жер сілкінісі болды ма?! Шартты бекіту кезінде мұндай (5) сақтануға келіссеңіз, сақтандыру компаниясы зиянды өтейді.

1. а) қызметі; ә) қызметінен; б) қызметін; в) қызметіне; г) қызметінің.

2. а) сақтандыру; ә) сақтандырмақ; б) сақтандырудың; в) сақтандыруға; г) сақтандырып.

3. а) барлығы; ә) барлығын; б) барлығына; в) барлығын да; г) барлығының.

4. а) көршіңізбен; ә) көршіңізге; б) көршіңіздің; в) көршіңізді; г) көршіңізден.

5. а) сәтсіздіктерді; ә) сәтсіздік; б) сәтсіздіктермен; в) сәтсіздіктердің; г) сәтсіздіктерден.

21. Тыңдаған мәтінге төмендегі жоспар бойынша рецензия жазыңыздар:

а) мәтіннің аты, ә) негізгі идеясы, б) қысқаша мазмұны, в) мәтінге сіздің беретін бағаңыз.



22. Сұхбаттас-серіктесіңізді құптап сөйлесіңіздер. Сөйлесу барысында өз күдігіңізді айтып отырыңыз.

1. – Қазіргі кезде ақшасы бар кез-келген адам өз өмірін жақсартуына мүмкіндігі бар.

.....
2. Зейнетақы туралы жас кезден бастап ойлану қажет.

.....
3. Сақтандыру компаниялары ұсынатын бағдарламалар көп.

.....
4. Өз өміріңіздегі алғашқы бизнесті бастайтын уақыт келеді.

.....

23. Жұп болып жұмыс жасаңыздар. Сенімді сақтандыру компаниясын таңдай алмай жүрген адамға кеңес беріңіз. Ол сіз берген кеңестің қайсысымен келісетінін, қайсысымен келіспейтінін айтып, өз көзқарасын білдірсін.

Төмендегі сілтемелерді, тірек сөздерді пайдаланыңыздар.

Сілтемелер:

1. Сенімді сақтандыру компаниясын таңдау өте қиын (*ең алдымен, ол үшін, сонымен қатар, сондай-ақ*)

2. Қазіргі кезде сенімді сақтандыру компаниясы жоқ (*өйткені, менің ойымша, себебі, алайда, қысқасы*)

Осыған сәйкес өз сұхбаттарыңызды ойлап жазыңыздар.

Сөйлемдердің бас жағын жазыңыз.	Тірек сөздер:
1.шолу жасаңыз.	интернет-сайттар, сақтандыру нарығы,
2.сұрастырыңыз.	достарыңыз бен таныстарыңыз,
3.оқыңыз.	сақтандыру терминдері, сақтандыру
4.ұмытпаңыз.	шарты, талаптары, сақтандыру өтемі,
5.біліңіз.	төлеу ерекшелігі, анықтау

24. Жоғарыда берілген үлгі-жауаптарға қарап, төмендегі жағдаяттар бойынша сұхбаттасыңыздар.

1. Сақтандыру түрлерін пайдаланбаса да болады.
2. Сақтықта қорлық жоқ.
3. Сақтандыру түрлерінің маңызы зор.
4. Сақтандыру компанияларына сену қиын.

25. Сұрақтарға назар аударыңыздар. Қойылған сұраққа адамның түрліше көңіл-күйін білдіру мақсатында жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестерін (*най-най, пәлі, о не дегенің, шіркін-ай*) пайдаланып, екеуара сұхбаттасыңыздар.

1. - «Зейнетақы қорларының пайдасы бар ма?»
-
2. - Сақтандыру компаниясына сенбеймін.
-
3. - Досжанның үйі өртеніпті, бірақ ешқандай көмек болмапты.
-
4. - Жылжымайтын мүлікті сақтандыру өте қажет.
-
5. – Мен өз өмірімді сақтандырдым.
-

26. Жағдаяттар бойынша сөйлесіңіздер.

1-жағдаят. Дамыған мемлекеттердің көпшілігі денсаулық сақтау саласында міндетті сақтандыру жүйесін қолданады. Қазақстанға міндетті медициналық сақтандыру қажет емес дейді досыңыз. Сіз бұл пікірмен келіспейсіз. Екеуара ой бөлісіңіздер.

2-жағдаят. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, медициналық сақтандырудың жақсы жақтары көп. Ал біздің қоғамда Қазақстан оған әлі дайын емес деген пікір бар. Сіздер бұл туралы не ойлайсыздар? Топ болып пікірталастырыңыздар.

27. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

а. Дамыған мемлекеттердің көпшілігі денсаулық сақтау саласында міндетті сақтандыру жүйесін қолданады. Қазақстанға міндетті медициналық сақтандыруды енгізу туралы заң жобасы да қызу талқыға түскен еді. Біреулер міндетті медициналық сақтандыру қажет десе, біреулер «Қазақстан әлі дайын емес» деген пікір білдірген. Алайда әлемдік тәжірибеге сүйенсек, міндетті медициналық сақтандырудың жақсы жақтары көп екеніне көз жеткізуге болады.

Міндет:

1. Медициналық сақтандырудың қажеттігін дәлелдейтін өз жобаңызды ұсыныңыз.

2. Еліміздегі медициналық сақтандыру жүйесін жолға қою үшін қай елдің медициналық сақтандыру жүйесін үлгіге алуға болады немесе сол елге жақындатуға болады және неліктен?

28. Қорытынды тапсырма.

а. Өтілген лексикалық және грамматикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Сақтандыру қорлары керек пе?» тақырыбында өтетін пікірталасқа сұрақтар жазып келіңіздер;

б. «Зейнетақы қорлары пайдалы ма?» тақырыбына шығарма жазу үшін жоспар дайындап келіңіздер.

Әлеуметтік құқықтар мен міндеттер

- а. Әлеуметтік құқықтың заңдық негіздері
- ә. Білім алу құқығы

1. Танымдық сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Құқық дегеніміз не?
- ә. Студент ретінде сіз өз құқығыңызды білесіз бе?
- б. Әлеуметтік құқыққа не жатады?
- в. Экономикалық құқық туралы не білесіздер?
- г. Мәдени құқықтарға тоқталыңыздар.

2. «Құқық қорғау», «құқығын асыра пайдалану», «құқықтық жауапкершілік», «құқықтық норматив», «құқықтық заңнама» тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіздер.



3. Мұрат пен Ерланның сұхбатын оқыңыздар. Сұхбатта көтерілген әлеуметтік мәселеге назар аударып, түсініп оқыңыздар.

Мұрат: Ерлан, халың қалай? Бүгін жұмысқа ерте келіпсің ғой!

Ерлан: Амансың ба?! Иә. Бүгін ерте келдім. Өйткені он бес минут кешіксем, автобуска кіруім қиындап кетеді.

Мұрат: Рас айтасың. Танертең жолаушы да, көлік те көп, жүру өте қиын.

Ерлан: Егер өз аяғымен жүре алатын сендер қиналсаңдар, маған не деуге болады?

Мұрат: Ерлан, осы сенің аяғыңа не болған? Қашаннан бері жүре алмайсың?

Ерлан: Мен үш жыл бұрын жол апатына ұшырағанмын. Бірінші жылы төсектен тұрғызбады, екінші жылы басымды көтердім, бірақ жүре алмай қалдым. Үнемі, үзбей емделіп келемін. Адам одан да шаршайды екен. Ақыры мүгедектер арбасына таңылдым. Отыра берейін бе, жұмысқа шықтым.

Мұрат: Жұмысқа шыққаның дұрыс болған. Отыра берсең, әрі жалығасың, әрі ойыңа әр нәрсе түсіп қамығасың. Ол – денсаулығына зиян. Қалай болды өзі?

Ерлан: Университетті бітіруге екі-ақ ай қалып еді. Әкем туған күніме автокөлік сыйлаған: «Биыл оқуыңды бітіресің, сосын жұмысқа тұрасың. Енді сенің өз көлігіңнің болғаны дұрыс. Үйрене бер. Қазір заман солай болды ғой. Оның үстіне көшеде көлік көп, барып қайтуың қиын. Қазір оқуыңнан, кейін жұмыстан кешігесің. Андасанда шешең екеуімізді де тасисың», – деп әзілдей күлді. Сөйтіп, машинаның қызығына түсіп жүрген күндердің бірінде достарыммен Медеуге бардық. Кеш қайттық. Көшеде машина аз екен, жарыстық. Аздап жаңбыр жауған еді. Бір кезде артымда келе жатқан машинаға жол босатқым келді ме қайдам, сәл бұрғаным сол еді, көлігім тайғанап барып, жол шетінде өсіп тұрған үлкен емен ағашына соғылды. Есімді аурухананың жан сақтау бөлімінде жинадым. Бар болғаны осы.

Мұрат: Иә, жазым аяқ астынан болады ғой! Мұндайда ешкімді де, еш нәрсені де кінәлай алмайсың.

Ерлан: Өзі де солай. Өзімнен басқа ешкім кінәлі емес. «Не жазығым бар еді?, – деп, кейде тағдырыма ренжіп қоятыным бар. «Бел омыртқаға зиян келген», – дейді.

Мұрат: Бәрінен де жұмысқа шығып кеткенің дұрыс болған екен.

Ерлан: Оған осы қонақ үйдің басшысы Мұхтар Оралұлы себепкер болды. Көктемде осы жерде өткен «ашық есік күніне» келгенмін. Сонда Мұхтар Оралұлы көріп қалып, сөзге тартып, аяғында жұмысқа шақырды.

Мұрат: Ой, Мұхтар Оралұлы – керемет адам. Адам жанын елдің бәрі сол кісідей түсінсе ғой! Мамандығың да қазіргі заманға сай, өте қажетті мамандық екен. «Қонақ үй сервисі менеджері» деген осы заман сұранысы талап еткен мамандық қой!

Ерлан: Иә, оған да шүкір! Мұхтар Оралұлы адамның іскерлік қабілеті мен өз жұмысын білуі мәселесіне қатты мән береді екен. Мен бұған дейін көп жерлерге жұмыс іздеп бардым ғой! Есігінен де қаратпайды. Тіпті тиісті жәрдемақыны алудың өзі қандай қиын. Біздің адамдар Заңның өзіне құлақ асқысы келмейді.

Мұрат: Ол рас. Мұхтар Оралұлының өткен жиналыстағы сөзі есінде ме?

Ерлан: Мен өткен жиналысқа қатыса алмадым.

Мұрат: Ол кісі: «Жұмыс беруші әлеуметтік жәрдемақыны еңбекке жарамсыздықтың бірінші күнінен бастап ол жұмысқа шыққанша, не мүгедектігі анықталғанша орташа айлық жалақысының 100 пайызы мөлшерінде төлеуі тиіс. Кәсіпорын зардап шеккен қызметкердің денсаулығы жойылуынан жоғалтқан жалақысының орнын толтырумен қатар, оның алған жарақатына байланысты шығарған қосымша шығындарын қоса төлеуі тиіс. Әлеуметтік жәрдемақы төлеу жөніндегі міндеттерін орындамағаны, не ойдағыдай орындамағаны үшін жұмыс беруші заңда белгіленген тәртіп бойынша жауап береді», – дей келіп, ол кісі: «Мүгедектер сау адамдарға қарағанда әлдеқайда қабілетті және өз жұмысына өте жауапты болып келеді», – деді. Демек, ол кісінің сен туралы пікірі жоғары.

Ерлан: Оны өзім де сеземін. Мұхтар Оралұлы сияқты адамдар көп болса ғой.

Мұрат: Көрдің бе, сен жасыма! Өмірде Мұхтар Оралұлы сияқты адамдар көп, оған қоса өзіңнің қабілетің де ешкімнен кем емес.

Ерлан: Рахмет, Мұрат! Көңілімді біраз көтеріп тастадың.

4. Сұхбатты монологқа айналдырып, Мұраттың атынан айтып беріңіздер.

Мысалы, Мұраттың монологы:

Біздің қонақ үйге менеджер болып Ерлан деген жігіт жұмысқа орналасты. Ол – мүгедек екен. Бірақ өте қабілетті, пысық, іскер жігіт. Қонақ үй басшысына ұнайды. Бұған дейін көп жерге барыпты, бірақ жұмысқа орналаса алмапты. Бізде мүгедектердің әлеуметтік құқығын қорғауға арналған Заң болғанымен, оның орындалуы қиын ғой.

Сіздер өз монологтарыңызды құрыңыздар. Содан кейін Ерланның атынан айтып көріңіздер.

5. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын оқытушы көмегімен түсініп алыңыздар. Оларды қатыстырып, сөйлем құрап жазыңыздар.

Сөз тіркестері	Мағынасы
арбаға таңылу	
ес жинау	
жазықты болу	
әлеуметтік жәрдемақы	
адам жанын түсіну	
заман сұранысы талап ету	
сөзге тарту	
көңіл көтеру	
зардап шегу	
тағдырға ренжу	
жазым болу	
шыққан шығын	
орнын толтыру	

Үлгі сөйлемдер:

а. Қазір жастар заман сұранысы талап еткен мамандықтарды игергісі келеді.

ә. Адамның көңілін көтеру – жүрегі жылы, жаны таза адамның ісі.

6. Оқылым мәтіні негізінде өз пікірлеріңіз бен көзқарастарыңызға сүйеніп, шығарма жазыңыздар. Шығарманы жазу үшін төмендегі жоспарды басшылыққа алыңыздар:

- а. Ерлан және оның тағдыры;
- ә. Мұхтар Оралұлы сияқты адамдардың сирек кездесуі және қазіргі заман;
- б. Адам құқығы қорғалмауы жағдайларының жиі кездесуі;
- в. Әлеуметтік теңсіздіктің адам санасын бұзуы.

7. Искери стильге үйренейік!

а. Төмендегі өтінішті оқыңыздар. Стильдік және грамматикалық қателерді тауып, түзетіңіз.

Әлеуметтік құқық қорғау
Департаментінің бастығы
Ж.Б.Исин мырзаға

Алматы қаласы Әуезов
көшесі 37 үй,
18- пәтердің тұрғыны
Е.Сәрсенұлынан

Өтініш

Мен, Едіге Сарсенұлы, III-топтағы мүгедекпін. Жұмыс іздегеніме бір жыл болды. Әр түрлі мекемелердің табалдырығын тоздырып, көптеген жұмыс орындарының есігін қақтым. Алайда мекеме басшылары: «дәл қазір бос орын жоқ, болған жағдайда өзіміз хабарласамыз» деп шығарып салады. Бірақ ешқандай хабар жоқ. Отбасылымын. Екі балам бар. Маған жұмыс табуға жәрдемдесуіңізді сұраймын, менің жағдайымды ескеріп. Мамандығым-бағдарламашы.

05.04.2014

КОЛЫ


ә. Өтініш мазмұнындағы кемшіліктерді көрсетіп, қалай толықтыруға болатынын айтыңыз.

8. «Мүгедектігіне, асыраушысын жоғалтқан жағдайда және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Заң жөнінде не білесіздер? Осы туралы мәліметтер жинап, айтып беріңіздер.



Тілдік анықтамалық. Еске түсірейік! Тілімізде құптау, келісу мағынасындағы айтылыстар бар: иә, рас айтасыз, дұрыс айтасыз, о не дегеніңіз тағы басқа сөздер.

9. Төмендегі жағдаяттарды оқып, келісу, құптау мағынасындағы сөздерге назар аударыңыздар.



10. Берілген жағдаяттарға қарап, алдыңғы тапсырмадағы сұхбатқа ұқсас сұхбат құрыңыздар:

1. Мүгедек адамдар өте қабілетті болады.
2. Адамның көңілін көтере білу – өте жақсы қасиет.
3. Сақтандыру – қазір өте қарқынды дамып келе жатқан сала.

11. Берілген сөйлемдердегі жақшаның ішіндегі сөздерге тиісті жалғауларды жалғап, жақшадан шығарып жазыңыздар.

1. Ол мүгедектер (арбасы) ерте таңылды. 2. (Еңбек) жарамсыз болып қалды. 3. Ол (денсаулық) түзету үшін көп емделді. 4. Мүгедек адамдар сау (адамдар) қарағанда (жұмыс) ынталы болады. 5. Ол жұмысқа (арба) келеді.



Тілдік анықтамалық. *Іс-әрекетпен қатар келіп, оның мезгілін, мекенін, сын-бейнесін, мақсатын, себебін білдіретін сөздер: бүгін, ертең, кеше, енді, ілгері, кейін, амалсыздан, бекер, қасақана, әдейі, тез, жылдам, ақырын.*

12. Мына сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, «Менің әлеуметтік құқығым» тақырыбына 20-25 сөйлемнен тұратын эссе жазыңыздар.

Қажетті сөздер мен сөз тіркестері: білім, қызмет, денсаулық, сақтау, бостандық, шұғылдану, мамандық, сала, қаражат, сақтандыру, материалдық әл-ауқат, еңбек ету.



13. Мәтінді мұқият тыңдап, төмендегі сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыздар.

Күйікке шыдамау, дәм-тұзы жарасу, ес жию, мойнына міну, айрандай ұю, қол жұмсау, көзі түсу, соққыға жығу, ауызға алмау.

14. Мәтіннен бірнеше сөйлемдер беріледі. Сөйлемдердегі кейбір сөздер түсіріліп оқылады. Сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтырыңыздар.

- а. Қыстың ... үйдің ішін азынатып жіберген, ... жоқ.
- ә. Көршілеріне кіріп, баласын
- б. Ұлының ... жатқанын естіген әке асыға басып, ауруханаға келді.
- в. Ұлын құшағына алып, ... , «енді ешқашан арақты аузыма алмаймын» деп уәде берді, әкелген ... көрсетті.


15. Мәтін бойынша әке мен баланың іс-әрекеттерін негізге ала отырып, оларға сипаттама беріңіздер.

Бала	Әке
мейірімді	қатыгез

16. Мәтін мазмұнын 5 сөйлеммен жазып беріңіздер.



17. Тыңдалым мәтіні бойынша сұхбаттасыңыздар.



18. Төмендегі жағдаяттар бойынша өздеріңіз сұхбат жасап жазыңыздар.

1. Заман дертіне ұшыраған әке.
2. Дұрыс тәрбие алмаған бала.
3. Өз енжарлығының жазасын тартқан әке.

19. Берілген мәтінмен танысыңыздар. Мәтін не туралы? Мәтіннің мазмұнын оң жағындағы тіркестерге сүйеніп мазмұндап беріңіз.

Егемендіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарға қарамастан, Конституцияда азаматтардың міндетті тегін орта білім алу құқығы бекітілді. Бұған сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуға құқықтары бар.

Мектепке дейінгі тәрбие бір жастан алты/жеті/ жасқа дейін балабақшада жүзеге асырылады. Орта білім үздіксіз білім беру жүйесіндегі негізгі деңгей болып табылады. Жалпы орта білім үш сатылы: бастауыш /1-4 сыныптар/, негізгі /5-9 сыныптар/ және жоғары /10-11 сыныптар/. Жалпы орта білім беретін оқу орнында оқыту ісі кезең-кезеңмен жүргізіледі. Кәсіптік орта білім колледждерде, лицейлерде беріледі.

Азаматтың конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Кәсіптік жоғары білімді орта білімі бар азаматтар алады. Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарының мынадай түрлері белгіленген: университет, академия, институт.

Жоғары оқу орындарында оқу жылы қыркүйек айында басталып, маусым айында аяқталады. Оқу бағдарламаларының алғашқы сатысы – бакалавриат. Білім алу мерзімінің ұзақтығы – 4 жыл. Бұл кезеңнен кейін, түлектер аяқталмаған жоғары білімді «бакалавр» дәрежесін иемденеді. Бұдан кейінгі оқу бағдарламасы

– магистратура. Оқу ұзақтығы – 2 жыл. Оқу сәтті аяқталғаннан кейін, түлектерге «магистр» дәрежесі беріледі. Ал кейін кәсіби білімі және магистрлік дипломы бар азаматтар докторантураға түсе алады.

1. Орта білім алу
2. Үздіксіз білім беру жүйесі
3. Конкурстық негізде
4. Жоғары оқу орындары
5. Орта білім алу мерзімінің ұзақтығы
6. Оқуды сәтті аяқтау
7. Жеделдетілген оқыту

Кәсіптік жоғары білімі бар азаматтар ақылы негізде жеделде-тілген оқыту мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша екінші кәсіптік жоғары білім алуы мүмкін.

20. Оқу – білім – тәрбие – білім беру сөздерінің анықтамаларын оқыңыздар. Оң жағынан сол жағындағы сөздерге сәйкес келетін анықтаманы табыңыздар.

1. Оқу	Жеке тұлғаны қалыптастырудың мақсатты жүйелі үрдісі
2. Білім	Білімді, дағдыны, машықты меңгеру және оны беру үрдісі
3. Тәрбие	Жеке тұлғаны тану мен дамыту нәтижесінде оған білім, дағдыны жүйелі түрде беріп отыру
4. Білім беру	Қандай да бір білім мен дағдыны алу үрдісі

21. Жұп болып жұмыс істеңіздер.

Қазіргі кезде білім беру қызметтерін ұсыну нарығында жастардың шетелде жоғары білім алуға немесе магистратурада оқуға құқығы бар. Серіктесіңізден шетелде білім алудың қандай маңыздылығы бар екенін сұрап біліңіз.

Үлгі:

А. Осы күні жастар шетелде білім алуға неге құштар?
Ә. Шетелдегі білім сапалы ма?
Б. Шетелде білім беру қалай ұйымдастырылған?

1. Оқу орны
2. Оқыту сапасы
3. Оқытудың құны
4. Қауіпсіздік
5. Жұмыс табу мүмкіндігі

Осы сұрақтарға мүмкін болатын жауаптарды беріңіздер.

22. Серіктесіңіздің әңгімесіне бірде қолдау көрсетіп, бірде қарсы шыға отырып сұхбаттасыңыздар.

Үлгі:

- Шетелде білім беру ісі жақсы жолға қойылған.
- А, солай ма? Бәсе, неге бәрі шетелден оқуға құштар десем ...

1. – Шетелде оқу қымбат көрінеді ғой.

.....

2. – Мен жастардың алысқа барып оқығанын қаламаймын.

.....

3. – Қазір елімізде сапалы білім беретін оқу орындары көп.

.....

23. Сұхбаттың бірінші сөйлемінің мазмұнына қарап, екінші сөйлемін жазыңыздар. «О, не дегенің» құрылымын пайдаланыңыздар. Сөйлемдердің басы берілді, әрі қарай жалғастырыңыздар.

– Біздің елде заң әділетті ғой!

– О, не дегенің?! Әрине!

2. – Қазіргі таңда еліміздің кез келген азаматы заңның аясында еркін қызмет ете алады.

– О, не дегенің?! Бұл жасырын мәселе емес қой!

3. – Азаматтар өз ой-пікірін, ұсыныстарын білдіруге құқылы, сөз бостандығына кепілдік берілген.

– О, не дегенің?! Ол ешкімге жаңалық емес қой!

4. – Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, халықтың денсаулығы мен имандылық үрдістері заңмен қорғалады.

– О, не дегенің?! Мұны бәрі білетін шығар?.....

5. – Азаматтардың әлеуметтік тегіне, ұлтына, діни сеніміне қарай кемсітуге жол берілмейді.

– О, не дегенің?! Бұл белгілі жай ғой!.....

24. Жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Сіз басшысыз, халықтың әл-ауқатын арттыру және еңбегін ынталандыру мақсатында жүргізетін іс-шараларыңызбен таныстырып, тілшіге сұхбат беріңіз. Оған қандай әлеуметтік мәселелерді қарастыруды жоспарлап жүргеніңізді айтыңыз. Ол да өз ойын ай-

тып, сіздің жоспарларыңызға қызығушылық танытсын. Сұхбатты тілші бастайды.

Сұхбаттың басы берілді, ары қарай жалғастырыңыздар.

Тілші: Өңірге келген жаңа басшы ретінде сізді қандай мәселелер толғандырады, өз жұмысыңызды неден бастамақсыз?

Басшы: Аймақта ауыз су мәселесі шешімін таба қоймаған екен. Жұмысты ауыз су тапшылығын шешуден бастамақпын.

25. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Азаматтардың әлеуметтік тегіне, ұлтына, діни сеніміне қарай кемсітуге, өзара жауластыруға немесе қайсы бірінің артықшылығын насихаттауға, үгіттеуге сөз бостандығы жол бермейді. Сөз бостандығы азаматтарға ерекше міндет пен жауапкершілік жүктеумен қатар заңмен үйлестірілген белгілі шектеулерді де алға тартады. «Сөз бостандығы елімізде жоқ, ойды ашық айтуға тыйым салынған, сөз бостандығына кепілдік берілмеген» дейтін азаматтар да қоғамымызда кездесіп жатады.

Тапсырма:

1. Елімізде өзгенің құқығын, атақ-абыройын, бет-беделін құрметтеу, елдің қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, халықтың денсаулығы мен имандылық үрдістерін қорғау қалай жүзеге асып жатыр? Мысалдар келтіріп, ойыңызды жазып беріңіз.

2. Әр адам өз ой-пікірін, ұсыныстарын білдіруге құқылы ма?

Міндет:

3. Еліміздің Ата Заңы бойынша сөз бостандығына кепілдік берілгенін өзге мемлекеттермен салыстыра отырып, дәлелденің.

26. «Денсаулық сақтау, медициналық көмек алу құқығы» тақырыбы бойынша екі топқа бөлініп, пікірсайыс өткізіңіздер.

1-топ «Біздің елде адамныңқұқығы әрқашан да қорғалады»

2-топ «Біздің елде адамныңқұқығының қорғалмай жатқан жайлары да кездесіп қалады».

27. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. Әлеуметтік құқық және міндеттер туралы не білгіңіз келетінін жазып келіңіздер;

б. «Экономикалық және мәдени құқықтар» тақырыбына баяндама әзірлеңіздер.

Жарнама және бәсеке

- а. Жарнама – ақпараттың бір түрі
- ә. Жарнама сауаттылығы
- б. Қазақша жарнаманың қазіргі сипаты

1. Танымдық сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Жарнама не үшін қажет?
- ә. Жарнаманың қызметі қандай?
- б. Жарнаманың қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді?
- в. Жарнаманың қандай түрлерін білесіздер?
- г. Жарнаманы қалай тарату тиімді? Неге?

2. «Жарнама не үшін қажет» деген сұраққа жауап беріңіздер. Ол үшін кестедегі «дұрыс», «бұрыс» бағандарына берілген сөйлемдердің мазмұнына қарай «д», не «б» әріптерінің бірін қойып белгілеңіздер.

Не үшін қажет?	Дұрыс	Бұрыс
Жұмыспен қамтамасыз ету үшін		
Қызық үшін		
Тауардың өтімділігін арттыру үшін		
Демалу үшін		Б
Коммерциялық мақсат үшін		
Адамның көңіл-күйін көтеру үшін		
Жұртшылықты белгілі бір өніммен таныстыру үшін		
Жаңа тауар түрін таныстыру үшін		
Тұтынушыларды алдау үшін		
Ақпарат беру үшін		
Сұранысты жоғарылату үшін	Д	
Халықты құлағдар ету үшін		
Тілдің қолданыс аясын кеңейту үшін		
Жаңа кәсіпорынды жарнамалау үшін		

3. Жарнама қандай болуы керек? Толықтырыңыздар.



4. Мәтінді мұқият оқып шығып, мәтін бойынша тапсырмаларды орындаңыздар.

Жарнама тарихы

Жарнама, реклама (франц. *geslame*, лат. *geslato* – жар саламын) – тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармашылығы туралы хабар таратып, оларды әйгілеу. Жарнама көпшілік ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылатын адамдар арасындағы қатынастың ақылы түрі болып табылады.

Кез келген жарнама хабарламалық, болмаса назар аударушылық сипатымен ерекшеленеді.

Жарнаманың түрлері көп: сату орнындағы жарнама, институционалдық (жақсы пікір қалыптастыру мақсатында) жарнама, хабарламалық жарнама, сауда және көлік жүйесіндегі жарнама, көше жарнамасы (плакат, афиша), ауызша жарнама, баспалық жарнама тағы басқалары.

Жарнаманың қарапайым түрлері біздің заманымыздан бұрын пайда болды. Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римде жарнамаларын, хабарландыруларын ағаш тақтайларға жазып, халық көп жиналатын алаңдарда айғайлап, жар салатын болған. Баспаға басылған жарнамалар Англия мен Францияда XVII ғасырда пайда болған. Жарнама қазақ халқына да ежелден белгілі. Оның ауызша үлгілері фольклорлық әдебиетте «жарлық шашу», «жар салу» ұғымдарымен берілген.

Жарнама үлгілері «Қобыланды батыр», «Оғызнама» жырларында да кездеседі. XIX ғасырдың аяғында шығып тұрған «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» газеттерінде де жарнамалар кездеседі. Ол кезде де саяси-экономикалық мәселелерді, оқу-ағарту, әдебиет және өнер-білім мәселелерін жарнамалаған.

XX ғасырда жарнаманың мақсаты мен мазмұны кеңейіп, икемділігі артты. Жарнама тілінің ішкі құрылымы сараланды. Нарықтық экономиканың қанат жаюына орай Қазақстанда жарнамалық қызмет түрлері сан алуан болып дамуда. Жарнаманың стратегиясымен айналысатын жарнамалық компаниялар пайда болды. Жарнамалық қызмет жанданған сайын бәсеке де қыза түсті.

5. Мәтін бойынша дұрыс жауапты таңдаңыздар.

а. XIX ғасыр аяғында жарнамалар қай газетте берілді?

Ана тілі	Егемен Қазақстан	Түркістан уалаяты	Заман Қазақстан	Алматы ақшамы
----------	------------------	-------------------	-----------------	---------------

ә. Жарнама қатысымның қандай түрі?

қымбат	тегін	ақылы	мол	мақсатты
--------	-------	-------	-----	----------

б. Жарнамаларын ағаш тақтайларға жазған қай елдер?

Албания, Бельгия	Ежелгі Қытай мен Үндістан	Америка мен Австралия	Ежелгі Африка мен Ежелгі Монғолия	Ежелгі Грекия, Ежелгі Рим
------------------	---------------------------	-----------------------	-----------------------------------	---------------------------

в. Жарнама үлгілері қай жырларда кездеседі?

«Қобыланды батыр», «Оғызнама»	«Алпамыс батыр», «Құтты білік»	«Күлтегін», «Тоныкөк»	«Білге қаған», «Ер Тарғын»	«Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Құлагер».
----------------------------------	-----------------------------------	--------------------------	-------------------------------	--

г. Баспаға басылған жарнамалар Англия мен Францияда қай ғасырда пайда болған?

XVIII ғ.	XX ғ.	XV ғ.	XVII ғ.	XVI ғ.
----------	-------	-------	---------	--------

6. «Жарлық шашу, жар салу, нарықтың қанат жаюы, жарнаманың жандануы, бәсекенің қызуы» сияқты тіркестерді қалай түсінесіздер? Берілген тіркестермен сөйлемдер құраңыздар.

7. Мәтіннен жарнамаға қатысты сізге таныс, белгілі мәселелерді бөліп көрсетіңіз.

8. Осы мәтіндегі сіз үшін бейтаныс, жаңа ақпаратты бөліп көрсетіп, оны түсіндіріңіз.

9. Төмендегі жарнамаларға назар аударыңыздар. Жарнаманың қай түріне жататынын және несімен ерекшеленетінін жазыңыздар.

а.

.....



Г.



Ғ.



10. Искери стильге үйренейік!

Алматы қаласы Тілдерді дамыту департаментіне жазылған өтініш хатты оқыңыздар. Мұнда айтылмай қалған мәселелерді қосып, өтініш хаттың мазмұнын кеңейтіп жазыңыздар.

Үлгі:

Алматы қаласы
Тілдерді дамыту
Департаментінің бастығы
Ж.Е.Мұратұлына

Алматы қаласы көшелеріндегі жарнамалар туралы ӨТІНІШ ХАТ

Құрметті Жайлау Ерболатұлы!

Алматы қаласы – еліміздегі ең үлкен шаһар. Қала халқының саны жағынан да, қалаға келушілер саны жағынан да Алматы қаласы алдыңғы орынды иеленеді. Соған қарамастан көшедегі жарнамалардағы қателерден көз тұнады. Өзге тілден аударылған сөйлемдердің баламалары мемлекеттік тілге мүлдем сай келмейді. «Тіл туралы» заң бойынша жарнамаларда, басқа да көрнекі ақпараттарда мәтін әуелі мемлекеттік тілде, содан соң ресми тілде жазылуы тиіс. Алайда көптеген қоғамдық орындарда бұл ереже сақталмаған. Сізден Мемлекеттік тілге салғырт әрі немқұрайды қарайтындарға алдағы уақытта әкімшілік жаза қолдануды ұйымдастыруыңызды өтінеміз.

Алматы қаласы тұрғындарының
атынан:

Б.Б. Садықов



Тілдік анықтамалық. Тілімізде ұнатпау, ашыну мағынасын беретін сөздер бар: *сұмдық-ай, ұят болған екен, неткен сорақылық, келеңсіз жағдай екен – тағы басқа сөздер.*

11. Сұхбатты оқыңыздар. Ұнатпау, ашыну мағынасындағы сөздердің сөйлемдерде берілу жолдарына назар аударыңыздар.

– Кеше көшеден бір жарнама оқып, қатты ренжідім. Мазмұны да түсініксіз, орфографиялық қателер де көп. Жұрттың бәрі көреді, оқиды, ұят емес пе?

– Шынында да, ұят екен! Қазір қате жарнамалар өте көп. Бұған неге жол береді екен? Түсініксіз!

– Жарнама берушілердің өздері де, оны орындаушылар да біліп, көріп отыр ғой! Осы мәселе неге шешімін таппайды екен?

– Ой, айтпаңыз! Мұны не деуге болатынын да білмеймін. Барып тұрған сорақылық қой!

– Иә, дұрыс айтасың! Бұл бір шешімін таппаған келеңсіз жағдай болды ғой! Қазір жарнама агенттіктеріне жастар келіп жатыр, мүмкін бәрі түзеліп, қалыпқа келер.

– Әрине, солай болуға тиіс қой!

12. Берілген ұнатпау, ашыну мағынасындағы сөздерге тиісті қосымшаларды жалғап, өз орындарына қойып жазыңыздар.

Қажетті сөздер: *ренжу, ашулану, ыңғайсыздану, ұялу, ұнатпау, қысылу, ызалану, намыстану.*

а. Анасына қарсы сөйлеген қызды көріп қалдым. ә. Бастық орынсыз мінез көрсеткен қызметкеріне б. Кешігіп келгені үшін қатты в. Әкесі Мұратқа өзін тыңдамағаны үшін қарады. г. Ата-анасының көзінше сөз естігеніне қалды. ғ. Тапсырылған жұмысты дұрыс орындамағаны үшін д. Қыздың өзіме тесі-рейе қарағанын е. Жасы үлкен адамдар отырған жерге бас сұғу болды.

13. Шашылған сөздер мен сөз тіркестерінен жарнама мәтінін құрастырыңыздар. Жарнаманың қай түрі екенін айтыңыздар.

әдебиетін, аптасына бес рет, әдет-ғұрпын жетік білуге арналған, бағалы жүлде, шығады, викториналық, тыңдармандардың, «Мен – қазақпын» радиохабары, салт-дәстүрін, тікелей эфирге, сыйлықтар беріледі, ойын хабары, тарихын, жеңімпаздарға, радиотаралым, қазақ тілі.

денсаулық кепілі, спортпен шұғылдансаңыз, жабығу мен күйзелісті, денеңізді сергітіп, салауатты өмір салтын, таза ауада, көтеріңкі көңіл-күй, күніне бір сағат, өзіңізге, артық салмақтан арыласыз, ұмытасыз, спорт, сыйлайсыз, ұстаныңыз.

14. Тірек сөздерді пайдаланып, «Жарнаманың адам санасына әсері» тақырыбына эссе жазыңыздар.

Тірек сөздер: *кері, ақпарат, жарнамалау, тартымды, тауар өтімділігі, тұтынушы, құлағдар ету, фильм, адам санасы, әсері, мазмұны, теледидар, көрермен.*



15. Сіздер үш жарнама тыңдайсыздар. Берілген сегіз жауаптан, төрт дұрыс жауапты көрсетіңіздер.

а. Қазақтың қандай әдет-ғұрыптық, салт-дәстүрлік наным-сенімі аңғарылады?

Халықтың мерекені ансауы	Қыстан шығу арманы	Көктемді сағыну	Малдың төлдеуі	Ақтың молаюы
Шаруалардың мойнының босауы	Қысқы қиындықтың салдары	Көрген ауыртпашылық	Шеккен азап	Наурызға деген құрмет

ә. Жарнаманың мәні неде деп ойлайсыздар?

Шайды сату	«Аламан» шайын өткізу	«Аламан» шайын насихаттау	Шай ішуге шақыру	Шайдың пайдалы екендігін насихаттау
Шайды дәріптеу	«Аламан» шайына қызықтыру	Шайдың көптігін көрсету	Қазақтың шайқұмарлығын көрсету	Шай – қазақ дастарханының негізі

б. Жарнамаға сәйкес келетін 4 дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Темекі шегу шынында да денсаулыққа зиян	Темекі жүйкені тыныштандырады	Темекі – ата-бабамыздан қалған мұра емес	Темекі – алданыш	Темекі шегу-ластық
Салт-дәстүрді сақтау – өз ұлтына адалдықтың белгісі	Таза ауа, тұнық су – денсаулық кепілі екендігін ата-бабамыз ерте аңғарған	Темекі шегу – жан рахаты	Темекі – ермек	Темекі - құмарлық

16. Бос орындарға қажетті сөз тіркестерін қойыңыздар.

«Жағымсыз иістер ме? Егер сізде «Глэйд» _____ болса, жағымсыз иістерді кетіру оңай! Кәдімгі ауа тазартқыштар жағымсыз иістерді тек _____, ал «Глэйд» ауа тазартқышы _____ күреседі. Жаман иістер «Глэйдтен» кейін _____! Жағымсыз иістерді жасырмаңыз. _____ бәрі де таза ауамен дем алады!

17. Өзіңізге ұнаған жарнама мәтінін жатқа айтып беріңіз.

18. «Жарнама мен бәсеке» қоғамды алға жылжытушы күш» тақырыбына эссе жазыңыздар.



19. Сипаттау түріндегі айтылыстарды бір сөзбен (заттың сынын, сапасын білдіретін сөзбен) алмастырыңыздар.

<p>Бұл – адамға пайдалы, маңызды ақпарат беретін жарнама.</p> <p>Бұл – көрермендерді сергітіп, көңілдендіріп, демалуларына мүмкіндік туғызатын жарнама.</p> <p>Бұл – үміткерлердің жұмыс табуларына көмектесетін жарнама.</p> <p>Бұл – танымдық білім беретін жарнама.</p>	<table><tr><td>1.</td><td>.....</td></tr><tr><td>2.</td><td>.....</td></tr><tr><td>3.</td><td>.....</td></tr><tr><td>4.</td><td>.....</td></tr></table>	1.	2.	3.	4.
1.								
2.								
3.								
4.								

20. Төменде әлеуметтанушылардың қоғамдық ортада жүргізген сауалнамасы негізінде құрастырылған теледидар жарнамалары туралы жағымсыз тұжырымдарды оқып шығыңыздар. Осы пікірлерге қарсы шығып, жарнама туралы жағымды пікір қалыптастырып көріңіздер. Оң жақта берілген айтылыстарды пайдаланыңыздар.

Теледидардағы жарнамалар туралы

1. Жарнамалардың көп болуы – адамдарға жасалған озбырлық;

2. Жарнаманың көп болғаны соншалық – фильмдерді көру мүмкін емес;

3. Фильмнің ең қызықты сәтін жарнаманың бөліп жібергені ашуыңды келтіреді;

4. Жарнамалардың көпшілігі жалған болып келеді;

5. «Сыра», «темекі» жарнамаларын көрсетуге тыйым салу керек;

6. Жарнаманың көп болуы жүйкеге кері әсер етеді;

7. Жарнамалар балаларға кері әсерін тигізеді;

8. Жарнамалар сын көтермейді;

9. Жарнамалардың кейбірі жалықтырып жібереді.

- Жоқ, мұнымен келіспеймін!
- Мұның бәрі жалған!
- Жарнамалар адамға қажет!
- Жарнама адам өмірін нұрландырады!
- Жарнаманың бәрі жағымсыз емес қой!
- Жоқ, мен олай ойламаймын!
- Жоқ, бұл қате пікір!

мағынасыздығы
қайталаулар
бос сөз
уақыт алатыны
жүйкеге әсер ететіні
НЕ?

21. Жоғарыдағы теледидар жарнамасына берілген кері пікірлердің ішінен қайсысымен келісесіздер? Сызбадағы сөз тіркестерін пайдаланып, көрермендерге ұнамайтын не нәрсе екенін айтыңыздар.

22. Жарнама сауаттылығына қатысты екеуара сұхбаттасыңыздар. Төмендегі айтылыстарды және үлгіні пайдаланыңыздар.

Иә, әрине, дұрыс айтасыз, не деген масқара, сұмдық-ай, ұят болған екен, түкке қажеті жоқ, атай көрмеңіз, неткен сорақылық, келеңсіз жағдай.

Үлгі:

– Қарашы, жарнамалар қазақ тіліне сауатсыз аударылған.

– Сұмдық-ай, ұят болған екен!

1. – Теледидардағы жарнама тілі көбінесе кәсібилігі жағынан да, сауаттылығы жағынан да ақсап жатады!

.....

2. – Жарнама тілінде қазақ тіліне қате аударылған түсініксіз сөздер өте көп кездеседі!

.....

3. – Сауатсыз аударылған, тілі шорқақ жарнамалар оның сапасын төмендетеді емес пе?!

.....

4. – Сөздердің дұрыс айтылуына мән берілмейді!

.....

5. – Бір сөз бірнеше рет қайталанып қана қоймай, әр жерде әр түрлі аударылған!

.....

6. – Сөзбе-сөз аударала салған, ешқандай мағына жоқ!

.....

23. Жағдаяттар бойынша жарнама құрастырыңыздар.

1-жағдаят. Өзіңіз оқитын оқу орны мен мамандығыңызды мектеп бітіруші түлектерге қалай жарнамалар едіңіз? Жарнама мәтінін құрастырыңыз;



.....

.....

.....

.....

.....

2-жағдаят. «Рахат» Акционерлік қоғамы туралы ақпарат беріп, кондитерлік фабриканың өнімдерін шетелдік қонақтарға, көрермендерге жарнамалаңыз.



3-жағдаят. Сіз – жарнама менеджерісіз. «Баян сұлу» Акционерлік қоғамының төрағасынан жаңа өнімді жарнамалау туралы тапсырыс алдыңыз, жарнама құрастырыңыз.



4-жағдаят. «Қарағанды кәмпиттері» Акционерлік қоғамының жаңа өнімдері туралы жарнама құрастырыңыз. Сіздің мақсатыңыз - бәсекелестеріңізден басым түсу.



24. Екі топқа бөлініп, «Жарнаманың адам санасына әсері» деген тақырыпта пікірсайыс әзірлеңіздер.

- 1-топ. «Жарнама адам санасына оң әсер етеді»
 2-топ. «Жарнама адам санасына кері әсер етеді»

25. Сұхбаттасыңыздар. Сұхбаттың бірінші сөйлемі беріледі, екіншісін өздеріңіз айтыңыздар. Сұхбаттасу барысында жарнаманың қажеттігін айтып, оны құптау, қолдау мақсатындағы сөздерді пайдаланыңыздар.

Үлгі:

1. – Жарнама адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды ғой!
 – Иә, о не дегенің!
2. Жарнаманың мақсаты өнім көлемін ұлғайту емес пе? Оның несі жаман?
 – Рас-ау!
3. Кез келген жарнаманың хабарламалық сипаты бар, ал ол қоғамға өте қажет.
 – Солай ғой!
4. Белгілі бір мекемені жарнамалау да қазіргі заман сұранысы болды ғой!
 – Өте дұрыс айтасың!

26. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Біздің бизнесімізді тап»

Ойынның мақсаты: Өз өнімдерін дұрыс жарнамалай білуге, соған сәйкес дұрыс сұрақ қоя білуге, дұрыс ойлай білуге үйрету.

Ойынның жүрісі: Топ екіге бөлінеді. Олар «іс» деген жазуы бар қағаздарды суырады. Мысалы, бірінші топ, «кір жуғыш машина өндірумен айналысады», ал екінші топ «сүт тағамдарын өндірумен» айналысады. Бірі екіншісінің не істейтінін әртүрлі ойға жетелейтін сұрақтардың көмегімен табуға тиіс. Үлгі ретінде мына төмендегі мысалды ұсынып отырмыз. Екі топтың арасында мынадай сұхбат пайда болды:

Екінші топтың сұрақтары:	Бірінші топтың жауабы:
Сіздің өнімдеріңіздің көлемі қандай?	Үлкен де емес, кіші де емес. Орташа
Оны жеуге бол ма? Әлде онымен ойнай ма?	Жоқ, жоқ. Тіпті де, олай емес.

Қандай материалдардан жасалған?	Металл, пластик?!
Түсі қандай?	Көп жері ақ.
Ол балалар үшін жасалған ба?	Жоқ, ол ойыншық емес.
Сіздердің тұтынушыларыңыз кім?	Барлық жастағы әйелдер мен ер азаматтар.
Ол ауыр ма?	Иә.
Ол дөңгелек пе, әлде төртбұрышты ма?	Біз дөңгелек те, төртбұрышты да тауарлар шығарамыз.
Қандай белгілі компаниялар дәл осы бизнеспен айналысады?	Біз бұл туралы айтпасақ деп едік. Жарайды, «Ariston», «Elektronik», «Bosch».
Сіздің тауарларыңызға сұраныс бар ма?	Тауарларымыз өте қажет, сондықтан тез сатылады.
Біз мұны газ плитасы не электр плитасы деп ойлаймыз.	Ха-ха! Қалжындап тұрған шығарсыз?
Кешіріңіз, онда бұл кіржуғыш машина болар?	Әрине. Әрең таптыңыз- ау!

Ойынға тапсырма: «Сүт тағамдарын өндірумен» айналысатын топ атынан осыған ұқсас сұхбат ойлап жазыңыздар.

27. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Соңғы кездері дәрі-дәрмек жарнамасының қате берілуінен кісі өлімі көптеп етек алуда. Алматы тұрғындары бұқаралық ақпарат құралдарында, интернеттерде, қоғамдық көліктер мен аялдамаларда дәрі-дәрмекті жарнамалауға өз наразылықтарын білдіруде.

Әлем елдері бойынша дәрі-дәрмекті дұрыс пайдаланбаудан жылына 100 мың адам қайтыс болады екен. Дәрі-дәрмекті дұрыс пайдаланбау Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдемесі бойынша жарнаманың дұрыс берілмеуінен екен.

Тапсырма:

Дәрі-дәрмектерді тасымалдау мен жарнамалау жөнінде өз жоспарыңызды жазып, баяндама дайындаңыз. Баяндамада дәрі-дәрмек тасымалдау мүмкіндіктері мен болуы мүмкін қауіп-қатерлер көрсетілсін.

28. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Жарнама және бәсеке» тақырыбына жоба дайындап, тұсау-кесер өткізіңіздер;

б. «Қазақша жарнаманың қазіргі жай-күйі» тақырыбы бойынша шығарма жазу үшін жоспар жасап келіңіздер.

Ұлылық ұлыдан

- а. Ұлылардан қалған сөз
- ә. Халықаралық сыйлықтың лауреаттары
- б. Ұлық адам – қызық адам

1. Танымдық сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Ұлы, дана, данышпан, ғұлама деп кімдерді айтамыз?
- ә. Қазақ халқының ұлы тұлғалары мен қоғам қайраткерлерінен кімдерді білесіздер?
 - б. Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан есімдері сіздерге таныс па? Олар кімдер?

2. Суретте берілген тұлға кім? Ол туралы не білесіздер?



Мәтінді оқып шығыңыздар.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы қаңтардың 12-де Алматы қаласында туылды. Еңбек жолын 1936 жылы Мәскеудегі алтын және түсті металдар институтын бітіргеннен кейін Қоңырат кенішінде бастаған. Өзі жұмыс істеген үш жылда бұрғылау станогы жұмысшысынан бастап, цех бастығы, рудниктің техника бөлімінің меңгерушісі, бас инженері, директоры қызметтеріне дейін көтерілді. Димаш Ахметұлының бұрғылау станогі Қоңыраттың кіре берісіне қойылған. Ол – мәңгі сақталатын ескерткіш.

Сол жылдары Қоңырат құрылысы қарыштап дамыған еді. Димаш Ахметұлының өзі тұрған үй, балабақша, аурухана, мәдениет үйі салынды. Осындай қажырлы еңбегі үшін ол 1938 жылдың шілде айында «Ерекше еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Бұл оның бірінші марапаттау белгісі еді.

Аз уақытта іскер басшы, зор талап иесі болып көрінген Дін-мұхамед Қонаевты Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық

Комитеті 1939 жылы Риддер кен басқармасының директорлығына ұсынды. Өйткені Риддер полиметалл комбинатының жұмысы, әсіресе, шикізат кеніштері ақсап қалған еді. Бұл ұсыныс кенді Алтайдың экономикасын жедел көтеруге жасалған шара болатын. Сонымен, Орталық Комитет жас коммунист Қонаевқа зор сенім білдірді, ауыр міндет жүктеді. Тұралап қалған аса ірі кәсіпорынның жұмысын жолға қою оңай болмасын білсе де, Димекен «жігіт аспайтын бел, жүрмейтін жол болмайды» деп нартәуекелге бел байлады. «Қашан да бірінші болу құрметті, бірақ тыңнан соқпақ салу, мешеу елде ірі кәсіпорынды жолға қою маған оңайға түскен жоқ» деп жазады ол өзінің естелік кітабында.



Дінмұхамед Қонаев кішіпейіл басшы есебінде танылды. Ол ертеменен Коммунистік даңғылы мен Киров көшесінің (бүгінгі Абылайхан даңғылы мен Бөгенбай батыр көшесінің) қиылысындағы үш қабатты үйден шығып, ылдидағы Үкімет үйіне қарай жайбарақат жұмысқа бара жататын. Қонаев сол үйде көп жылдар бойы тұрды. Тіпті, Қазақстан Коммунистік

партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған кезінде де, қаланың орталығында үш бөлмелі пәтері бола тұра, әлгі үйде тұрды. Ал басқа үйге көшкенде Димаш Ахметұлы пәтерін жазушы Өлжаппар Әбішевке сыйға тартып кетті.

Мен де сол кезде Алматының орталығында тұрдым, менің де жұмысқа баратын жолым Коммунистік даңғылының бойы еді. Анда-санда алдымнан жалғыз келе жатқан ұзын бойлы Қонаевтың сымбатты тұлғасын сыртынан көретінмін. Осыны айтсам, адамдар қалайша ол күзетсіз жүр деп сенбейтін. Расында да, қазіргідей



күзет қызметінің саны көбейтіліп, кім көрінген жанына күзет қапатып жатқан уақытта мемлекеттің бірінші адамы жұмысқа жаяу және күзетсіз барады дегенге сену өте қиын.



Министрлер кеңесінің төрағасы болғанда Димаш Ахметұлының академик атағы үшін өзіне төленетін 340 сом шамасындағы ақшадан бас тартқанын білеміз. Бұл ақшаны ол балалар мен жас ғалымдарға көмектесу мақсатына жұмсауға бұйырды. Осындай кішіпейілділік оның туа біткен қасиеті екені көзге көрініп тұрды және жұрттың оған деген

сенімін күшейтті. Оның жеке басының байлық-дәулетке қызығушылығы байқалмады.

Оның айналасындағы адамдардың арасында оны ұлықтаудан жарыс болған жоқ, есесіне олар оның көшбасшылық беделін қызғыштай қоритын, оның жетістіктеріне қылау түсірмеуге тырысатын. Республика халқы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты көрнекті қайраткер, ұлы адам, ірі тұлға деп таныды.

4. Төмендегі сөз тіркестері мен сұрақтарды пайдаланып, мәтін мазмұнын айтып беріңіздер:

Дінмұхамед Қонаев туды – *қайда?*; Қоңырат кенішінен еңбек жолын – *не істеді?*; үш жылда – *қандай қызметтерге көтерілді?*; бұрғылау станогы – *қайда қойылған?*; ол жылдары Қоңырат құрылысы – *қалай дамыды?*; Димаш Ахметұлы аз уақытта өзін – *қалай көрсетті?*; директор болды – *қайда?*; Дінмұхамед Қонаевты басшылыққа тағайындау – *не үшін қажет болды?*; тұралап қалған экономиканы көтеру қиындығы туралы – *Димаш Ахметұлы не ойлады?*; ол жұмысқа барды – *қалай?*; күзетсіз жүрді – *неге?*; пәтерін сыйға тартты – *кімге?*; оны ұлықтаудан жарыс болған жоқ – *кімдердің арасында?*

5. Екі бағандағы тіркестерді сәйкестендіріп, балама мағынасын ашыңыздар. Өзіңізге ұнаған төртеуімен сөйлем ойлап жазыңыздар.

сыйға тарту	1		а	бекіну
жайбарақат жүріс	2		ә	тоқтап қалу
тұралап қалу	3		б	жақсы даму
бел байлау	4		в	басқарушылық абырой
ылдидағы үй	5		г	беру
қарыштап даму	6		ғ	жақсарту
жолға қою	7		д	еңістегі үй
көшбасшылық бедел	8		е	асықпай жүру


6. Фразеологиялық сөздіктен төмендегі тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын анықтаңыздар. Тұрақты тіркестерді пайдаланып, сөйлем құраңыздар.

Тұрақты сөз тіркестері	Мағынасы	Сөйлем
қылау түсірмеу		
жаны жайлану		
қызғыштай қору		
табалдырығын тоздыру		
дәуірі жүру		
сағы сыну		
жел сөз		

7. Дінмұхамед Қонаев және оның атқарған қызметтерінің кестесін толтырып, өз бағаңызды беріңіз.

№	қашан?	қайда?	Кім болып қызмет атқарды?
1.	1936 ж.	Қоңырат кенішінде	Жұмысшы, цех бастығы...

8. Сұхбаттастар жағдаят үстінде қандай айтылыстар айтады? Ал жағдаят туралы естігенде қандай айтылыстар айтады? Төмендегі сызбаны үлгіге алып, өз жағдаяттарыңызды құрыңыздар.



9. Жағдаяттар бойынша жоғарыдағы сұхбатқа ұқсас сұхбат құрыңыздар.

1. Кенді Алтайдың экономикасын жедел көтерді.
2. Ол кенді Алтайды көтеруде тыңнан соқпақ салды.
3. Ол жұмысқа жаяу және күзетсіз келіп қайтатын.
4. Ол байлық-дәулетке қызыққан жоқ.

10. Іскери стильге үйренейік!

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа

Мінездеме

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев, 1912 жылы қаңтардың 12-де Алматы қаласында туған. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары. Қазақстан Республикасының азаматы.

1936 жылы Мәскеудегі алтын және түсті металдар институтын бітіргеннен кейін Қоңырат кенішінде алғашқы еңбек жолын бастаған.

а. Мінездемені мәтін мазмұны бойынша әрі қарай жалғастырыңыздар. Мінездеменің қандай жағдайда, не үшін берілетінін, оның адамның мансап баспалдағындағы мәнін айтыңыздар.



Тілдік анықтамалық. Адамның мінез-құлқы мен тәрбиесіне қатысты айтылыстардың күрделі сөйлемдерде берілу жолдары бар. Мысалы, шарттылық мағынасын беру үшін "*егер, онда*" құрылымы мен іс-әрекетті білдіретін сөзден кейін шарттылықты көрсететін *-ca/-ce* қосымшасы мен *da/de* шылауын пайдалану керек.

Үлгі: Төмендегі үш сөйлемді салыстырыңыздар:

1. Егер адамды жақсы қырынан танығың келсе, онымен тіл табыса біл.
2. Мұрат адамдарды жақсы қырынан танығанымен, онымен соңына дейін бірігіп жұмыс істей алмайды.
3. Мұрат адамдарды жақсы қырынан таныса да, онымен тез тіл табыса алмайды.

11. Күрделі сөйлемдердің басы берілген. Сөйлемнің жалғасын жазып, аяқтаңыздар. Ол үшін «егер, онда» құрылымын пайдаланыңыздар.

1. Егер адам өзін қоғамның бір мүшесімін деп сезінсе, онда
2. Егер адамда тапқырлық болса, онда
3. Егер адам үнемі қысылып жүретін болса, онда
4. Егер адамда басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеті болмаса, онда
5. Егер адам қабілетті болса, онда

12. Төменде күрделі сөйлемдердің соңы берілген. Сөйлемнің бас жағын жазыңыздар. Ол үшін іс-әрекетті білдіретін сөзден кейін шарттылықты көрсететін *ca/ce* қосымшасы мен *da/de* шылауын пайдаланыңыздар.

1. ..., адам өзін қоғамның толық мүшесі сезінбейді.
2. ..., студент жақсы білім алады.
3. ..., адамның сауаттылығын көрсетпейді.
4. ..., өзін-өзі ұстай алмайды.
5. ..., халық оны құрметтеп сыйлайды.

13. Мына сөйлемдерді аяқтаңыздар.

1. Қанша көреген басшы болғанымен,
2. Қаланың орталығында үш бөлмелі пәтері болғанымен,
3. Ол басқа үйге көшкенімен,
4. Жұмысы қанша ауыр болғанымен,
5. Академик атағы үшін қаражат бөлінгенімен,

14. «Дінмұхамед Қонаев – қарапайым адам» тақырыбына эссе жазыңыздар.



15. Мәтінді мұқият тындап, берілген сөздерге тіркесетін дұрыс сөзді таңдаңыздар.

1. ... танымал а. кеңімен ә. кеңінен б. кеңірек в. кеңдеу г. кеңінде	3. шын сөз а. бұлталақсыз ә. бұлталақ б. бұлталақтау в. бұлталақтай г. бұлталақпен	5. еңсеріп а. жеңісті ә. жеңіспен б. жеңіссіз в. жеңіске г. жеңісінде
2..... жоқтығын а. жаңсақтау ә. жаңсақтықты б. жаңсақтықтың в. жаңсақтықпен г. жаңсақтықтан	4. айғағы а. айтылғандай ә. айтылғанның б. айтылғанмен в. айтылғанға г. айтылғанды	6.қол үзбеу а. еңбекпен ә. еңбекке б. еңбексіз в. еңбектей г. еңбектен

16. Сөздерді сәйкестендіріп, сөз тіркестерін жасаңыздар.

ҒЫЛЫМ	тұту
орыс	дос
ортақ	қол үзбеу
медалімен	оқырмандар
қарапайым	марапатталу
қаламдас	жазушылары
еңбектен	академиясы
кадір	қуаныш

17. Мәтін мазмұнын үш сөйлеммен беріңіздер.

18. «Айды аспанға шығару» деген мақалды қалай түсінесіздер? Тыңдаған мәтінде ол қандай мағына беріп тұр?



19. Сұхбаттың бірінші сөйлеміне қарап, оны құптау мағынасындағы екінші сөйлеммен жалғастырыңыз.

1. – Дінмұхамед Қонаевты ұлықтаудан жарыс болмапты деседі.

–

2. – Димаш Ахметұлы қай жерде жүрмесін, қандай қызмет атқармасын іске көз жұмып кіріседі екен.

–

3. – Халық оның көшбасшылық беделін қызғыштай қоритын еді.

–

4. – Дінмұхамед Қонаевты асыра мақтап, ешкім оған жағымпазданбайтын, оның шашбауын көтермейтін.

–

20. Сұхбаттың екінші сөйлемі берілді, біріншісін өздеріңіз жазыңыздар. Сөйлемдеріңізді *«иә, сонымен, мүмкін, шынында да, демек»* сөздерімен бастайсыздар.

1. –

2. Иә, ол кісі өте қарапайым болған.

2. –

3. Солай, ұлы адамдардың өмірі үлгі-өнеге ғой!

3. –


4. Иә, олар өз жеке басын, жеке өмірін қоғам тіршілігінен жоғары қоймаған ғой.

4. –

5. Әрине, Қонаев халықтың жағдайын жақсартуға көп күш салған.

21. Ұлы адамдардан қалған нақыл сөздер жағдаяттар түрінде берілген. Осы көзқарасқа үш студент өзара тілдесіп тұр. Осы сұхбатты

үлгіге алып, төмендегі жағдаяттарды пайдаланып, өздеріңіз сұхбат құрыңыздар.



Жағдаяттар:

1. «Білсем деген талап – қай жастағы, қандай дәрежедегі адамға да таптырмас қасиет»;
2. «Қуана білу де, қуанта білу де – бақыт»;
3. «Жақсы сөз жан сүйсіндіреді, бойға қуат бітіреді»;
4. «Ұлыны ұлы ұғады, дананы данышпан ғана түсінеді».

22. Сұхбаттың бірінші сөйлемінде айтылған ойды екінші сөйлем де қайталауы тиіс, бірақ біріншісіне қарағанда экспрессивті түрде берілуі тиіс.

– Мұрат емтихан туралы күндіз-түні ойлайды, қатты *қобалжып жүр*.

– Иә, тек соны ғана ойлайды. Емтихан оған *маза берер емес*.

– Таң атпастан *жұмысқа кірісіп* кеттің бе?

– Міне, басталды! Егер мен жұмысқа кірісsem, ол – менің өз шаруам. Оған отбасы мүшелерімнің барлығы араласуға тиісті емес. Маған *тыныштық беріңіздерші!*

3. – Жанар өзіне айтылған *сынға төзбейді*.

– Кеше мен оған өз басымнан өткен жағдайды айта бастап едім: «Ал мен ше?» – деп, *жылап қоя берді*.

4. – Сен тағы *асығыссың зой?*

– Жұмысқа *кешігіп барамын*. Іссапардың құжаттарын әзірлеуім керек. Кешке Астанаға ұшамын.

5. – Баламмен *сөйлесу мүмкін емес болды*. Мен оған жұмысым-

ды, үй шаруасын айта бастасам, ол өзінің үйленгелі жүргенін көлденең тартады.

– Көрдім мен ол қызды. Мен де қарсы болдым. Бірақ ол *тыңдамайды, ерегесіп кетеді*.

23. Сұхбаттың бірінші сөйлемі берілді, екіншісін өздеріңіз кеңес беру, ұсыныс беру мағынасында айтыңыздар.

– Мен ұлы адамдардың өмірінен естелік оқығанды жақсы көремін. Көркем шығармалар маған аса ұнамайды.

–

– Досымның әкесі жақында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алды. Артынша бізге көзқарастары өзгере бастады.

–

3.– Қазір ата-аналар балаларын әр түрлі үйірмелерге жаздырады, нәтижесінде баланың демалуға уақыты жоқ.

–

4.– Ғылым саласында сыйлық алу, өзінді мойындату қиын дейді ғой. Сондықтан ғылыммен айналысым келмейді.

–

5.– Жас әншілерге түрлі сыйлықтар, атақтар тез беріліп жатады. Мен үшін бұл түсініксіз.

–

24. Жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

1-жағдаят. Сіз «Ұлы тұлғалар өмірінен» бағдарламасының шығармашылық тобында жұмыс істеп жүрсіз. Сіздің бағдарламаңызға халық қызығушылық танытып жүр. Бағдарламаның тартымды болуының басты себебін қалай түсіндіресіз? Өз ойыңызды айтыңыз.

2-жағдаят. Сіз – телеарна директорысыз. Жұмысқа талантты жас журналистерді алғыңыз келеді. Олар қызуқанды, тапсырманы мезгілінде орындайды деп әріптестеріңізді сендіресіз. Есесіне жасы үлкен журналистер жұмыссыз қалып жатыр және олар жастардың мазмұнды жұмыс жасай алатынына сенбейді. Өз ойыңызды дәлелдеңіз.

25. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Мен білетін ұлы адам».

Ойынның мақсаты: Ұлы адамдар өмірін әңгімелеуге қажетті сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс таңдай білуге, өз сөздерін осы мақсатқа лайық дұрыс құра білуге, ұлы адамдар өмірінен үлгі-өнеге алуға үйрету.

Ойынның жүрісі: Топ екіге бөлінеді. Бірінші топ ғалым, ақын, жазушылардың ішінен бір адамның аты-жөнін жұмбақтап, оның өмірі, шығармашылығы, қызмет жолы туралы әңгімелейді. Екінші топ мәліметтің кім жайлы екенін табуға тырысады. Қай топ көп жасырады және қай топ тез табады, сол топ жеңеді.

Үлгі: Ол әрі жазушы, әрі ғалым. Артына мол мұра қалдырған. Орыс және қазақ тілдерінде өте таза сөйлеген. Білімді Ташкенттен және Санкт-Петербургтен алған. Ұстаздықпен де айналысқан. Алматы мен Мәскеу қалаларының беделді университеттерінде лекция оқыған.

26. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

«Ұлы тұлғалар өмірінен» бағдарламасының шығармашылық тобы талай жетістіктерге жетіп отыр. Олар атақты, танымал өнер адамдары мен қоғам қайраткерлері, жазушы, ақындардың өмірі мен қызметі, отбасы жайында қызықты мәліметтермен, естеліктермен бөлісіп, көрермендердің ықыласына бөленіп жүр. Алайда, «ұлы адамдардың заманы да, өмір жолы да қызықсыз, олар ескі заманның адамдары, мұндай бағдарламалардың бүгінгі күні ешқандай маңызы жоқ, жаңа заманға сай жаңаша креативті бағдарламалар қажет» деп түсінбестік танытып, мұрын шүйіре қарайтын жастар да табылып жатыр.

Тапсырма:

1. Жоғарыдағыдай бағдарламалар қажет пе? Қажет болса, осындай бағдарламаларға жастардың қызығушылығын ояту үшін не істеу керек? Ойыңызды мақала түрінде жазып беріңіз. Мақалада үш нәрсеге көңіл бөліңіз: а.Кенестік дәуірдегі белгілі адамдардың өмірінің ерекшелігі; ә. Қазіргі халыққа танымал адамдардың өмірінің ерекшелігі; б. Бұлардың өміріне еліктеу/еліктемеу туралы өз ойыңыз.

Міндет:

1. Бағдарламаның тартымды, мазмұнды болуы қандай шарттарға тәуелді? Жоспарын жасап, ұсыныңыз.

27. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Ұлық адам-қызық адам» тақырыбына жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер;

б. Ұлы адамдардың даналық сөздерін жазып келіңіздер.


Қазақстан және сыртқы саясат

Халықаралық қатынастар

1. Танымдық сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіздер.

- а. «Сыртқы саясат» ұғымын қалай түсінесіздер?
- ә. Қазақстанның сыртқы саясаты туралы не білесіздер?
- б. Қазақстан қандай елдермен халықаралық қарым-қатынас жасайды?
- в. Қазақстан-Ресей сыртқы саяси қатынастары туралы не білесіздер?

2. Қазақстанмен халықаралық, экономикалық қарым-қатынас жасайтын елдерді жазып шығыңыздар.



3. Сөздер мен сөз тіркестерін дәптерлеріңізге жазып алыңыздар және есте сақтаңыздар.

Дипломатиялық қарым-қатынас, екі жақты ынтымақтастық, екі-жақты келісім, құқықтық-келісімдік негіз, ұстаным, саяси сенімділік, заңды одақтас.



4. Мәтіннің мазмұнын түсініп оқыңыздар.

Қазақстанның сыртқы саясаттағы басты одақтасы – Ресей. Бұл елмен біздің мемлекет арасында көп жылдардан бері үзілмей келе жатқан тығыз қарым-қатынас бар. Өзара бөлісіп жатқан мемлекеттік шекараның ұзындығының өзі 7591 шақырымға созылып жатыр. Мемлекетаралық достастық екі ел президентінің және екі ел халқының өзара тығыз байланысы арқасында дамып отыр. Қазақстан мен Ресей арасында отын-энергетикалық кешен, әскери-техникалық және қорғаныс өнеркәсібі салалары бойынша байланыс орныққан. Екі жақты қарым-қатынаспен қоса екі мемлекет аймақтағы әскери-саяси және экономикалық сипаттағы көптеген өңірлік ұйымдар шеңберінде өзара белсенді әрекеттесуде. Атап айтар болсақ, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық экономикалық Қауымдастық, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы және Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім ұйымдары жұмыс істейді.

2012 жылы Қазақстан мен Ресей арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасқа 20 жыл толды.

Отандық және шетелдік тарихнамада Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарын кезеңдерге бөлу мәселесіне қатысты бірнеше көзқарастар бар. Ол төмендегідей кезеңдерге бөлінеді:

1. Мемлекетаралық қатынастардың құқықтық негіздерін қалыптастыру;
2. Саяси экономикалық және әскери салаларда екі жақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен нысандарын белгілеу;
3. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі интеграциялық үдерістер арнасында екі жақты ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету.

Ресей – республикамыздың ең ірі сауда серігі. Көптеген халықаралық мәселелер бойынша біздің ұстанымдарымыз ортақ. Оның үстіне екі ел азаматтары арасындағы достық, туыстық қатынастар Ресейді Қазақстанның табиғи әрі заңды одақтасы етеді.

Қазақстан-ресейлік қарым-қатынас көптеген екіжақты құжаттар және келісімдермен реттеліп отырады. Қазіргі таңда екіжақты байланыстың құқықтық-келісімдік негізі 300-ден аса құжатты қамтиды. Екі ел арасындағы байланыста саяси сенімділік пен өзара түсіністік күшейіп келеді.



5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Қазақстанның сыртқы саясаттағы басты одақтасы қай ел?
- ә. Қазақстан мен Ресей арасында қандай салалар бойынша байланыс орнатылған?
- б. Екі елге ортақ қандай өңірлік ұйымдар жұмыс істейді?
- в. Қазақстан-Ресей қарым-қатынастары қандай кезеңдерге бөлінеді?
- г. Екі ел арасында қандай жобалар іске асырылуда?
- ғ. Қазақстан-ресейлік қарым-қатынас қандай құжаттарға негізделеді?

6. Сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлемдер құрастырыңыздар.

Отын-энергетикалық кешен, әскери-техникалық және қорғаныс өнеркәсібі, жемісті жыл, елеулі серпін, белсенді келіссөздер, аса маңызды жетістіктер, стратегиялық серіктестік, ресми сапар, тауар айналымы, инвестицияның көлемі.

7. Мәтіннен алған жаңа мәліметті өз сөзіңізбен, екі-үш сөйлеммен қысқартып айтыңыздар.

8. Сөздердің синонимдерін жазыңыздар.

Берілген сөздер	Синонимдері
елеулі	
сапар	
ынтымақтастық	
серіктестік	
сенімді	
белсенді	
одақтас	
бағыт	

9. Бірінші бағандағы берілген ойға екінші бағаннан мағынасы сәйкес келетін ойды таңдап алыңыздар. Көп нүктенің орнына сөйлем мағынасына сәйкес келетін сөздерді қойыңыздар.

I баған	II баған
1. Қытаймен сауда айналымының көлемі өскен.	а., дипломатиялық қатынастар көркейіп келе жатыр.
2. Елбасымыз Ресейге іссапармен барды.	ә., ең ірі сауда әріптестерінің бірі.
3. Екі ел арасындағы байланыстар жыл сайын қарқынды дамуда.	б. екі ел арасында сауда қатынастары ұлғайған.
4. Дипломатиялық қатынастарды нығайта түсу қажет.	в., ел экономикасына қатысты мәселелердің оңтайлы шешілуіне жағдай жасады.

5. Түркия мемлекетімен екі жақты келісімдерге қол қойылды.	г. ... , Қазақстан тәуелсіздігін алғаш мойындаған елдердің бірі.
6. Мемлекеттер арасында келіссөздер жүргізілді.	ғ. ..., екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстар жылдан - жылға күшеюде.
7. Әріптестік туралы келісімшарт жасалды	д. ... , ірі жобаларды іске асыру көзделді.

10. Искери стильге үйренейік!

Берілген құттықтау жеделхатты оқыңыздар. Қандай жеделхат екенін айтыңыздар.

Нұрсұлтан Әбішұлы, Сізді туған күніңізбен құттықтаймын! Сізге мықты денсаулық және жұмыста табыс тілеймін. Сіз – отандастарының шынайы құрметіне бөленген, сондай-ақ парасатты әрі тәжірибелі саясаткер, өз елінің нағыз көшбасшысы ретінде жоғары халықаралық беделге ие тұлғасыз. Нұрсұлтан Әбішұлы, Қазақстан тарихындағы әлеуметтік, экономикалық және сыртқы саяси жетістіктерге толы тұтас бір кезеңнің сіздің есіміңізбен байланысты екенін бүкіл әлем біледі. Ресей мен Қазақстан арасындағы стратегиялық әріптестік пен одақтастықты нығайтуға да қомақты үлес қосып келесіз. Ал сіздің Еуразиялық одақ құру туралы идеяңыз тарихи мәнге ие. Сізбен арадағы сенім мен орныққан достық қарым-қатынасты жоғары бағалаймын және екі елдің болашағы үшін бірлескен жұмыстар жалғаса беретініне үміт артамын.

(Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 74 жасқа толуына байланысты Ресей Федерациясы Президентінің жеделхаты).

Жеделхатқа тапсырма: а) Ресей Президентінің жеделхаты бойынша Н.Назарбаевтың тарихи тұлға екенін айғақтайтын сөздерді көшіріп алып, олармен сөйлемдер ойлап жазыңыздар; ә) В.Путиннің «Сіздің Еуразиялық одақ құру туралы идеяңыз тарихи мәнге ие» деген пікіріне көзқарасыңыз қалай? Өз ойыңызды эссе түрінде жазып беріңіз.



Тілдік анықтамалық. *Тілімізде айтылатын ойға қатысты сөздері түгел не бәрі түгел емес сөйлемдер бар.*

11. Сөйлемдердің мағынасына қарап, жетпей тұрған сөздерді қосып жазыңыз.

а. Швейцар қалың ұйқыда, бостан-бос соғып жатырсыз.

– Сонда қалай, осында түні бойы қақайып тұрамыз да қоямыз ба?

– Тұруға тура келеді.

ә. Үйіне ерте барып қоймас үшін, әлі бір сағаттай жүруі керек.

б. Бейсенбі күні мектептен ерте кетіп қалды да, үш күн сабаққа қатыспай қойды. Тамағым ауырып қалды деп сылтау айтты.

12. Төмендегі сөйлемдерді оқыңыздар. Айтылмақ ойға қатысты сөздері түгел сөйлемдерді бір бөлек, сөздері толық емес сөйлемдерді бір бөлек жазып алыңыздар. Себебін түсіндіріңіздер.

– Құдайым-ай, – деп, қайталады ол күбірлеп, – қалай дәтіңіз барды...

Жай ғана солқ еткен лифт жоғары көтеріліп келеді.

– Қайтып келеді... – деп құпия сыбырлады Ғалия.

– Мен сізді сатпаймын, – деді Айдар, – бірақ сіздің қалай дәтіңіз барды? Ол кім, соншалықты қысылатын?

– Сізге барайық, – деді Ғалия күлімсіреп. – Мен сізге түсіндіріп көрейін...

Клара бойын жинап, басын төмен түсіріп, бөлмесіне қарай жүрді.

13. Берілген сөйлемдерге трансформация жасаңыздар:

Үлгі: 1991 жылы Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін таныды. – Ресей Федерациясы – 1991 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін таныған ел.

а. 1992 жылы қазан айында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды.

ә. Осы жылы Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының Елшілігі ашылды.

б. Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында Қазақстан Республикасының Бас Консулдығы және Астрахань мен Омбы қалаларында Консулдықтары жұмыс жасайды. 4. Қазақстан Республикасында Ресей Федерациясының Алматы қаласындағы Бас Консулдығы және Орал қаласында Консулдығы жұмыс істейді.

14. Суреттер бойынша «Халықаралық қатынастар» тақырыбына шағын мәтіндер құрастырыңыздар.



1-сурет



2-сурет

15. Тірек сөздерді пайдаланып, «Қазақстанның сыртқы саясаты» тақырыбына эссе жазыңыздар.

Тірек сөздер: экономикалық әріптестік, стратегиялық байланыс, халықаралық, дипломатиялық қарым-қатынас, екі жақты ынтымақтастық, екіжақты құжаттар, құқықтық-келісімдік негіз, ұстаным, саяси сенімділік, заңды одақтас, түсіністік, достық, тату, көршілес, белсенді, сапар, бағыт, серіктестік, одақтас.



16. Мәтінді тыңдаңыздар.

Тілші	Елші
1. Қазақстан-Испания қарым-қатынасы жайлы тоқталып өтсеңіз. 2013 жылы ақпанның 5-7 аралығында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Испания Корольдігінде болды. Осы сапардың мақсаты қандай?	а. Қазіргі кезде елімізде Испаниялық құрылыс компаниялары түрлі нысандарды жобалап, құрылысын жүргізіп және пайдалануға беруде. Олар – бүкіл әлемге танымал болған “ОНЛ” және “Next Limit Technologies” компаниялары.
2. Екі ел арасында қандай салалар бойынша байланыстар орнатылған?	ә. Бұл сапардың мақсаты – екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту. Бұл сапарда елбасшымыз, сонымен қатар бірнеше ірі компания басшыларымен кездесті. Олар: “Airbus Military” компаниясының басшысы Доминго Уренья-Расо және “Patentes TALGO S.A.” компаниясының президенті Карлос Паласио Ориоль.
3. Қазақстанда қандай испаниялық құрылыс компаниялары жұмыс істеп жатыр?	б. Бүгінде Қазақстанда «Қазақстан Темір Жолы Акционерлік қоғамы» мен «Patentes TALGO S.A.»-ның бірлескен жобасы – “Тұлпар-Тальго” Жаупкершілігі Шектеулі Серіктестігі жолаушылар вагондары өндірісі зауыты жұмыс істейді.
4. Екі ел арасында транспорттық және қызмет көрсету салаларындағы байланыс жайында не айтуға болады?	в. Мәдени-гуманитарлық, туризм мен халықаралық саясат, транспорттық және қызмет көрсету салалары бойынша байланыстар орнатылған.

17. Мәтінді тыңдап, *-лық/лік, -дықдік, -тық/тік* қосымшалары бар сөздерді теріп жазып алыңыздар. Олардан жаңа сөз жасалып тұрғанына назар аударыңыздар. Мысалы: *қауымдастық, ...*

18. Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша монолог жазыңыздар.

19. Мәтіннен үш сөйлем оқылады, түсіп қалған және қосылған сөздерді табыңыздар.

20. Тыңдалған мәтіннің өз қалауыңыз бойынша басын, ортасын, аяғын өзгертіп, мазмұнын айтып беріңіздер. Тыңдап отырғандар қандай өзгеріс енгізгеніңізді айтсын.




21. №15 тапсырмада берілген кестедегі мәліметтерді пайдаланып, «Қазақстан мен Франция дипломатиялық қарым-қатынастары» тақырыбына тілші мен елші арасында сұхбат құрастырыңыздар. Сұхбатты аяқтаңыздар.

22. Газеттерден мемлекет басшыларының Қазақстанға келуі туралы ақпараттарды оқыдыңыздар. Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, сұхбаттасыңыздар. Таңдану мағынасындағы сөздерді пайдаланыңыздар.

1. Газетте қай мемлекет басшысының келуі туралы хабар берілген?
2. Ол қашан, қайда келді?
3. Мемлекет басшысы кімнің шақыруы бойынша келді?
4. Әуежайда қонақтарды кімдер қарсы алды?
5. Қарсы алу құрметі қалай өтті?
6. Қандай келіссөздер жүргізілді?
7. Қандай құжаттарға қол қойылды?
8. Сапар қашан аяқталады?

23. Суреттер бойынша топ болып сұхбаттасыңыздар.

Сұхбаттасу барысында мына сілтемелерді пайдаланыңыздар: Ресей, Франция-Қазақстан, ту, Эйфель мұнарасы, Елбасы, кездесу, келіссөз.



1-сурет



2-сурет

24. Сұхбаттың бірінші сөйлемінің мазмұнына қарап, екінші сөйлемді өздеріңіз жазыңыздар. Сөйлемдеріңізді «иә, мүмкін, шынында да, демек» сөздерімен бастайсыздар.

1. – Ресей мен Қазақстан қатынастары қазір өте жақсы.
– Иә,.....
2. – Осы жылдар ішінде Ресеймен бірнеше келісімшарттарға қол қойылды.
– Шынында да,.....
3. – Елбасы басқа да мемлекеттермен тығыз байланыс орнатуға тырысады.
– Демек,.....
4. – Еліміз татулық пен бірлік, ынтымақ пен береке үшін күресіп келеді.
– Мүмкін,

25. Жағдаяттар бойынша сөйлесіңіздер:

1-жағдаят. Жастардың жарқын болашағын қамтамасыз ету үшін Қазақстан көптеген елдермен ынтымақтастық байланыстар жаппай отырғаны белгілі. Еліміз жүргізіп отырған бұл саясат сізге де ұнайды. Мысалдар келтіріп, нақты дәлелдермен өз ойыңызды айтып көріңіз.

2-жағдаят. Ресейдің Мәскеу мен Санкт-Петербург қалаларында алған білімі мен өз елімізде алған білімдерін табысты істерімен дәлелдеп жүрген қазақ жастары жөнінде дереккөздерге сүйеніп, ой бөлісіңіздер.

3-жағдаят. Ресей Қазақстанның бұрыннан келе жатқан заңды одақтасы екені белгілі.

Екі ел азаматтары арасында орнаған достық, туыстық қатынастар да көпке аян. Ресейді өздерінің тұрақты мекеніне айналдырған қазақтар баршылық. «Сол қазақ азаматтары барлық мәселеде Ресей азаматтарымен тең және өздерінің ұлттық құндылықтарын да сақтай алады», – дейді досыңыз. Сіз бұл пікірмен келіспейсіз. Екеуара пікір таластырыңыздар.

26. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Кім жылдам»

Ойынның мақсаты: Сабақта алған білімін тиянақтау, пысықтау және сұрақ қоя білу арқылы сұраулы сөйлем ерекшеліктерін еске түсіру.

Ойынның жүрісі: Студенттер екі топқа бөлінеді. Бірінші топ Қазақстанның, екінші топ Ресейдің атынан сөйлейді. Бір топ сұрақ қояды, екінші топ жауап береді. Мұны бес-алты сұрақтан кейін ауыстыруға болады. Егер жауап тез (5-6 секунд ішінде) берілмесе, ойынды сұрақ қойған топ жалғастырады. Осылайша қай топтың берген жауабы дұрыс және көп болса, сол топ жеңеді. Бұл жерде мазмұнды, маңызды деген сұрақтар саны да ескеріледі.

Оқылым мәтінін негізге ала отырып және Қазақстан-Ресей арасындағы қарым-қатынас туралы өздерінде бар білімге сүйене отырып, ойнаушылар бір-біріне әр түрлі сұрақтар қояды. Мысалы:

Екі ел арасында қандай жобалар іске асырылуда?	
Екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі қалай?	
Екі елдің даму келешегі туралы не айтуға болады?	
Ықпалдастық үрдістерінің жүзеге асу барысын қалай сипаттар едіңіз?	

а. Сұрақтарды әрі қарай жалғастырыңыздар. Берілген жауаптарды сарапқа салып, бағасын беру әділ қазылар үлесінде. Ол үшін екі студент алдын-ала әділ қазылар ретінде тағайындалады.

27. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

2003 жылдан бері Қазақстан мен Қытай арасында стратегиялық серіктестік бар. Соған қарамастан екі ел арасында шешімін таппаған идеологиялық та, стратегиялық та мәселелер бар.

Тапсырма:

Ол қандай мәселелер, санап беріңіз.

Екіжақты ынтымақтастықты жақсартатын өз жоспарыңызды жасаңыз.

28. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Қазақстанның Франциядағы мәдени күндері» тақырыбына жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер;

б. «Шет елде тұратын қазақтар» тақырыбына шығарма жазу үшін жоспар жасап келіңіздер.

Қазақстан және сыртқы саясат

- а. Қазақстан дипломатиясы
- ә. Халықаралық бизнес тілі

1. Танымдық сұрақтарға жауап әзірлеңіздер.

- а. Дипломат деген кім?
- ә. Қазақстан дипломатиясы қай кезден бастау алады?
- б. Қазақстан қандай елдермен дипломатиялық қатынастар орнатқан?
- в. Қазақстандық дипломаттардан кімдерді білесіздер?
- г. Бизнес тілі туралы не білесіз?



2. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Қарамен берілген сөздердің мағынасын сөздіктің көмегімен түсініп алыңыздар.



Мәлік Сабырұлы Фазылов – қазақтан шыққан тұңғыш елші. Ол 1927 жылы Қостанай облысы Обаған ауданы Қарағай ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Балалық шағы тым ауыр болды. Ашаршылық жылдары Қазақстанда жүз мыңдаған адам аштан қырылды. Алайда бұл ауыртпалық оның **мінезін шыңдай түсті**. Соғыс жылдары ол **шет калмай**, 16 жасында Петропавловскідегі әскери зауытта қару-жарақ оқтарын ұштады.

1941-1945 жылдары «Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медаліне ұсынылды.

1945 жылы Крупская атындағы Шымкент мемлекеттік мұғалімдер институтын үздік бітіріп, соғыстың соңында құрылған Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында білімін ары қарай жалғастырды. 1950 жылы аталған институтты аяқтады.

Оқу бітіргеннен кейін ол халықаралық қатынастар курсы жүргізетін республикалық партия мектебінде қызмет етті. 1961-1968

жылы Көкшетау облыстық партия комитетінде хатшы, екінші хатшы қызметтерін атқарды.

1975 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Малидегі Төтенше және Өкілетті елшісі болып тағайындалды. Ол тропикалық қиын климатта 7 жыл қызмет істеді. Малидегі қызметінен кейін ол бірден Кеңестер Одағының Марокко Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті елшісі болып тағайындалды. Мұнда ол 1983 жылдан 1990 жылға дейін **қажырлы еңбек етті.**

Мали Республикасында да, Марокко Корольдігінде де Мәлік Сабырұлы Қазақстанның мәдени күндерін табыспен өткізді. Осы елде Болат Аюхановтың жетекшілігімен классикалық би ансамблінің гастролі мен «Қазақстанның халық өнері» көрмесін ұйымдастыруға **мұрындық болды.** 1988 жылы Елші Алматы мен Мекнес қалаларын бауырлас қала ету жөніндегі хаттамаға **қол қойды.**

Ол дипломат, тарих ғылымының кандидаты, 1990-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрлігінің кеңесшісі қызметін атқарды. Мәлік Фазылов әртүрлі басылымдарда орыс, қазақ, француз, араб тілдерінде көптеген мақалалар жариялады. Ол өз еліне, халқына адал қызмет етіп, аянбай **тер төкті.** Дипломатия саласының биік **төрінен көріне** білді. Фазылов ерен еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту, Халықтар Достығы ордендерімен, Құрмет белгісі орденімен марапатталды. 1995 жылы 17 қазанда 68 жасында **өмірден озды.**


3. Берілген тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ашып, сөйлемдер құрастырыңыздар.

Тұрақты тіркестер	Мағынасы	Сөйлемдер
өмірден озу		
мінезін шыңдау		
қол қою		
шет қалмау		
тер төгу		
мұрындық болу		
төрінен көріну		
қажырлы еңбек		

4. Мәтіндегі негізгі ақпаратты табыңыздар.

- а. Дипломатия саласының биік төрінен көріне білді;
- ә. Мәлік Сабырұлы әр түрлі басылымдарда орыс, қазақ, француз, араб тілдерінде көптеген мақалалар жариялады;
- б. Ашаршылық жылдары Қазақстанда жүз мыңдаған адам аштан қырылды;
- в. Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында білімін ары қарай жалғастырды;
- г. Ол 1990-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрлігінің кеңесшісі қызметін атқарды;
- ғ. Мәлік Сабырұлы Фазылов – қазақтан шыққан тұңғыш елші.

5. Мәтін мазмұны бойынша сұхбаттасыңыздар. Төмендегі жағдаяттар бойынша әр түрлі көңіл-күйге қатысты сөздерді пайдаланып, сөйлесіңіздер.



6. Жоғарыда үлгі берілді. Ары қарай өздеріңіз осыған ұқсас сұхбат құрап жазыңыздар.

Жағдаяттар:

1. М.Фазылов – талантты қоғам қайраткері;
2. М.Фазылов – бірнеше тіл білген полиглот болған екен!
3. М.Фазылов – тұңғыш қазақ елшісі.

7. Мәтін мазмұнын бір сөйлемге сыйғызып, айтып беріңіздер.

8. Мәтін не туралы? Көрсетілген тізімнен дұрыс деген нұсқаны таңдаңыздар.

- а. М. Фазыловтың туған жері туралы;
- ә. М. Фазыловтың алған білімі туралы;
- б. М. Фазыловтың дипломатиялық қызметі туралы;
- в. М. Фазыловтың өмірбаяны туралы;
- г. М. Фазыловтың жариялаған мақалалары туралы;
- ғ. М. Фазылов білген тілдер туралы.



Тілдік анықтамалық. *Қарсы болу мағынасындағы айтылыстар. Қарсылықты күшейтуге бағытталған сөздер: жоқ, емес, керегі жоқ, қажет емес, ештеңе, ешқашан, ешкім, ешқайда.*

9. Төмендегі мысалдарды салыстырыңыздар. Қарсылықты білдіру мағынасындағы сөздерге назар аударыңыздар.

1. Демалыс күні ол Астанаға барған жоқ. – Демалыс күні ол ешқайда барған жоқ.

2. Мен «Абай жолын» оқыған жоқпын. – Мен Мұхтар Әуезов шығармаларының ешқайсысын да оқыған емеспін.

3. Мен шетелде болған емеспін. – Маған сыртқа шығудың қажеті жоқ.

4. Мен көп шөлдемеймін. – Қанша шөлдесем де, маған шай ішудің керегі жоқ.

10. Сөйлемдерді оқыңыздар. Қарсы болу мағынасын беретін «ештеңе, ешқашан, ешкім, ешқайда» сияқты сөздерге назар аударыңыздар. Оларға жалғанған септік жалғауларын есте сақтаңыздар.

1. Демалыс өтті, мен ештеңеге үлгерген жоқпын. Өте өкінішті!

2. Ол неге ешкімге сенбейді?

3. Сәуле бір апта болды ешкіммен сөйлеспейді.

4. Шаршағаным соншалық – ештеңе ойлағым келмейді.

5. Мен ештеңеге өкінбеймін.

6. Ешқайда барғым келмейді.

11. Қарсылық мағынасындағы сұраққа «ешкім, ештеңе» сөздерін пайдаланып, жауап беріңіздер.

Үлгі: – Сен кімге ренжіп отырсың? – Мен ешкімге ренжіп отырған жоқпын, көңіл-күйім болмай отыр.

- а. Ол кімге сенеді?
- ә. Көңілдісің ғой, не нәрсеге қуанып тұрсың?
- б. Тағы не нәрсеге шағымданып жүрсің?
- в. Неге, кімге таңқалып тұрсыз?
- г. Сен неден қорқасың?
- ғ. Кеше немен айналыстың?

12. Іскери стильге үйренейік!

а. Оқылым мәтіні бойынша Мәлік Фазыловтың өмірбаянының түйіндемесін жазыңыздар.

Түйіндеме

Аты-жөні	
Туған жылы	
Туған жері	
Ұлты	
Білімі туралы мәлімет	
1. Орта білім	
2. Жоғары білім	
Мамандығы	
Қызметі	
-1-	
-2-	
-3-	
-4-	

Тілдерді білуі	
Қосымша мәлімет	
Марапаттары	
Отбасы туралы мәлімет	
Мекенжайы	

13. Берілген жоспарды негізге ала отырып, мәтін мазмұны бойынша рецензия жазыңыздар:

- а. мәтіннің тақырыбы;
- ә. мәтіннің идеясы;
- б. мәтіннің қысқаша мазмұны;
- в. мәтіндегі авторлық позиция;
- г. мәтінге сіздің беретін бағаңыз.

14. «Егер мен дипломат болсам ...» тақырыбына тірек сөздерді пайдаланып, эссе жазыңыздар. Тірек сөздер: *абырой, халықаралық, елшілік, кеңесші, хатшы, астана, міндет, мемлекет, елші, шетел.*



15. Мәтінді мұқият тыңдаңыздар. Сұрақтардың дұрыс жауабын беріңіздер.

1. Еуропа бойынша Франция қандай елдердің қатарында?	а) күшті дамыған	ә) дамушы	б) дамыған	в) артта қалған	г) басымдығы күшті
2. Француз тілі қай уақыттан бастап халықаралық тіл ретінде қолданысқа түсе бастады?	а) XVI ғасыр	ә) XVII ғасыр	б) XVIII ғасыр	в) XIX ғасыр	г) XX ғасыр
Француз тілінің сөздік қоры қанша?	а) 6000000	ә) 66000	б) 60 000	в) 6000	г) 600000

Француз тілі қанша мемлекеттің ресми және екінші ресми тілі дәрежесіне ие болып отыр?	а) 50	ә) 52	б) 51	в) 53	г) 55
Француз тілі қай мемлекеттердің қарым-қатынас тілі?	а) Франция, Германия, Швецария, Италия	ә) Франция, Бельгия, Швецария, Норвегия	б) Франция, Австрия, Швецария, Канада	в) Франция, Бельгия, Швеция, Канада, Африка	г) Франция, Бельгия, Швецария, Канада, Африка

16. Мәтін бойынша сөз тіркестерінің аудармасын табыңыздар.

қолданыстан ығыстыру	
қолданысқа түсе бастау	
болжам айту	
әбден мүмкін	
басымдығы күшті	
қызғыштай қору	
кірме сөздер	
қарым-қатынас тілі	

17. Сөздерді сәйкестендіріңіздер.

қызғыштай	терминдер
қолданыстан	күшті
басымдығы	енгізу
тіл жөніндегі	ығыстыру
талаптар	қору
техникалық	заңдар

18. Тыңдалған мәтінде кездеспеген сөйлемдерді сызып тастаңыздар.

1. Бес адамның төртеуі француз тілін жетік білген. 2. Қатал талаптар енгізді. 3. Қытай тілі Қытайдың тарихымен жақын танысуға

мүмкіндік береді. 4. Ағылшын тілі – халықаралық бизнес ашу немесе осы салада биік мансаптарға қол жеткізу үшін таптырмас құрал. 5. Француз тілінің сөздік қоры – өте қарапайым. 6. Ағылшын тілі 60 мың сөзден ғана тұрады. 7. Ағылшын тілінің сөздік қоры – 750 мың сөз. 8. Француз тілін білу – қажеттілік. 9. Ағылшын тілі француз тілін қолданыстан ығыстыруы әбден мүмкін. 10. Испан тілін меңгеру қызықты, әрі тартымды. 11. Француздардың тілдерін қызғыштай қоритынының себебі де – осы. 12. Қазіргі кезде он адамның сегізі ағылшын тілінде сөйлейді екен.

19. Мәтін мазмұнына өзгеріс енгізе отырып, айтып беріңіздер. Тыңдап отырғандар сіздер енгізген өзгерістерді байқап, қандай өзгерістер екенін айтсын.



20. Екі бағандағы айтылыстарды біріктіріп, «Қазақстанның тұңғыш елшісі» атты тақырыпта қолдау/құптау/келісу мағынасында шағын сұхбаттар құрастырыңыздар.

Дипломат Марокко Корольдігінде Төтенше және Өкілетті елші болған.	1		а	Дұрыс айтасың, елші болып жүрген кезінде, түрлі гастрольдер де ұйымдастырған екен.
«Қазақстанның халық өнері» көрмесін ұйымдастыруға да мұрындық болған.	2		ә	Иә, халқының болашағы үшін аянбай тер төкті.
Мәлік Сабырұлы өз еліне, халқына адал қызмет етті	3		б	Иә, сол елде бірнеше жыл қажырлы еңбек етті.
Дипломатия саласының биік төрінен көріне білді.	4		в	Иә, ол әскери зауытта жұмыс істеді.
Басынан өткізген қиын жағдайлар оның мінезін шыңдай түсті.	5		г	Болған жағдайлар оны жігерлендіре түсті.

Елші Алматы мен Мекнес қалаларын бауырлас қала ету жөніндегі хаттамаға қол қойды.	6		Ғ	Шынында да, ол дипломатия саласының негізін қалады.
Соғыс жылдары да ол шет қалмай, өз көмегін көрсетті.	7		д	Рас, мұның өзі екі ел арасындағы достық қатынастардың нығая түсуіне септігін тигізді.

21. «Қазақстанның сыртқы саясаты» деген тақырыпқа екеуара сөйлесіңіздер. Әңгімені өзара сұрақ қою арқылы дамытып, серіктесіңіздің пікіріне кейде қарсы шығып, кейде келісе отырып сұхбаттасыңыздар. Төмендегі үлгіні пайдаланыңыздар.

Үлгі-сұхбат:

– Елімізде тұрақты, бейбіт тіршілік қалыптасқанын халқымыз мақтан етеді. Менің атам осы жағын жиі айтып қуанып отырады.

– Әрине, шынында да қуанатын, мақтан ететін жағдай ғой. Оның үстіне елімізде қанша ұлттың өкілдері бір үйдің адамдарындай тату өмір сүріп келеді.

– Мұның барлығы Елбасымыздың жүргізіп отырған сындарлы сыртқы саясатының нәтижесі ғой! Өне, көрші елдерді қарашы, қандай қиын жағдайда? Халықтың жағдайын неге ойламайды екен?

– Кім білсін? Ойламайды дейсің бе? Міне, осындай себептерден кейін ғой – білімді, көреген, мәмілегер басшының керек болатыны. Сен қалай ойлайсың?

– Дұрыс айтасың! Бірақ мемлекет басшысынан гөрі бұл тұста дипломаттардың жұмысы маңыздырақ па деймін?! Ел мен елдің арасындағы қақтығыстарды ойлағанда дипломаттардың жұмысының да жеңіл еместігі көзге елестейді.

– О, не дегенің?! Дипломаттың жұмысы осындайда көрінеді емес пе? Ол өте жауапты, әрі маңызды жұмыс қой. Алайда дипломаттар мемлекет басшысының саясаты бойынша жұмыс істейтінін естен шығаруға болмайды.

– Иә, «Елдестірмек елшіден» деп бекер айтты дейсің бе?

22. «Бизнес тілі» деген ұғымды қалай түсінесіз? Тіл халықаралық бизнес тілі деңгейіне көтерілу үшін қандай алғышарттар қажет?

23. «Француз тілінің қазіргі беделі» тақырыбына екі бағандағы айтылыстарды пайдаланып, қарсы шығу/құптамау/келіспеу мағынасында шағын сұхбаттар құрастырыңыздар.

Халықаралық бизнес тілі – француз тілі.	1		а	Иә, сен де айтады екенсің! Ол елдер баяғыда-ақ өздерінің тіл жөніндегі заңдарына өзгерістер енгізген.
XVI ғасырдан бастап француз тілі халықаралық тіл ретінде қолданысқа түсе бастады.	2		ә	Несін айтасың? Қазіргі кезде он адамның сегізі француз емес, ағылшын тілінде сөйлейді ғой...
XIX ғасырға дейін бес адамның төртеуі француз тілін білген.	3		б	Жоқ, қателесіп тұрсың. XVII ғасырдан бастап қолданысқа түсе бастады емес пе!
Бірқатар елдер француз тілін өздерінің мемлекеттік тілі етіп бекіткен.	4		в	Қайдам? Француз тілі ағылшын тілінен кейінгі орында тұр емес пе, ал адамдардың француз тіліне деген қызығушылықтары төмендеген.
Француз тілінің сөздік қоры 60 мың сөзден тұрады.	5		г	Сен оған сенімдімісің? Ағылшын тілінің сөздік қоры 750 мың сөзге дейін жеткендігін білесің бе?
Француз тілін басқа ел азаматтары үйренуге қызығушылық танытып отыр.	6		ғ	Мен мұнымен мүлде келіспеймін. Халықаралық бизнес тілі – ағылшын тілі.

Ағылшын тілі француз тілін қолданыстан ығыстыра алмайды.	7		д	Сол да сөз боп па? Оның 1500-дей сөзі ағылшын тілінен енген кірме сөздер екенін білесіз бе?
--	---	--	---	---

24. Жағдаят бойынша сұхбат құрыңыздар.

1-жағдаят. Сіздің досыңыз «Халықаралық бизнес тілі – француз тілі» деп есептейді. Ал сіз онымен келіспейсіз. Сіздің ойыңызша, халықаралық бизнес тілі – ағылшын тілі. Жоғарыдағы мәліметтерді пайдаланып, өзара пікір алмасу мақсатында сұхбаттасыңыздар.

2-жағдаят. Егер Сіз дипломат болсаңыз, қай елге елші ретінде шығар едіңіз? Қазақстанмен қай елдің дипломатиялық қатынас орнатқанын қалайсыз?

Сұхбат барысында төмендегі айтылыстарды пайдаланыңыздар.

1. Егер мен елші болсам,
2. дипломатиялық қатынастар орнатуға күш салар едім.
3. Өйткені Қазақстан үшін ...елмен байланыс орнатудың маңызы зор.
4. Менің арманым -
5. табыстарға қол жеткізуге болады.
6. Дипломат ұтымды қолдана білуі керек.
7. Меніңше, дипломат ... болуы керек.
8. Қазіргі кезде ... арасындағы ...байланыстарды дамыту қажет.
9. Ол үшін атқарылуы тиіс.

25. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Ежелгі заманда дипломатиялық елшіліктер белгілі бір жағдайларға байланысты бір елден екінші елге барып, келісім жасалынғаннан кейін көп ұзамай елдеріне қайтып отырған. ХУ ғасырдың орта тұсынан бастап кейбір мемлекеттер шет елдерде тұрақты елшіліктер ұстай бастады. Қазақстанның дипломатиясы Абылай ханнан бастау алады десе, енді бір шетелдік саясаткерлер қазақ хандығының тарихында шайқастар, шапқыншылықтар жиі болып тұрғанын, елшіліктер, елшілердің болмағанын, дипломатиялық келіссөздер жүргізілмегенін алға тартады.

Міндет:

1. Қазақ хандығы тарихында дипломатиялық келіссөз жүргізу шеберлігінің сан түрлі үлгілері (бітімге келу, одақ құру, дау-дамайды шешу) болғанын деректер келтіріп, дәлелденіз.

2. Өткен замандағы және қазіргі замандағы қазақ елінің дипломатиялық қарым-қатынас бойынша ұстанған бағытын көрсететін кесте жасаңыз.

26. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Қазақстан және Сауд Арабиясы арасындағы дипломатиялық қатынастар» деген тақырыпқа слайд әзірлеп, ақпарат құралдарынан мәлімет жинастырып, жоба дайындаңыздар. Жобаның тұсаукесерін өткізіңіздер;

б. «Жапония мен Қазақстан арасындағы халықаралық қатынастар» тақырыбына шығарма жазу үшін жоспар жасап келіңіздер.

Түгел сөздің түбі бір

- а. Көне түркі жәдігерлері сыр шертеді
- ә. Көне түркі жазуын меңгереміз

1. Танымдық сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Көне түркі жазуы туралы не білесіздер?
- ә. Қандай көне түркі жазба ескерткіштерін білесіздер?
- б. Латын әліпбиіне көшу туралы не ойлайсыздар?



2. Мәтінді қарап, таныса оқыңыздар.



Көне түркі жазуы

Жазу – адамның ой-пікірін, басқа адамға хабарлап айтқысы келген сөзін, мағлұматын таңбалар арқылы жеткізуді қамтамасыз ететін белгілер жүйесі. Оның алғашқы нұсқалары өте ерте заманда жасалды. Адамдар алғашқы жазу құралы ретінде саз балшықтан жасалған тақтаны, ағаштың қабығын, басқа да заттарды пайдаланған. Адамзат тарихындағы жазу төрт түрге бөлінеді: 1) пикто-

графиялық жазу – жазудың ең көне түрі. Зерттеушілер жазудың бұл түрі неолит дәуірінде пайда болған деп есептейді. Мұнда хабарлануға тиісті оқиғаға қатысты заттардың суреті салынады; 2) идеографиялық жазу – жекелеген сөздерді, морфемаларды сурет немесе шартты таңбалар арқылы белгілейді. Онда әр сөздің тұрақты графикалық таңбасы, әр таңбаның меншікті мағынасы болады. Идеографиялық жазудың бір түрі – иероглиф жазуы; 3) буын жазуында – сөз құрамындағы әрбір буын жеке таңбамен белгіленеді; 4) дыбыстық жазу (әріп жазуы) – жазудың дамып жетілген түрі, тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Дыбыстық жазулардың ең көне түрлері – финикий, арамей және грек жазулары.

Көне түркі жазуы да дыбыстық жазудың ең ежелгі түріне жатады. Көне түркі жазуы деп YI-YIII ғасырларда Қытайдың солтүстігіндегі Хангай таулары мен батыс солтүстіктегі Алтай тауларын және Орта Азияның ұлан-байтақ өңірлерін мекендеген түркі тілді тайпалар қолданған жазуды айтамыз. Бұл жазу көне Түркі қағандығы тұсында (552-744 жылдар) құлпытастарға жазылғандығы себепті соңғы зерттеушілер оны «көне түркі жазуы» деп атаған. Ал бұл жазуды сыртқы пішіні скандинавия руналарына ұқсаңқырауына байланысты «руникалық жазу» деп те атайды. Скандинавия халқының тілінде «Руни», яғни «руна» деген сөз қазақшаға аударғанда «сыры ашылмаған құпия» деген мағынаны беретін көрінеді. Жазудың Сібірдегі Лена өзендерінің аңғарларынан, Моңғолиядағы Орхон, Енисей, Селенга, Онгін өзендерінің алқабынан, Орта Азиядағы Талас, Сыр өзендерінің бойларынан табылуына байланысты оны сол өңірдің жер-су аттарымен «Орхон-Енисей жазуы», «Талас жазуы» деп те атап жүр.

Көне түркі жазуында жиыны қырық таңба бар. Ол – бір түрлі дыбыстық және буындық жазудың араласуынан құралған жазу. Бертінде неміс ғалымы О.Прицак қайталап зерттеу нәтижесінде бұл жазуды нағыз буындық жазу деп тұрақтандырған.

Қазақ халқының жазу тарихы көне түркі жазуынан басталған. Түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы кейін мұсылман дінінің таралуымен бірге келген араб әліпбиін ұзақ уақыт қолданды. 1926 жылы Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиін қазақ тілінің ерекшеліктеріне сәйкес жеңілдетіп, “төте жазу” әліпбиін жасады. 1929 жылдан бастап 1940 жылға дейін қазақ халқы латын әліпбиінде жазып келіп, кейін кириллицаға көшті. Қазіргі түркі мем-

лекеттерінің көпшілігінде латын әліпбиіне негізделген жазуға көшу үрдісі қайтадан бел алып келеді.

3. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) Жазу дегеніміз не? Оның қажеттілігі неден туындаған деп ойлайсыз?

ә) Жазудың неше түрі бар және олар халық мәдениетінің өсу көрсеткіші бола ала ма?

б) Көне түркі жазуының тарихы қай ғасырдан басталады?

в) Көне түркі жазуын неге «көне түркі жазуы» деп атаған?

г) Бұл жазуды неге әр түрлі атаған?

ғ) Қазақ халқының жазу тарихы неден басталған?

4. Мәтін мазмұнына сүйене отырып, сол бағандағы сөздерді оң бағандағы сөздермен сәйкестендіріңіздер.

шартты	ағаштың қабығы
таңбалар	қазіргі жаңа бағыт
алғашқы жазу құралы	әр буынның жеке таңбасы
жазудың көне түрі	дыбыстық жазу
жазудың дамыған түрі	жүйесі
латын әліпбиі	пиктографиялық жазу
буын жазуы	белгілер

5. Оң жақтағы бағаннан сол жақтағы бағанға мағына жағынан жақын келетін сөз тіркестерін сәйкестендіріңіздер.

қағандық	1	а	үлкен
заңғар	2	ә	кең дала
алқап	3	б	хандық
құлпытас	4	в	жағалау
аңғар	5	г	ескерткіш тастар

6. Мәтін мазмұнына сүйеніп, төмендегі сөздерді пайдалана отырып, жұп болып сұхбаттасыңыздар. Кестедегі орны ауысқан сөйлемдерді орнына қойыңыздар.

Пайдаланатын сөздер: а) мүмкін; ә) солай ма; б) әттеген-ай; в) шығар

Біздің дәуірімізге дейін де жазу болыпты ғой.	Білетінмін. Менің әкем тілші ғой. Үйде сөз арасында айтып отыратын.
Мүмкін, содан есінде қалған шығар? Руна жазуы туралы мен бірінші рет естідім.	Мен де әкемнен «Көне түркі жазуы» дегенді естігенмін. Руна жазуы деген мен үшін де жаңалық.
Сен оны бүгінгі мәтінге дейін де білуші ме едің?	Әрине, болған.
Ол ат жазудың скандинавия руналарына ұқсауынан алынған екен ғой! Әттеген-ай, қазақтың бір таңбасына ұқсағанда ғой!	Солай ма? Сырдың бойынан табылып па? Бұл бір жағынан мақтануға тұрарлық екен.
Біздің Талас, Сыр өзендерінің бойынан табылыпты. Мұның өзі де тегін емес шығар?	Иә, адам көрген затын, шынында да, әуелі өзіне таныс затқа ұқсатады ғой!

7. Төмендегі полилогты оқыңыздар, қарамен берілген сөздердің ұсынылған айтылыстардың қайсысының мағынасына сәйкес келетінін тауып, жазыңыздар.

а. күдіктің жоқтығына деген сенім;

ә. қарсы болу;

с. сенімсіздік, күдіктену;

в. бейқамдық

а. Мұрат: Жазу туралы мәліметтер іздестірдің бе?

Ерлан: **Әрине.** Мен мұндай кереметті кездестірем деп ойлаппын ба? Қазынаға кезіктім.

ә. Ерлан: Сен ертең менімен бірге кітапханаға жүрші! Өз көзіңмен көресің.

Мұрат: **Білмеймін.** Менің уақытым бола қояр ма екен? Мүмкін Талғат барар?

Талғат: Өзің барғың келмеген жерге мені жібермексің бе? Тапқан екенсің бос жүрген адамды!

б. *Мұрат*: Кітапханаға барсаң, мен үшін де қарай сал!

Ерлан: **Жоқ**. Мен сен үшін қарай алмаймын, себебі кітапхана дүкеннен нан сатып алу емес қой!

8. Жазу жөнінде мына жоспарға сүйеніп, шағын шығарма жазыңыздар:

- а. Жазу – адамның мәдениетінің көрсеткіші;
- ә. Жазу мен айтудың айырмашылығы;
- б. Жазу – тілдесімнің бір түрі.

9. Мәтінмен танысып, ең маңызды деген ақпаратты оң жақтағы бағанға жазыңыздар да, ол туралы білетіндеріңізді айтыңыздар.

Көне Түркі жазулары немесе Көне түркі алфавиті – дыбыстық жазу түрі, яғни сөздегі дыбыстарды таңбалап жазады. Негізінен YI-X ғасырларда үлкен аймаққа таралған Көне Түркі жазуларын ғалымдар үш топқа бөліп қарайды:

- Енисей ескерткіштері.
- Талас ескерткіштері.
- Орхон ескерткіштері.

Енисей ескерткіштеріне Енисей бойынан және Тува, Хакас, Алтай республикаларының (бәрі де Ресей құрамындағы Түркі республикалары) аймағынан және Ресейдің Батыс Сібірде орналасқан Жаңасібір (Новосибирск) облысы мен Ертіс бойынан табылған жазулар жатады. Оның қолданылған, жазылған жылдары – Y-YII ғасырлардың аралығы. Бұл аймақтан табылып отырған көне Түркі жазба ескерткіштерінің жалпы саны қазіргі кезде шамамен 150-дей.

Талас ескерткіштері жазулары Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Сыр бойы мен Қырғызстан аймақтарына таралған, соның ішінде көп шоғырланған жері – қазіргі Жамбыл облысында. Қолданылған

мезгілі – ҮШ ғасыр. Ескерткіштердің жалпы саны – шамамен 20 шақты.

Орхон ескерткіштеріне Моңғолиядағы Орхон, Селенг, Тола өзендерінің бойынан және Ресейдегі Минусинск ойпатынан табылған ескерткіштер жатады. Қолданылған мезгілі – ҮІІ-ҮШ ғасырлар. Ескерткіштердің жалпы саны 30 шақты. Алайда ең көлемді, ұзақ мәтінді жазбалар осы топқа жатады. Бұның ішінде тарихи құндылығы жағынан «Құтлығ қаған», «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк», «Күлі Чор» және «Мойын Чор» ескерткіштерінің орны ерекше. Яғни, Көне Түркі жазулары Ү-ҮШ ғасырлар аралығында Сібір, Моңғолия, Шыңжаң, Қазақстан, Қырғызстан және Оңтүстік Ресей жерінде кеңінен қолданылған деген қорытынды айтуға болады.

10. Мәтіндегі жер-су атауларына қысқаша сипаттама беріңіздер.

Сібір, Моңғолия, Шыңжаң, Қазақстан, Қырғызстан және Оңтүстік Ресей жері.

11. Сұхбаттасыңыздар. Берілген үлгіні басшылыққа алыңыздар. Ұсынылған сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіздер.

Үлгі: Зерттеушілер «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк» сияқты ескерткіштердің орны ерекше екенін айтады.

– Мен бұл туралы мүлдем естімеппін. Олардың ерекшелігі неде?

– Бұл ескерткіштерде ұзақ мәтінді жазбалар және тарихи құндылығы жоғары жазбалар сақталған.

– Керемет екен! Сонда оларда не айтылды екен?

– Анық білмеймін. Ол үшін филология факультетінде оқу керек еді! Мен «Білге қаған» туралы тарих сабағында естігенмін. Ал жазу дегеніміз не? Оның қажеттілігі неден туындаған деп ойлайсың?

– Иә, бұл ойланатын сұрақ. Бұл үшін әдебиеттерді ақтарып қарау керек. Бір білетінім – жазылған нәрсені сақтап қоюға болады, ұмытылмайды.

– Иә, дұрыс айтасың, керек кезінде түзетуге, өзгеріс енгізуге болады. Ауызша айтылған сөз ұмытылып қалуы мүмкін.

– Жазу халық мәдениетінің өсу көрсеткіші бола ала ма?

– Әрине, болады. Түсінемін, бірақ таратып айта алмаймын.



Тілдік анықтамалық. *Тілімізде қандай, қай? деген сұраққа жауап беріп, заттың сынын, сапасын білдіретін сөздер бар: Алтын сағат, қолаң қара шаш, жаңа оқулық.*

12. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Боямасыз табиғи түстер»

Ойынның мақсаты: Грамматикалық дағдыны бекіту.

Ойынның жүрісі: Студенттер екі топқа бөлінеді. Әр топ бір түстен тұратын зат атауларын атайды. Төменде берілген түстерге табиғаттан түстері сондай болып келетін (боямасыз) заттарды жазу керек. Бір түстен тұратын зат атауларын көп атаған топ жеңеді.

Түстер	Заттар
Ақ	қар, сүт, айран, кілегей, қаймақ, қант.... .
Қызыл	
Көк	
Жасыл	
Сары	
Қара	

13. Заттың сынын, сапасын білдіретін сөздерді тауып, құрылымына қарай ажыратыңыздар.


1. Адамдар алғашқы жазу құралы ретінде саз балшықтан жасалған тақтаны, ағаштың қабығын пайдаланған. 2. Пиктографиялық жазу – жазудың ең көне түрі. Зерттеушілер жазудың бұл түрі неолит дәуірінде пайда болған деп есептейді. Мұнда хабарлануға тиісті оқиғаның желісі айқын сурет түрінде беріледі. 3. Идеографиялық жазуда жекелеген сөздерді, морфемаларды сурет немесе шартты таңбалар арқылы берудің меншікті мағынасы болады. 4. Дыбыстық жазу (әріп жазуы) – жазудың дамып жетілген түрі, тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Дыбыстық жазулардың ең көне түрлері – финикий, арамей және грек жазулары.

14. Сөйлемдердің мағынасын бұзбай өзгертіп жазыңыздар.

Үлгі: 1. Дыбыстық жазудың ең ежелгі түрі – көне түркі жазуы.

1. Көне түркі жазуы дыбыстық жазудың ең ежелгі түріне жатады.
2. Қазақ халқының жазу тарихы көне түркі жазуынан басталған.
3. Түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы кейін мұсылман дінінің таралуымен бірге келген араб әліпбиін ұзақ уақыт қолданды.

15. Берілген сөйлемдерге «қандай?» деген сұраққа жауап беретін сөзді не сөз тіркесін қосып, сөйлемдерді кеңейтіңіздер.



16. «Сөз тас жарарды, тас жармаса бас жарарды» тақырыбына эссе жазыңыздар.

Тірек сөздер: *сөз өнері, би, шешен, тіл, өткір тіл, бағалау, бай қазына, мағына, мақал-мәтел, даналық, ойдың анықтығы мен нақтылығы.*



17. Мәтінді тыңдап, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыздар.

1. 1926 жылы Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиін қазақ тілінің (1) ... сәйкес жеңілдетіп, “төте жазу” әліпбиін жасады. 2. 1929 жылдан бастап 1940 жылға дейін қазақ халқы латын (2)... жазып келіп, кейін кириллицаға көшті. 3. Қазіргі түркі мемлекеттерінің көпшілігінде латын (3)... негізделген жазуға көшу (4) ... қайтадан бел алып келеді.

1. а) ерекшелік; ә) ерекшелігі; б) ерекшеліктеріне; в) ерекшелігін; г) ерекшелігінен.

2. а) әліпбиі; ә) әліпбиінен; б) әліпби; в) әліпбиінде; г) әліпбиімен.
 3. а) әліпбиінен; ә) әліпбиін; б) әліпбиі; в) әліпбиімен; г) әліпбиіне.
 4. а) үрдісі; ә) үрдісінен; б) үрдісімен; в) үрдісін; г) үрдісінде.

18. Тындаған мәтінге ат қойыңыздар.

19. Мәтіндегі негізгі ойды ары қарай жалғастырыңыздар.

20. Мәтіннің екі-үш сөйлемі өзгертіліп қайтадан оқылады. Түсіп қалған сөздер мен қосылған сөздерді табыңыздар.




21. Екі топтың арасында пікірсайыс өткізіңіздер.

1-топ «Латын әліпбиіне көшу мәселесін құптаймыз».

2-топ «Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз».

22. а. Сұхбаттасыңыздар. Жағдаят бойынша тілдескен студенттердің сөздеріне назар аударыңыздар.



ә. Жағдаяттар бойынша осыған ұқсас сұхбат құрыңыздар.

1. Бұрынғы жазуымыз кириллица еді ғой!
2. Бүкіл мұрамыз араб тілінде сақталған.
3. Көне түркі жазуының тарихын да білу қажет.
4. Мені жазудың тарихы қызықтырмайды.

б. Сұхбаттың алғашқы екі сөйлемі берілген. Үшінші сөйлемін өздеріңіз айтыңыздар. Болжам мағыналы сөздерді қолданыңыздар.

Үлгі: – Сен ата-әжеңмен тұрасың ба?

– Иә.

– Сенің ата-анаң жиі ренжіседі ғой? Мүмкін, олармен сол себептен бірге тұрғың келмейтін шығар?!

1. – Бүгін кешке үйде болмаймын.

– Солай ма? Сенімен кездесем деп едім.

–

2. – Ұлттық құндылықтарымызды білу парыз.

– Оның қажеті қанша?

–

3. – Әліпбиді ауыстыру оңай шаруа емес.

– Иә, өте қиын! Сонда не істеуіміз керек?

–

4. – Жаңа істі бастау ешқашан да кеш емес.

– Дұрыс айтасың! Бірақ жазу сияқты мәселені бастау оңай емес.

–

23. Төмендегі жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

1-жағдаят. Радиодан «Латын әліпбиіне көшу бюджетке біраз салмақ түсіреді, әрі оқытып үйрететін мекемелер мен ұстаздарды дайындау қажет болады» деген ақпаратты естідіңіз. Сіз бұл оймен толық келісесіз. Құптай отырып, өз ойыңызды одан әрі өрбітіңіз.

2-жағдаят. Сіздің анаңыз қолмен жазғанды ұнатады. «Қазір адамдар қаламсап дегенді ұмытты, бәрі компьютерде теріледі. Бұл адамдардың қолмен жазу дағдысын төмендетеді. Ал қолмен жазу пайдалы. Ол адамның мәдениетін, сауатын көрсетеді», – деп санайды. Сіз бұл оймен келіспейсіз. Анаңызға қарсы пікір білдіріңіз.

24. Берілген тірек сөздер негізінде «А. Байтұрсынов және әліпби мәселесі» тақырыбына шағын шығарма жазыңыздар.

Тірек сөздер: *ғалым, тілші, қазақ әліпбиінің атасы, төте жазу, меңгеру, араб, хат, мұра, мәлімет, еңбек, қазақ тілі, ерекшелік, жеңіл.*

25. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Тілдің өміршеңдігі ұлттық мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Жазу сауаттылығы - ойымызды өз деңгейінде жеткізетін күнделікті өмірдегі маңызды құрал. Жазу – адамның мәдениетінің көрсеткіші. Өкінішке қарай, қазір жастарымыздың көпшілігі дұрыс жаза білу мәдениетін қалыптастырмаған. Оның себебі, қазіргі кезде көркем жазуға көңіл бөлінбейді. Қолмен жазғаннан гөрі, компьютерде тергенді артық көреді. Жазудың маңызын көбісі түсіне бермейді. Мұны әлеуметтік желілерде немесе жеке жазу барысында аңғарып жүрміз. Тыныс белгілерді былай қойғанда, кейбір сөздерді құлаққа қалай естілсе, солай жазып жүргендер де кездеседі.

Міндет:

1. Жазу – адам мәдениетінің көрсеткіші екенін дәлелденіз.
2. Жазбаша сөйлесу мен ауызша сөйлесудің айырмашылығын, артықшылығы мен кемшілігін көрсетіп, баяндама жасаңыз.

26. «Көне түркі жәдігерлері сыр шертеді» тақырыбына жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер.

27. Қорытынды тапсырма:

- а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;
- ә. «Көне түркі жазба ескерткіштері» туралы тағы не білгіңіз келетінін жазып келіңіз;
- б. «Жазу және оның адам өміріндегі маңызы» атты тақырыпқа шығарма жазу үшін жоспар жасап келіңіздер.

Түгел сөздің түбі бір

Орта ғасыр ойшылдары

1. Танымдық сұрақтарға жауап әзірлеңіздер.

а. Орта ғасыр ойшылдарынан кімдердің есімдерін атар едіңіздер?


ә. Әл-Фараби туралы не білесіздер?

б. Әл-Фараби қандай ғылым салаларын зерттеген?

в. Ғұламаның қандай еңбектері бар?

г. Ойшылдың қандай нақыл сөздерін білесіздер?

2. Әмбебап ғалым туралы білетін мәліметтеріңізді бос ұяшықтарға орналастырыңыздар.



3. Мәтінді мұқият оқып шығып, тапсырмаларды орындаңыздар.

4. Ғұламаның өмірімен танысып, қарамен берілген сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыздар.

5. Ғұлама өмірінің ең маңызды кезеңдерін оң жақтағы кестеге толтырыңыздар.

Әл-Фарабидің әкесі – Ұзлағ, арғы атасы – Тархан. Туған жері – қазақтың ежелгі қаласы Отырар. Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған.

сөздері») деген соңғы шығармасында ол: «Адам ғылымға түрліше **тосқауыл жасайтын** мемлекеттен кетіп, ғылым өркен жайған елде тұруға тиіс», – дейді.

Біздің заманға Әл-Фарабидің тек негізгі шығармалары ғана келіп жетті. Ол шығармалар ежелден-ақ жұртшылыққа танымал болды. Сондай-ақ ол шығармалар философиялық және ғылыми ойдың одан кейінгі дамуына орасан зор ықпал етіп, теңдесі жоқ әсерін тигізді.

Әл-Фараби Аристотельден кейінгі «Екінші Ұстаз» атанып, **даңққа бөленген**. Ол жастайынан-ақ ұлы Аристотельдің, Платонның, ерте дүниедегі Грецияның басқа да философтарының шығармаларымен танысқан. Әл-Фараби Аристотельдің, Әл-Киндидің **ізін қуып**, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетеді.

Әл-Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Ғұламадан бізге жеткен ең үлкен ғылыми-теориялық еңбек – «Музыканың ұлы кітабы» болып табылады. Медицина жөнінде «Жануарлар ағзалары», «Темпераменттер туралы» өзге де көптеген еңбектер жазған.

Әл-Фараби өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге **көңіл бөліп**, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық, білім категорияларының **бетін ашып**, олардың негізін дәлелдеп берді. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді.

Әл-Фараби 950 жылы 80 жасында қайтыс болды. Бейіті қазір Сирия жеріндегі Баб әс-Сағир зиратында жатыр.

6. Мәтін мазмұнына берліген жоспарға назар аударыңыздар, осы жоспарға тағы не қосуға болады? Төмендегі жоспарды басшылыққа алып, өз жоспарыңыздан да қосып, мәтін мазмұнын айтып беріңіздер:

- а.** Әл-Фарабидің оқымыстылар арасында бедел алуы;
- ә.** Әл-Фарабидің Бағдадтан кетуі;
- б.** Әл-Фарабидің негізгі шығармалары;
- в.** Әл-Фарабидің «Екінші Ұстаз» атануы;
- г.** *Әл-Фараби шығармалары қамтыған негізгі мәселелер.*

7. Төмендегі сөздердің синонимдерін мәтіннен тауып жазыңыздар.

Ынтызарлық, сабырлы, сана, амалсыздан, ықпал, әдемілік, мола, даму, кедергі, мәлім, тамаша, уағыздау.

8. Оң жақ бағандағы сөздердің баламасын сол жақ бағаннан табыңыздар. Стилистикалық бояуы бар айтылыстардың мағынасын түсініп алыңыздар.

бөгет жасау	1		а	бетін ашу
анықтау	2		ә	даңққа бөлеу
құрметтеу	3		б	тосқауыл жасау
білімсіз, надан	4		в	ізін қуу
соңынан ілесу	5		г	өресі тайыз болу

9. Сұхбаттың бірінші сөйлемінің мағынасы екінші сөйлемде экспрессивті мағынада берілуі тиіс.

Үлгі:

– Мұрат жақында өтетін олимпиаданы қатты уайымдап жүр.

– Иә, ойлайтыны – бір ғана сол олимпиада.

1. – Әл-Фараби өз заманында даңққа бөленген.

–

2. – Әл-Фараби ғылымның көптеген салаларымен айналысқан.

–

3. – Оның шығармалары ежелден-ақ халыққа танымал болды.

–

4. – Ол әлемнің ғұлама ғалымдарымен кездескен.

–

10. Өз қалауларыңыз бойынша мәтіннің басын, аяғын, ортасын өзгертіп, мазмұнын айтып беріңіздер.

11. Искери стильге үйренейік!

1. Оқылым мәтініне сүйеніп, Әл-Фараби өмірінің түйіндемесін жазыңыздар.

Аты-жөні:	
Туған жылы:	
Туған жері:	
Білім алған жері:	
Айналысқан ғылым саласы:	
Еңбектері:	
Тіл білуі:	
Қызығушылықтары:	

2. Әл-Фараби өмірбаянының түйіндемесі бойынша мына мәселелерді бөліп алыңыз: а) қиындықтары; ә) өнегелі тұстары; б) Әл-Фарабидің қай сөзі Сізге ерекше әсер етті және неліктен? Өз ойыңызды эссе түрінде жазып беріңіз.

12. «Ұлы ойшыл – Әл-Фараби» тақырыбына жоба дайындаңыздар.



Тілдік анықтамалық. *Еске түсіріңіздер! Шарттылық мағынасын беру үшін егер, онда сөздерін және са/се қосымшасын қолданамыз.*

Үлгі: Егер адам өзіне-өзі сенімді болса, *онда* ол ештеңеден қаймықпайды.

13. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Егер мен болсам...»

Ойынның мақсаты: Айтылған ойға шарттылық мағынасын беруге дағдыландыру.

а. Ойынның жүрісі: Оқытушы студенттерге өздерін киноактер, жазушы, әнші, елші тағы басқа да көптеген мамандық иелері ретінде елестетуді тапсырады. Содан соң олар төмендегі сұраққа жауап береді. Жоғары ұпай сұраққа толық және қатесіз жауап берген, сондай-ақ жауабы ерекше болған студентке қойылады.

Егер сен киноактер
(жазушы, елші, т.б.)
болса? не істер еді??

Егер мен киноактер
болсам, онда....

э. Ойынның жүрісі: Адамның мінезі оның іс-әрекетінен қалай көрінетінін «егер, онда» құрылымы бойынша айту керек.

Оқытушы әуелі «егер» деп бастап, бір студентке құлағын тосады, содан соң «онда» деп бастап, екінші студентке құлағын тосады. Ол сөйлемді аяқтайды. Оқытушы екі студенттің сөйлемін қосып айтады. Нәтижесінде әр қилы қызық сөйлемдер шығады.

14. Адамның мінезі оның іс-әрекетінен қалай көрінетінін байқағандарыңыз бойынша жазыңыздар. «Егер, онда» құрылымын пайдаланыңыздар. Сөйлемнің басы беріледі, соңын өздеріңіз жазыңыздар.

1. Егер адам байсалды болса, онда
2. Егер адамды өзінің үйреніп жүрген ғылым саласы қызықтырса, онда
3. Егер студенттер жақсы білім алып шықса,
4. Егер студент жеңілтек болса, онда.....

15. Күрделі сөйлем берілді. Соңғы сөйлемге сәйкес келетін шарттылық мағынасы бірінші сөйлемде айтылуы тиіс.

Үлгі: Егер адамның өресі биік болса, онда ол парасатты болар еді.

1., онда анам ашуланар еді.
2., онда әкем ренжиді.
3., онда бәріміз қуанар едік.
4., онда ғылым бұдан да әрі дамиды еді.

16. Төмендегі тірек сөздерді пайдаланып, Әл-Фарабиге мінездеме беріп көріңіздер.

Тірек сөздер: игілікті істерге талпыну, адамгершілігі жоғары, әділетсіздікке қарсы тұру, парасатты, мейірімділік, білімдарлық, алғыр, ақылды, өресі биік, асқан байсалдылық.

17. «Білім мен тәрбие егіз» тақырыбына эссе жазыңыздар.



18. Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Отыз күннен тұратын уақыт өлшемі қалай аталады?	
2. Халықтық наным-сенімдерге қатысты деректер қай тарауда берілген?	
3. Доңыз жылының нышаны қандай?	
4. Тауық жылының қандай қасиеті бар?	
5. Энциклопедиялық білімі бар ғажап ғалым кім?	

19. Мәтінде кездеспейтін ақпаратты табыңыздар.

а. Жылдың он екіден бір бөлігі Ай деп аталады.	ә. Сиыр жылы кірсе, молшылық болады.
б. Түркілер осы жылдардың әрқайсысында бір қасиет бар деп есептейді	в. Шығыс елдерінде тұңғыш педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты.
г. «Түркі халықтарының жыл қайыруы» деп аталатын тарауы өте қызық.	ғ. Астрономиялық түсініктер мен аспан жұлдыздарын зерттеген.

20. Тыңдалған мәтіннен төменде берілген сөздердің синонимдерін табыңыздар.

Белгі	1		а	
Көк	2		ә	
Мезгіл	3		б	
Нөсер	4		в	
Молаю	5		г	
Ойлау	6		ғ	
Ену	7		д	

21. Мәтін мазмұнына өзгеріс енгізе отырып, айтып беріңіздер. Тындап отырғандар сіз енгізген өзгерістерді байқап, қандай өзгерістер екенін айтсын.

22. Мәтін мазмұнына баға беріңіздер.



23. Мәтін мазмұны бойынша сұхбат құрыңыздар. Сұхбат-баттасу үстінде «мүмкін, әрине, солай ма, шығар, шіркін, бәсе, керемет» деген сөздерді пайдаланып, тандана, сүйсіне сөйлесіңіздер.

Үлгі-сұхбат:

Б: Білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетелеуімен әл-Фараби бірнеше мәдени орталықтарға саяхат жасаған деседі.

Д: *Солай ма*, жастық шақта дүниедегі құбылыс біткеннің бәрі кісіге әрі ғажап, әрі таңсық көрінеді емес пе?!

Б: Өмірінің соңғы жылдарын Араб Халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдадта өткізіпті.

А: Иә, мұнда ол өз білімін әбден тиянақты меңгеріп, көрнекті ғалымдармен байланыс жасапты.

Д: Міне, *керемет*, ол өзінің білімдарлығы, ақылының алғырлығы және асқан байсалдылығы арқасында олардың арасында үлкен абырой-беделге ие болған да шығар.

Б: *Әрине*, Әл-Фараби – «Екінші Ұстаз» атанып, даңққа бөленген, данышпан ғұлама ғой.

(Сұхбатты ары қарай мәтін бойынша жалғастырыңыздар)

24. Әл-Фарабидің ойларына қалай қарайсыздар? Өз көзқарастарыңызбен бөлісіңіздер.

а. Фараби көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: көркемдік – адамның денесі мен рухани жан-дүниесінің, адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі боп саналады;

ә.«Тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден тұратын іс-әрекеттер дағдысы сіңіріледі».

25. Жағдаяттар бойынша сөйлесіңіздер.

1-жағдаят. Әл-Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Бұл пікірмен кейбіреулер келіспейді. Топ болып пікірталастырыңыздар.

2-жағдаят. Ойшыл: «Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі», – деген түйін жасайды. Сізге бұл пікір ұнайды. Осы жөнінде досыңызбен ой бөлісіңіз.

26. Әл-Фарабидің накыл сөздерін қалай түсінесіздер? Мағынасын өз сөздеріңізбен айтып беріңіздер.

а. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек»;

ә. «Қарны ашып өзегі талғанда, ешкімге қол жаймай, қорек тауып ішкен адамды Ұлы дер едім...»;

б. «Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз»;

в. г. «Этикалық ізгіліктерді – білім, тәрбие арқылы дарыту керек, сол арқылы адам игілікті істерге талпынады».

27. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Латын әліпбиіне көшу туралы сөз қозғалғаннан бастап жұртшылық арасында пікірталас өршіп кетті. Мысалы, «латын әліпбиін қабылдаған жағдайда келешек ұрпақ кириллицадағы бұрынғы бай жазба мұрамызды оқи алмай қалады» деген пікірге, екінші біреулер: «Қазақтың жазба мұрасы көп жылдық тарихы бар елдерге қарағанда (қытай, араб, француз) аз, сондықтан қазіргі жағдайда барлық жазба мұрамыз бен жәдігерлерімізді латын әрпіне бірте-бірте көшіріп алуға мемлекетіміздің мүмкіндігі жетпейді» – дейді. Мұндай пікірлер көп-ақ.

Тапсырма:

1. Қазіргі түркі мемлекеттерінің көпшілігі Өзбекстан, Түркменстан, Әзербайжан елдері бүгінде латын әліпбиіне көшкен. Латын әліпбиіне көшудің ең басты қажеттілігі неде? Ойыңызды эссе түрінде беріңіз.

Міндет:

2. Жаһандану заманында ақпараттың барлығы латын әліпбиінде таратылады десек, онда Қазақстанның да латын әліпбиіне көшетін уақыты жеткен сияқты. Латын әліпбиін үйренуге қанша уақыт кетеді деп ойлайсыз? Ойыңызды латын әліпбиіне көшкен мелекеттермен салыстыра отырып дәлелдеңіз.

28. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Орта ғасыр ойшылдары» туралы тағы не білгілеріңіз келетінін жазып келіңіздер;

б. Ақпарат құралдарынан «Әл-Фарабидің шығармашылығы» туралы мәлімет жинастырып, жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер.

Нобель сыйлығының лауреаттары

- а. Альфред Нобель сыйлығы
- ә. Нобель сыйлығының лауреаты


1. Танымдық сұрақтарға жауап әзірлеңіздер.

- а. Суреттегі ғалым сіздерге таныс па?
- ә. Альфред Нобель кім?
- б. Ол қай елдің ғалымы?




- в. Нобель сыйлығы қандай салалар бойынша беріледі?
- г. Нобель сыйлығының иегерлерінен кімдерді білесіздер?

2. Суретте не бейнеленген? Нобель сыйлығы туралы не білесіздер?



3. Суреттегі тұлға сіздерге таныс па? А.Эйнштейн туралы не білесіздер? Ол кім?

4. Қазақстанда Нобель сыйлығының иегерлері бар ма? Қазақстандық көрнекті ғалымдардан кімдердің есімдерін атар едіңіздер?



5. Мәтінді оқып, ұлы ғалымның нақыл сөздерін оң жақтағы бағанға жазыңыздар.

Нобель сыйлығы (*швед тілінде Nobelpriset, ағылшын тілінде Nobel Prize*) – жыл сайын әйгілі ғылыми зерттеу, революциялық жаңалықтар, мәдениет пен қоғамның дамуына зор үлес қосатын жұмыстар үшін берілетін халықаралық сыйлықтардың ішіндегі ең танымалдарының бірі.

Нобель сыйлығы – әлемдегі **ең беделді сыйлық**. Оның лауреаттары қатарында рентген сәулеленуін, пенициллинді ойлап тапқан атақты ғалымдар бар. Нобель сыйлығымен Нельсон Мандела, Барак Обама секілді танымал қайраткерлер марапатталған. Нобель сыйлығының иегерлері арасында Берта Зуттнер, Сельма Лагерлёф, Грация Деледда, Сигрид Унсет, Джейн Аддамс, Мария Кюри, Тереза шешей, Аун Сан Су Чжи, Ширин Эбади, Элизабет Элен Блэкберн сияқты әйел азаматшалар да бар.

Жыл сайын қазан айының басында бүкіл әлем назары Швеция мен Норвегия еліне ауады. Нобель сыйлығы 1901 жылдан бері әр жыл сайын физика, химия, медицина, әдебиет және бейбітшілік

салалары бойынша *елеулі жетістікке жеткен* ғалымдар мен ұйымдарға беріледі. Осы салтанатты марапаттау күнінде Швеция королі лауреаттарға Нобель медалін, диплом және ақшалай сыйлық тапсырады.

Нобель сыйлығы швед өнертапқышы және өнеркәсіп иесі Альфред Нобельдің (1833-1896) өсиеті бойынша құрылған. 1895 жылы жазылған өсиетте Нобель өзінің қаржы жағдайын *сенімді бағалы қағаз* күйінде ұстауды бұйырған.

Өсиетке сәйкес, марапат беруге Швеция мен Норвегия еліндегі төрт ұйым жауапты болуы қажет. Олар – Швед ғылым академиясы, Стокгольмдегі Каролин институты, Стокгольм академиясы, сондай-ақ, бес мүшеден тұратын Норвегия парламенті сайлаған комитет.

1901 жылы алғаш рет Нобель сыйлығы берілгеннен бастап, 2011 жылға дейін Нобель сыйлығы лауреаты атанған адамдар мен ұйымдар саны 853-ке жетті. Олардың 23-і ұйым болып есептеледі. Лауреат атанған адамдардың кейбірі мұндай құрметке *екі рет лайық болған*.

Физика саласында тұңғыш лауреат атанған адам – сәулеленуді ойлап тапқан Вильгельм Конрад Рентген болды. Рентген сәулеленуі қазіргі күнге дейін бүкіл әлемде медицина саласында қолданылып келеді. Вильгельм Конрад Рентгеннен басқа физика саласы бойынша Нобель сыйлығының иегерлері арасында Гендрик Антон Лоренц, Бор Нильс, Альберт Эйнштейн де бар.

Альберт Эйнштейн – теориялық физиканың негізін қалаушылардың бірі, атақты ойшыл және қоғам қайраткері, әлемнің алдыңғы қатарлы 20-ға жуық университеттерінің құрметті профессоры, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ғылым Академиясының шетелдік құрметті мүшесі болған. 1921 жылы Нобель сыйлығын иеленген.

Альберт Эйнштейн 1879 жылы 14-наурызда бұрынғы Неміс Империясының Ульм қаласында еврей отбасында дүниеге келді. Өмірін Германияда, Австрияда, Швейцарияда және Америка Құрама Штаттарында өткізіп, жүрген жерлерінде әртүрлі қызметтер атқарады.

Альберт Эйнштейннің басты еңбегі – ”Салыстырмалылық теориясы”. Бұдан бөлек 300-ден астам ғылыми еңбектердің, тарих, ғылымдар философиясы және публицистика саласындағы 150-дей кітап, мақалалардың авторы ретінде де танымал.

Альберт Эйнштейн тек қана физикамен ғана шұғылданып қоймай, басқа да салаларда белсенділік танытты.

Денсаулығы қатты нашарлаған Эйнштейн 1955 жылы 18-сәуірде 76 жасында Америка Құрама Штатының Принстон қаласында көз жұмады.

Ұлы ғалым мынадай нақыл сөздерді жазып қалдырған:

“Дүниеде екі нәрсе шексіз: бірі – ғалам, екіншісі – адамның ақымақтығы. Бірақ біріншісіне күмәнім бар”;

“Фантазия білімнен маңыздырақ. Өйткені білімнің шегі бар”;

“Адамзат одан әрі өмір сүргісі келсе, онда, жаңа ойлар (түйсіктер) қажет”;

“Ақшаға сатып алуға болатын дүниелер өмірдің кереметтері емес”.

6. Мәтіндегі қарамен жазылған сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыздар.

7. Мәтіндегі адам аттарын жазып алып, олар туралы не білетіндеріңізді айтыңыздар.

8. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

а. Нобель сыйлығы не үшін беріледі?

ә. Физика саласы бойынша кімдер Нобель сыйлығын иеленді?

- б. Нобель сыйлығын алған әйелдерден кімдерді білесіздер?
- в. А. Эйнштейн кім? Нобель сыйлығын қай жылы алған?
- г. А. Эйнштейннің басты еңбегі қалай аталады?
- ғ. Ол физика саласынан басқа қандай салаларда еңбек жазды?

9. Төмендегі сөйлемдердің қайсысы мәтін мазмұнын дәлірек ашып тұр деп ойлайсыз?

- а. Альберт Эйнштейн – теориялық физиканың негізін қалаушылардың бірі;
- ә. Альберт Эйнштейн – Нобель сыйлығының иегері;
- б. Альберт Эйнштейннің басты еңбегі – ”Салыстырмалылық теориясы”;
- в. Альберт Эйнштейн – 20-ға жуық университеттің құрметті профессоры.

10. Күрделі сөйлемдерден бірнеше жай сөйлемдер жасаңыздар.

Альберт Эйнштейннің ғылыми еңбектерінің саны 300-ден асады, алайда оның 150-ге жуығын тек монографиялары мен мақалалары ғана құрайтын көрінеді. Альберт Эйнштейн – атақты ойшыл, әрі қоғам қайраткері, әлемнің алдыңғы қатарлы 20-ға жуық университеттерінің құрметті профессоры атанып, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ғылым Академиясының шетелдік құрметті мүшесі болды және теориялық физиканың негізін қалады.

11. Сөйлемдердің мағынасын өзгертпей, тек грамматикалық құрылымын өзгертіп жазыңыздар.

Үлгі: а. Ұлы ғалым Альберт Эйнштейн Ульм қаласында еврей отбасында дүниеге келді.

- а. Альберт Эйнштейн – Ульм қаласында еврей отбасында дүниеге келген ұлы ғалым.
- ә. Өмірін Германияда, Австрияда, Швейцарияда және Америка Құрама Штатында өткізеді.
- б. Ол 300-ден астам ғылыми еңбектің авторы ретінде танымал.
- в. Атақты ойшыл әлемнің алдыңғы қатарлы 20-ға жуық университеттерінің құрметті профессоры болған.

г. Нобель сыйлығы жыл сайын әйгілі ғылыми зерттеулер үшін беріледі.

ғ. Әйел затынан Нобель сыйлығының иегерлері арасында Джейн Аддамс, Тереза шешейдің есімдері бар.

д. “Дүниеде екі нәрсе шексіз: бірі – ғалам, екіншісі – адамның ақымақтығы. Бірақ біріншісіне күмәнім бар” – дейді Альберт Эйнштейн.

12. Альберт Эйнштейн туралы мәтінді пайдалана отырып, ғалымның өмірбаянының түйіндемесін жазыңыздар.

туған жылы	
туған жері	
ұлты	
айналысқан ғылым саласы	
басты еңбегі	
Нобель сыйлығын алған жылы	

13. Сұхбаттасыңыздар. Сұхбаттың екінші сөйлемі берілген, бірінші сөйлемді әлдебір істен бас тарту мағынасында айтыңыздар.

Үлгі: – Менің ғылыммен айналысым келмейді.

Бұл мәселе талқылауға жатпайды. Мен бүгін келісімшартқа қол қоямын. Мен осылай шештім.

14. Үлгі бойынша сұхбаттасыңыздар.

1. – -----

– Сен жақында емтихан тапсырасың, сондықтан ешқайда бармайсың.

2. – -----

– Отбасы мәселесімен кім айналысады? Барлығын мойныма артуға мүмкіндігім жоқ.

3. – -----

– Ақшаны үнемдеу керек. Жиі сұрай берме.

4. – -----

– Ол сені баяғыда ұмытқан. Ал сен әлі хат жазуды қоймайсың.

15. Іскери стильге үйренейік! Бұйрық мәтінімен танысыңыз.

1895 жыл

Стокгольм қаласы

Ғылымды қолдау және дамыту мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Нобель атындағы қор құрылсын.

2. Банктегі құнды қағаздарым жыл сайын физика, химия, медицина, әдебиет және бейбітшілік салалары бойынша елеулі жетістіктерге жеткен ғалымдар мен ұйымдарға берілсін.

3. Осы салтанатты марапаттау күнінде лауреаттарға Нобель медалін, диплом және ақшалай сыйлықтарды Швеция королі табыстасын.

4. Менің жеке қалауым – сыйлықтарды беруде үміткерлердің ұлтына мән берілмесін.

Альфред Нобель

(колы)



Тілдік анықтамалық. Күрделі сөйлемдер арасында істің қалай орындалғанын білдіретін сөйлемдер бар. Ондай күрделі сөйлемдердің бірінші жартысы *қалай? қайтіп?* сұрағына жауап беріп, *-ын/-ін/-н* және *-а/-е/-й* жұрнақтары арқылы жасалады.

Үлгі:

Жігіт отырғандарға басын изей, жылы амандасты.

Бала анасын көре сала қуанып, екі қолын соза ұмтылды.

16. Жақшаның ішіндегі сөздерді тиісті жалғауларды жалғап, жақшадан шығарып жазыңыздар.

1. Алберт Эйнштейн тек қана физикамен ғана шұғылданып (қоймау), басқа да салаларда белсенділік танытты.

2. Мұрат қаржысын тек өз басына ғана (жұмсамау), үнемі анасына да көмектесуші еді.

3. Әр адам өз өмірін жеңілдетуге (тырысу), әр түрлі тұрмыстық техниканы қолданады.

4. Басына түскен қиындықпен күресе (жүру), алға қарай жылжи берді.

5. Кітап оқуға дағдыланып қана (қоймау), табандылық танытты.

17. Сөйлемдерден істің қалай орындалғанын көрсететін сөйлемдерді теріп жазыңыздар.

Академик тарихи құндылықтарды тауып қана қоймай, тынбай зерттеді де. Қазақстандық ғалым құндылықтарды елге қайтаруға үнемі талаптанып, оған барынша күш салды. Альберт Эйнштейннің басты еңбегі – ”Салыстырмалылық теориясы”. 1989 жылы Ленинградтан Тайқазан елге оралып, Әлкей Марғұланның еңбегі жанды. Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар педагогикалық университетінде Әлкей Марғұлан атындағы стипендия тағайындалып, мұражай ашылды. Рентген сәулеленуі қазіргі күнге дейін бүкіл әлемде медицина саласында қолданылып келеді.

18. Не үшін? деген сұраққа жауап бере отырып, кестені толтырыңыздар.

№	Сұрақтар	Жауаптар
1	Нобель сыйлығы не үшін беріледі?	
2	Альберт Эйнштейн Нобель сыйлығын не үшін алды?	
3	Нобель сыйлығы кімнің өсиеті бойынша және не мақсатпен құрылған?	
4	Тайқазан елге не мақсатпен қайтарылды?	
5	Марғұлан не үшін әдебиет пен тарихты қатар алып жүрді?	
6	Альберт Эйнштейннің мақалаларының тек физикаға арналмауы қандай мақсаттан туындаған?	

19. «Әмбебап ғалым – Ә. Марғұлан» тақырыбына 20-25 сөйлемнен тұратын эссе жазыңыздар.

Тірек сөздер: *ғұлама, шығармалары, құнды дүние, ұмытылмайды, ғылым саласы, елеулі еңбек, жаңалық, табыс, үлгі-өнеге, ғылыми-зерттеу, жарық көру.*



20. Мәтінді мұқият тыңдап, төмендегі жоспарды пайдалана отырып, рецензия жазыңыздар: а) мәтіннің аты; ә) мәтіндегі кейіпкер; б) мәтіннің қысқа мазмұны; в) негізгі идеясы; г) мәтінге сіздің беретін бағаңыз.

21. Тыңдалған мәтін бойынша берілген сөйлемдердің мазмұнын кеңейтіңіздер.

а. Ол дүние жүзі физиктерінің үлкен мектебін ұйымдастырды.

ә. Бор элементар бөлшектердің белгілі бір ортамен әсерлесу мәселесін зерттеді.

б. 1912-1913 жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

22. Берілген жылдарды тыңдаған мәліметтермен сәйкестендіріңіздер.

1885 жылы	Копенгаген университетінің профессоры
1911-12 жылдары	Копенгаген қаласында дүние салды.
1916 жылы	Америка Құрама Штатында алғашқы атом бомбасын жасауға қатысты.
1919 жылы	Кембриджде физик Джозеф Томсонмен бірге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.
1920 жылы	Копенгагендегі Теориялық физика институтын басқарды.
1943 жылы	Дания корольдік қоғамының президенті болып тағайындалды.
1962 жылы	Данияның Копенгаген қаласында дүниеге келген.



23. Сұхбаттасыңыздар. Жағдаят бойынша тілдескен студенттердің сөзіне назар аударыңыздар.



24. Өздеріңіз мына жағдаяттар бойынша осыған ұқсас сұхбат құрыңыздар.

1. Біздің көршіміздің баласы магистратураға түсті.
2. Жас әнші конкурстан өте алмай қалды.
3. Домбырашы бас жүлдені жеңіп алды.

25. Жағдаяттар бойынша пікірлесіңіздер.

1-жағдаят. Сіз – ұлы адам болу үшін білім, жүрек, ақыл, қайрат қажет деп есептейсіз. Ал сіздің досыңыз ұлы адам болу үшін қалта қалың болса, жетеді деп санайды. Өз пікіріңіздің дұрыстығына досыңызды сендіріңіз.

2-жағдаят. “Ақшаға сатып алуға болатын дүниелер өмірдің кереметтері емес” – дейді данышпан. Ал сіз бұл оймен келіспейсіз. Сіз үшін сатып алынған әрбір дүниенің өзі керемет. Ойыңызды дәлелдеуге тырысыңыз.

26. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Әдебиет бойынша Нобель сыйлығының лауреаттарының арасында бүкіл әлемге танымал авторлармен қатар танымалдықты

өздерінің қоғамдық және саяси іс-әрекеттерінің арқасында алған жазушылар да кездеседі. Нобель сыйлығы бұйырмаған ақын-жазушылар арасында адамзат баласының баға жетпес рухани қазынасына айналған мәңгілік дүниелер туғызғандар да бар. Олардың өнер туындылары миллиондаған оқырмандардың жүрегіне жол тауып, санасына сәуле түсірді. Кейбір тұлғаларға Нобель сыйлығының берілуі халықтың түсініспеушілігін тудырады.

Міндет:

Нобель сыйлығының ерекшелігі мен қажеттілігіне белгілі адамдар пікірінен дәлелдер келтіре отырып, баяндама дайындаңыздар.

27. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. Әрқайсысыңыз Нобель сыйлығының 2 лауреаты туралы ақпарат құралдарынан материалдар жинап әкеліп, топ студенттеріне айтып беріңіздер;

б. «Мен білетін ұлы ғалым» тақырыбына жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер.

Нобель сыйлығының лауреаттары

- а. Мен білетін ұлы ғалым
- ә. Нобель сыйлығын алмаған ғұлама

1. Танымдық сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Қазақстан тарихын зерттеушілерден кімдерді білесіздер?
- ә. Әлкей Марғұлан есімі сізге таныс па, ол туралы не білесіз?
- б. Археология нені зерттейді?
- в. Қазақстанның археологтарынан кімдерді білесіз?



2. Мәтінді қажетті ақпаратты іздеу мақсатымен оқыңыздар.



3. Ә. Марғұланның өмірінің маңызды тұстарын оң жақтағы бағанға жазыңыздар.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан — Қазақстан археология мектебінің негізін салушы. Ол ғылымның көптеген салаларымен, атап айтқанда, этнография, тарих, шығыстану, әдебиеттану, өнертану ғылымдарымен айналысқан. Ол филология ғылымдарының докторы, Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ғылым Академиясының академигі, профессор, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы ғылымына еңбек сіңірген қайраткер болды.

университеті және өнер тарихы институтының дәрістерін тыңдайды. Бұл кезде Әлкей Марғұлан Ленинградтың бай мұрағаттарында табандап отырады, өйткені осы жылдардан бастап ғылым негіздерін игеруге ден қояды да, қазақ халқының мәдениеті мен тарихы бойынша әдеби және мұрағаттық материалдарды жинаумен шұғылданады. Осы жылдары ол әдеби шығармашылық қызметпен де айналыса бастайды. Оның аудармасы арқылы қазақ оқырманы алғаш рет атақты орыс және шетел жазушыларының шығармаларымен танысады.

1926-1927 жылдары академик А. Ферсман және профессор С. Руденколардың жетекшілігімен одақтас және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі ерекше комитеттің қазақстандық және алтайлық экспедицияларына қатысады. Ә. Марғұланның қазақ халқының мәдениетін және наным-сенімін, ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін білуі экспедицияның антропологиялық отрядының жұмысына тәжірибелік тұрғыдан баға жетпес көмегін тигізеді.

Туған халқының тарихына ден қойып, зерттеу жұмыстарын сонау Ленинградта оқып жүргенде-ақ бастаған Әлкей елге келгеннен кейін де осынау бейнеті мол, көп ізденіп, зерттеуді қажет ететін сауапты істі одан әрі жалғастыра берді. Ол Оңтүстік Қазақстандағы Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және көне Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларының орындарында түрлі қазба жұмыстарын жүргізеді. Содан жинаған материалдарының негізінде «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан» деген монографиялық еңбек жазады. «Хандар жарлығының тарихи әлеуметтік мәні» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Бұл көне қыпшақ тарихын зерттеудегі құнды ғылыми еңбек еді.

Өзі қалап алған жұмыспен тікелей айналысуға мол мүмкіндік алған Әлкей Марғұлан енді Орталық Қазақстанды зерттеуге бет бұрады. Ұзақ жылғы зерттеу жұмысының нәтижесінде Ж.А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, А.М. Оразбаевтармен бірігіп, «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты кітап жазуға қатысады. Бұл кітаптың құндылығы жоғары бағаланып, оның авторларына Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлық беріледі.

Ол қазақ халқының тарихы мен әдебиетін зерттеуге зор еңбек сіңірді. Оның қаламынан тарих, археология, этнография, әдебиет

және өнер салаларына қатысты оңдаған кітап, үш жүзден астам ғылыми зерттеу және жүзден астам энциклопедиялық мақалалар жарық көрді. Академик Әлкей Марғұлан көшпенділер мен ата-тегіміздің өмірі, аңыздар мен миф дүниесі, кең дала, ашық ғарыш, киіз үй мәдениеті туралы бай мағлұматқа толы 14 томдық негізгі еңбектерінен тұратын мол ғылыми мұра қалдырды. Тек қана шығармаларының толық жинағы, орасан зор еңбегі ғалымның ұлы мақсатын түсінуге мүмкіндік береді.

4. Мәтінге ұсынылған жоспарды оқыңыздар. Осы жоспар мәтін мазмұнын толық ашып тұр деп ойлайсыз ба? Сіз тағы не қосар едіңіз?

а. Әлкей Марғұлан мен Мұхтар Әуезовтың кездесуі және достығы;

ә. Әлкей Марғұланның Ленинград университетінде дәріс тыңдауы;

б. Әлкей Марғұланның алтайлық экспедиция жұмысына қатысуы;

в. Әлкей Марғұланның Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлық алуы.

5. Мәтінді өздеріңіз қосып толықтырған жоспар бойынша айтып беріңіздер. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін және сұрақтарды пайдаланыңыздар: «жаттап өсті – нелерді; бала кезінде – кімдерді көрді?; жырлар жаттады – қандай?; білім алды – қайдан? Семейге келді – не істеді?; Шыңғыстауға барды – кімдермен танысты?; бақытына орай – кім кездесті?; дәрістер тыңдады – қайдан?; зерттеуге ден қояды – нені және қашан?; әдебиетпен айналысты – қай саласымен?; мұрағатта отырды – не жинады? экспедицияға қатысты – не жазды?; экспедицияға көмектесті – қалай?; диплом жұмысын жазды – неден?; сауапты іс істеді – қандай?; қазба жұмыстарын жүргізді – қай жерлерде?; еңбектер жазды – қандай?; диссертация қорғады – қай ғылымнан?; сыйлық алды – қандай?; еңбек сіңірді – қандай?»

6. Мәтіннен төменде берілген тізім бойынша Әлкей Марғұланның еткен еңбегін көрсететін сөйлемдерді тауып, жазып алыңыздар.

- а. Әлкей Марғұлан алған білім;
- ә. Әлкей Марғұланның зерттеушілік жұмысының бастау-бұлағы;
- б. Әлкей Марғұлан – археолог-ғалым;
- в. Әлкей Марғұлан – ұлттық мәдениет білгірі;
- г. Ғалымның артына қалдырған мұралары.

7. Мәтіннен Әлкей Марғұланның білім алған жерлерін көрсететін сөйлемдерді тауып, оқыңыздар.

8. Төменде мәтін мазмұны бойынша таңдану, сүйсіну мағынасындағы сөйлесудің үлгісі берілген. Осы сұхбатқа қарап, өздеріңіз сұхбат құрыңыздар.



9. Жағдаяттар:

1. Әлкей Марғұлан – ғұлама ғалым.
2. Нобель сыйлығын алмаса да, алғандардан кем емес екен.

10. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Кім жылдам?»

Ойынның мақсаты: Өткен тақырыптан алған білімдерін бекіту, тексеру арқылы оны қорытып, жинақтауға дағдыландыру.

Ойынның жүрісі: «Ә. Марғұлан не үшін «археологияның атасы» атанды?» деген сұраққа жауап беру керек. Бұл үшін студенттер екі топқа бөлініп, ассоциограмманы толтырады. Тез және толық жазған топ жеңеді.

**Ә.Марғұлан –
археологияның атасы**

11. Мәтінде берілген адам есімдері туралы ақпарат жинап келіп, айтып беріңіздер.



Есте сақтаңыздар! *Тілімізде жеке тұлғаның өмірбаянын сипаттауда жиі қолданылатын қимыл атаулары мен туынды сөздер бар. Ондай туынды сөздер шы/ші, қар/кер, паз деген қосымшалар арқылы жасалады.*

Іс-әрекет	Сөзжасам	Мысалдар
Болған, қалдырған	-шы, -ші	Ә. Марғұлан – Қазақстан археология мектебінің негізін салушы, артына мол мұра қалдырған ғалым.
Болды	қар/кер, ғар/гер	Қазақ Советтік Социалистік Республикасы ғылымына еңбек сіңірген қайраткер болды.
Болатын		Әкесі Хақан атақты Олжабай батырдың тікелей ұрпағы болатын.
есептелді		Ол Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі болып есептелді.
Саналады	-гір	Әлкей Марғұлан ұлттық мәдениет білгірі болып саналады.
Қалдырды		Әлкей Марғұлан көне қыпшақ тарихын зерттеуде құнды ғылыми еңбек қалдырды.

12. Төмендегі сөйлемдерден жеке тұлғаның өмірбаянын сипаттауда жиі қолданылатын сөздерді теріп жазыңыздар.

- а. Әлкей Марғұлан ғылымның көптеген салалары бойынша зерттеу жүргізді.
- ә. Әлкей бастауыш білімді ауыл мектебінен алды.
- б. Әлкей Марғұлан Ленинградтың бай мұрағаттарында табандап отырады.
- в. Ол Семейде Мұхтар Әуезовпен танысып, өмір бойы дос болады.
- г. Әлкей Марғұлан Орталық Қазақстанды зерттеп, артына мол мұра қалдырады.

13. Төмендегі сөйлемдер қандай мағынада айтылып тұрғанына назар аударып, оларды жеке тұлғаның өмірбаянын сипаттауда қолданылатын сөздермен алмастырыңыздар.

- а. Ғылыммен ғалымдар айналыссын!
- ә. Дос болса, Әуезов пен Марғұландай болсын!
- б. Қазақтың әдет-ғұрпын Әлекеңдей білсін!
- г. Зерттеуші болса, Марғұландай болсын!

14. Мына үзіндідегі сөйлемдерден жеке тұлғаның өмірбаянын сипаттауда қолданылатын сөздерді іріктеп алыңыздар.

а. Қазақ халқының тарихы мен әдебиетін зерттеді. ә. Олар ұзақ жүріп, тау басына шықты. б. Жазушының қаламынан үш жүзден астам ғылыми зерттеу және жүзден астам энциклопедиялық мақалалар жарық көрді. в. Кеш керемет концертке ұласты. г. Ілияс Есенберлин «Көшпенділер» атты роман жазды. ғ. Әлкей Марғұлан 1925-1931 жылдар арасында Шығыс институтының әдебиет факультетіне түсіп, бір уақытта Ленинград университетінің студенті болды. д. Ғалым адамдармен тез тіл табысатын. е. Бұлар – академик Марғұлан қалдырған мол ғылыми мұралар болып саналады. ж. Ғалымға Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлық берілді.

15. “Оқу инемен құдық қазғандай” тақырыбына эссе жазыңыздар



16. Мәтінді тыңдап, түсініңіздер.



17. Мәтінге төмендегі аттардың қайсысын ұсынар едіңіз?

- а. Қаныш – халықтың сүйікті ұлы;
- ә. Қаныш – қазақтың талантты ғалымы;
- б. Қаныш – халықтың сүйікті әншісі.

18. Мәтіннен өздеріңіз қалаған үш сөйлемді орыс тіліне аударып, бір-біріңізді тындап, аудармада кеткен қателер мен сөйлем мағынасындағы ауытқуларды табыңыздар.

19. Мәтіннен үзінді тындап, қай сөздің түсіп қалғанын табыңыздар.

20. Мәтіннен қандай жаңа мәліметтер алдыңыздар? Қысқаша жазып беріңіздер.



21. Оқытушының көмегімен төмендегі нақыл сөздердің мағынасын ашып, есте сақтаңыздар.

- а. Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді;
- ә. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық;

22. Әлкей Марғұлан «археологияның атасы» дегенді қалай түсінесіз? Өз ойыңызды айтыңыз.

23. Сұхбаттасыңыздар. Сұхбаттың бірінші сөйлемі беріледі, екінші сөйлемді мағынасы бойынша өздеріңіз айтыңыздар. Таңдану, сүйсіну мағынасында сөйлесіңіздер.

- 1. – Әлкей Марғұлан керемет ғалым болған екен ғой!
- Иә,
- Ол айналыспаған ғылым саласы кемде-кем екен.
- Әрине,
- Өмірбаянын оқып отырып әрі таң қалдым, әрі қызықтым. Ғалым деп соны айт.
- Дұрыс айтасың,
- Бір археология жөніндегі зерттеулерінің өзі неге тұрады?!
- Шынында да, керемет,

2. – Мен ғылымның қажеттігін онша түсінбеймін!

– О, не дегеніңіз!

– Танысым диссертация қорғады. Өзі соншама еңбектенді, шаршады. Ал маған ол босқа шаршап жүрген сияқты.

– Пәлі, сен қызық ойлайды екенсің.....

– Мұрат шетелден ғылыми тақырып бекітіпті, тақырыпты өз елімізден неге алмайды екен. Мен Мұрат сияқтыларды түсінбеймін.

– Иә деймін-ау! Бұл маған да түсініксіз!

24. Жағдаяттар бойынша өз ойыңызды білдіріңіз.

1-жағдаят. Топтық жұмыс. «Әлкей Марғұлан – қазақ халқының өркениетті ел болып қалыптасуы мен өзгеруіне ұлттық мәдениетінің негіз болатындығын терең ұғып, оны зерттеуге айрықша маңыз берген, ден қойған зерттеуші», – деген досыңыздың пікірімен келіспейсіз. Сіз өз ойыңызды айтыңыз. Өзара түсінісе алмау тұрғысында сұхбаттасыңыздар.

2-жағдаят. Ә. Марғұлан жайлы: «Қазақтар жайлы гуманитарлық ғылымның тұтас саласын ұйымдастырып зерттеген, тынымсыз еңбек пен табандылықтың арқасында артына мол мұра қалдырған, сырттан қарасаң әрқашан сабырлы көрінетін өте сезімтал, әрі жаны нәзік, тағдырдың небір шырғалаңы мен сокқысын көрген ғалым», – деген пікір бар. Осы ой төңірегінде екеуара өзара келісім мен түсіністік жағдайында сөйлесіңіздер.

25. «Ғылым үйрен – көзің ашылады» тақырыбы бойынша пікірталас өткізіңіздер.

26. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық» – деп ұлы Абай айтқандай, Нобель сыйлығы ғалымның немесе саяси тұлғаның жекелеген ғылыми мансабын немесе шығармашылық жолын мойындау үшін берілмейді. Міне, сол себепті тәжірибелі тәлімгер және өнертапқыш болған Альфред Нобель өзінің атындағы сыйлықты тек нақты нәтижелерге қол жеткізген тұлғаларға беріп отыруды өсиеттеп кетті.

Алайда, ғылымның көптеген салалары Нобель сыйлығымен “қамтылмай” қалды.

Тапсырма:

а. Жаңалық пен өнертапқыштыққа нелер жатады деп ойлайсыз? ә. Қазақстандық ғалымдардың жаңалықтары мен өнердегі, еңбектегі табыстары Нобель сыйлығына лайық па? Өз ойыңызды эссе түрінде жазып беріңіз.

Міндет:

1. Нобель сыйлығына лайық деп тағы қандай ғылым салаларын атар едіңіз? Және неліктен? Өз жоспарыңызды жасап ұсыныңыз.

27. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Әлкей Марғұлан – археологияның атасы» тақырыбына эссе жазыңыздар;

б. «Әлкей Марғұлан және Қазақстанның гуманитарлық ғылымы» тақырыбына жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер.

Тәуелсіздік төрінде

а. Тәуелсіздік мәңгілік болу үшін не істеу керек?

ә. Жастар және тәуелсіз Отан

1. Танымдық сұрақтарға жауап беріңіздер.


А. «Тәуелсіздік» деген ұғымды қалай түсінесіз?

Ә. Тәуелсіздікке жету жолында қаза болған желтоқсан құрбандары туралы не білесіз?

Б. Тәуелсіз Отанымыздың жетістіктері туралы не айта аласыз?

В. Тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде өз Отаныңызға деген сүйіспеншілігіңізді қалай жеткізер едіңіз?

2. Берілген суреттерге назар аударып, «Тәуелсіздік төрінде» тақырыбы бойынша ой бөлісіңіздер.



1-сурет

3. Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ашатын сөздерді оң жақ бағаннан тауып сәйкестендіріңіздер. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Жала жабу –	1		а	тең болу
намысын ояту –	2		ә	кінәлау
иық теңестіру –	3		б	өзіне-өзі келу
етек-жеңін жинау –	4		в	арманы орындалу
қол жеткізу –	5		г	бұзылу
іргесін шайқалту –	6		ғ	бірдей
терезесі тең –	7		д	келіспеу
бас тарту –	8		е	сөзбен жанына әсер ету



4. Мәтінмен танысып, сол жақтағы бағанға тірек сөздерді жазыңыздар.



2011 жылдың 16 желтоқсанында еліміздің тәуелсіздігіне 20 жыл толды. Бұл – тәуелсіз еліміздің төл тарихындағы осы күнге дейінгі ең атаулы оқиға. Ата-бабаларымыздың аманаты – азаттығымызға қол жеткізіп, егеменді ел болғанымызға, етек-жеңімізді жинап, әлемнің азулы елдерімен терезесі тең мемлекет құрғанымызға жиырма жыл уақыт толды.

Жиырма жыл – тарих тезінен қарағанда, көп уақыт емес. Алайда, осы бір жиырма жылдың біздер үшін, тәуелсіз Қазақстанның азаматтары үшін, қаншалықты маңызды екендігі айтпаса да түсінікті.

Осы жиырма жыл ішінде еліміз еңселі мемлекет болып қалыптаса алды. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерімен иық теңестіретін, тіпті, кей тұстарда олардан озық тұратын дәрежеге жеттік.

----- Біз қолда тұрған ядролық қарудан
----- бас тарттық, сол арқылы әлем елдері-
----- не, әсіресе, азулы алпауыт державаларға
----- үлгі-өнеге көрсеттік.

----- 2010 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер
----- Достастығы мен Азия елдері арасын-
----- да тұңғыш рет Еуропадағы қауіпсіздік
----- және ынтымақтастық ұйымына жетек-
----- шілік еттік. 2011 жылы Ислам Конфе-
----- ренциясы Ұйымына төрағалық еттік,
----- 7-ші қысқы Азиада ойындарын өте жо-
----- гары дәрежеде өткіздік. Бұл да еліміз-
----- дің әлемдік аренадағы абыройын, мәр-
----- тебесі мен беделін танытса керек.

----- Тәуелсіздік – ең басты құндылы-
----- ғымыз. Тәуелсіздікке қан төгіссіз, бей-
----- біт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана
----- елімізді әлемнің өркениетті мемлекет-
----- терінің қатарына қоса алдық.

----- Тәуелсіздік күні – еліміздің барлық
----- азаматтары үшін орны ерекше мереке.
----- Осынау жүрек жарды қуанышқа толы
----- күнді ата-бабаларымыз ғасырлар бойы
----- армандады, күтумен өтті.

----- Желтоқсан оқиғасы Кеңес одағы-
----- ның іргетасын шайқалтып, ерекше бір
----- өзгеріске серпіліс жасады. Бір сөзбен
----- айтқанда, қалғып қалың ұйқыға кетіп
----- бара жатқан халықты оятқандай бол-
----- ды. Сол күндерде еліміздің бірқатар
----- жоғары оқу орындарының басшылары,

----- оқытушылары мен студенттері, қаладағы жұмысшылар мен құры-
----- лысшылар әртүрлі қудалауға ұшырады.

----- Оларға жазықсыз жала жабылды. Осы бір желтоқсанның ыз-
----- ғарлы желі талай халықтың санасы мен намысын оятты, қазақ хал-
----- қы ғасырлар бойы күресіп келе жатқан тәуелсіздікке жол ашты деп
----- айтуға болады. Ата-бабамыз армандап кеткен тәуелсіздігіміздің
----- құнын ұмытпайық.

5. Мәтінді бірнеше мағыналық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңыздар.

6. Көп нүктенің орнына ауыспалы мағына беретін сөзді қойыңыздар.

1	қалың ...	кітап	киім	көйлек	ұйқы	көрпе
2	... құны	тонның	тәуелсіздіктің	кітаптың	сақинаның	үйдің
3	азулы ...	арыстан	аң	ел	жануар	жыртқыш
4	... оятты	ұйқыдан	қызды	намысын	танертең	кеш

7. Сұхбаттасыңыздар. Сұхбаттастар қолданған келісу, растау мәніндегі сөздерге назар аударыңыздар.



8. Өздерің мына жағдаяттар бойынша осыған ұқсас сұхбат құрыңыздар.

- а. Мен елімді мақтан етемін;
- ә. Азат елдің еркін ұландарымыз;
- б. Қазір қазақ елін бүкіл әлем біледі.

9. «Етек-жеңді жию», «терезесі тең болу», «тарих тезі», «жүрек жару», «иық теңестіру» тіркестерін мағынасына қарай

төмендегі сұхбаттағы қарамен жазылған сөздермен айырбастаңыздар:

- Қазақ елінің еңселі мемлекет болып, **өзіне-өзі келгеніне** жиырма жыл толды.

- Дұрыс айтасың! Осы жылдар ішінде Қазақстан әлемнің ең ірі **мемлекеттері санасатын** елге айналды емес пе?

- Алайда **мемлекеттердің дамуы** үшін жиырма жыл аса көп уақыт та емес.

- Солайы солай-ау! Дегенмен еліміз тез көтерілді. 16-желтоқсан Қазақ елінің **мерейі тасыған** қуанышты күні, ең ірі ұлттық мерекесі күніне айналды.

- Ол рас. Қазір Қазақ елі әлемдегі алпауыт елдермен **еркін араласа алатын** ел болды ғой.

10. Мәтін мазмұнын қысқаша баяндаңыздар.

11. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Тәуелсіз Қазақстан».

Ойынның мақсаты: Тақырып бойынша студенттердің алған білімін, сөздік қорын бекіту, жүйелеу.

Ойынның жүрісі: Студенттер екі топқа бөлініп, тақырып бойынша қойылған викториналық сұрақтарға тез-тез жауап беруге тиіс. Қай топ көп сұраққа жауап берсе, сол топ жеңеді.

Мысалы:

1. Қазақстан өз тәуелсіздігін қашан алды?
2. Тәуелсіздік дегеніміз не?
3. Ұлттық валютамыз қалай аталады?
4. Ұлттық рәміздерімізді атаңыздар.
5. Ата Заңымыз қашан қабылданды?
6. Қазақ елінің ұлттық мерекелерін атаңыз.
7. 2011 жылы Қазақстан қай ұйымға төрағалық етті?
8. YП-інші қысқы Азиада ойындары қай жылы өтті?
9. Қай жылы елордамыз Астанаға көшті?
10. Астана күні қай күн?



Тілдік анықтамалық. Тілімізде айтылған ойды не хабарлап, не оған адамның көңіл-күйін білдіретін сөйлемдер бар.

12. Берілген сөйлемдердің мағынасын анықтаңыздар.

1. Жастар, Қазақстанның көркеюіне өзіндік үлес қосайық!
2. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастардың қолында.
3. Күз айы басталып, жер бетін сары ала жапырақ жапты.
4. Балам, қонақтарға бір күй тартып бере ғой!
5. Ашық аспан астында көп ұлтты халқымыз тату-тәтті өмір сүріп жатыр.
6. Еліміз қысқы олимпиада ойындарын өткізуді жоспарлап отыр дей ме?.

13. Көңіл-күйге байланысты айтылған сөйлемдерді хабарлау мазмұнындағы сөйлемдерге айналдырыңыздар.

1. Бір-бірімізбен қоян қолтық араласайық!
2. Бізді асыл армандарымыз бақытқа жетелесін!
3. Олардың есімдері тарих тақтасына алтын әріптермен жазылсын!
4. Тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін күресейік!
5. Қазақстанның жеткіншектері, тәуелсіздіктің құнын бағалай біліңіздер!
6. Тәуелсіз Қазақстанымызды мақтан етейік!
7. Тәуелсіз мемлекетіміздің гүлденіп, өркендеуі үшін еңбек етіңіздер!
8. Халқымыздың мерейі үстем болсын!
9. Еліміздің еңсесі биік, тұғыры берік болуы үшін аянбай еңбектеніңіздер!

14. Мақал-мәтелдердің мағынасын ашыңыздар. Осы мақал-мәтелдер оқылған мәтінге қорытынды бола ала ма?

1. Кеңесті ел кем болмас.
2. Отанға опасыздық еткенің, өз түбіңе жеткенің.
3. Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы.
4. Халық – дана.
5. Халық қаһары қамал бұзар.
6. Рулы ел – ұялы терек.

15. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, «Біз - тәуелсіз елдің ұрпағымыз» тақырыбына эссе жазыңыздар.

Тірек сөздер: *жастар, білімді, азаматтық борыш, парыз, міндет, ұрпақ, үлгілі, қызмет ету, отансүйгіші, шетел, мемлекеттік тіл, тәуелсіздік, туган жер, құрметтеу.*

16. Іскери стильге үйренейік!

Жағдаят. Сіз Қазақстанға басқа елден көшіп келдіңіз, осы елде тұрғаныңызға бес жыл болды. Қазақстан азаматтығын алу үшін өтініш жазыңыз.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.Ә. Назарбаев мырзаға

Қытай Халық Республикасының
Құлжа аймағынан қоныс аударған
Жанәбілұлы Құрамыстан

ӨТІНІШ

Менің сізге өтініш беру себебім, Атамекеніме оралуыма байланысты Қазақстан Республикасының азаматтығын беруіңізді сұраймын.

03.07.14.

қолы



17. Тәуелсіздік құрдасының тәуелсіз Отан жайлы айтқан ой-пайым, түсінігін тыңдаңыздар.

18. Мәтіндегі басты ойды көрсетіп тұрған сөйлемді табыңыздар.

19. Мәтін мазмұнын бір сөйлеммен беріңіздер.

20. Мәтінде жіктік жалғауының I жақ көпше түрінде тұрған сөздерді II жақ көпше түріне айналдырыңыздар.

Үлгі: жас буын өкілдеріміз – жас буын өкілдеріңдер.

21. Тындалған мәтінге баға беріңіздер.

Үлгі: Осынау ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған қуанышқа толы күнді атап өту біз, жас ұрпақ үшін, үлкен мерей.



22. Жағдаяттар бойынша сұхбаттасыңыздар.

1-жағдаят. Сіздер топ болып тәуелсіздік тарихы жайлы әңгімелесіп отырсыздар. Студенттердің бірі тәуелсіз елге рухани байлықтан гөрі материалдық байлықтың өте қажеттігін айтты. Сіз бұл пікірмен келіспейсіз. (Сұхбатты сіз бастайды).

2-жағдаят. Сіз: «Әрине, еліміздің тәуелсіздік алғаны қуанарлық жағдай, алайда ең бастысы адамның санасы тәуелсіз болса ғой», – деп ойлайсыз. Ал курстастарыңыз мұнымен келіспейді. Өз ойыңызды нақты мысалдар келтіре отырып, дәлелдеңіз. (Сұхбатты сіз бастайсыз).

3-жағдаят. Сіз атаңызбен әңгімелесіп отырсыз. Атаңыз отан-сүйгіштік рухтың қазақ елінің әлемдегі өркениетті елдер қатарына қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш екендігін айтты. Сіз бұл оймен келісіп, атаңыздың сөзін құптаңыз. (Сұхбатты атаңыз бастайды).

23. Төмендегі мәтін бойынша ой бөлісіңіздер.

2050 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады. Олардың Қазақстаны Еуразияның орталығы бола отырып, жедел өркендеп келе жатқан үш аймақтың – Қытайдың, Ресейдің және Мұсылман әлемінің арасындағы экономика мен мәдениетті байланыстырушы буын рөлін атқаратын болады.

24. «Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізіңіздер.

25. Келісіңіз не қарсы пікір білдіріңіз:

а. Қазақ елі «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» өзінің жерін сақтап қалған;

- ә. Отансүйгіштік өрге бастайды;
- б. Ел болам десең, бесігінді түзе.

26. «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбына жоба әзірлеп, тұсаукесер өткізіңіздер.

27. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Ұлттық мереке – Тәуелсіздік күнінің қадір-қасиетін, оған қолымыздың қалай жеткенін әрбір ұрпақ жақсы білуі және мақтаныш тұтуы керек. Өйткені, халқымыз Тәуелсіздікті ұзақ және оның келетініне сене отырып, зарыға күтті. XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап айрылған ел тәуелсіздігін қайтаруда ата-бабаларымыз қол қусырып отырмады. Наразылық білдірді, талап етті, қол жинап атқа мінді, құрбандықтар да болды. Бірақ патшалық Ресей мен кеңестік империяның темір құрсауы мүмкіндік бермеді, қолайлы тарихи жағдай болмады, реті келмеді. Осыған қарамастан, еліміздің тәуелсіздігі, оның жарқын болашағы бір сәт те естен шықпады, ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасты.

Тапсырма:

1. Ата-бабаларымыз аңсап күткен Тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуы үшін не істеуіміз керек? Ойыңызды эссе түрінде жазып беріңіз.

28. Қорытынды тапсырма:


- а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;
- ә. «Желтоқсан желі» тақырыбына слайд әзірлеңіздер;
- б. «Жастар және тәуелсіз Отан» тақырыбына шығарма жазу үшін жоспар жасап келіңіздер.

Тәуелсіздік төрінде

- а. Тәуелсіз елдің өнерпаздары
- ә. Біз – тәуелсіз елдің ұрпағымыз

1. Танымдық сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Тәуелсіз елдің танымал жас эстрадалық (опера, джаз, рэп, рок) әншілерінен кімдердің есімдерін білесіздер?
- ә. Сіздерге сахна өнері шеберлерінен кімдердің есімдері таныс? Олар қандай қойылымдарда ойнайды?
- б. Кино өнерінің жас таланттарынан кімдердің есімдерін атар едіңіздер? Олар қандай фильмдерге түскен?
- в. Танымал жас ақын, жазушылардан, айтыс ақындарынан, сазгерлерден кімдерді танысыздар?

2. Берілген суреттерге назар аударып, «Тәуелсіз елдің өнерпаздары» тақырыбы бойынша ой бөлісіңіздер.**3. Мәтінде берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашып, олардың орнын синонимдес сөзбен алмастырыңыздар.**

Дәріптеу, тылсым сыр, төл туынды, саналы өмір, төселу, бидің қыр-сыры, шыңдалу, дидарласу, наз, атажұрт.

4. Белгілі биші Шұғыланың өмірімен танысып, қарамен берілген сөздердің мағынасын ашыңыздар.



5. Мәтінді оқып, маңызды ақпаратты оң жақтағы бағанға жазыңыздар.

Жолы болғыш бишімін

Мен Қытай Халық Республикасы Іле Қазақ автономиялы облысының орталығы Құлжа қаласында дүниеге келдім. Әкем Сапарғали қаладағы қазақ мектебінде біраз жылдар директор болды. Анам Тұрсынхан да – бар саналы өмірін шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұстаз. Мен екі ұлдан кейін дүниеге келген жалғыз қызбын, әрі үйдің **кенжесімін**. Ағаларым ата-анамның жолын қуып ұстаздықты таңдаса, мен биші болуды армандадым. Биге икемділігімді байқаған ата-анам тоғыз жасымда би мектебіне берді. Бишілік қабілетім таныла бастаған кезде Бейжіндегі Ұлттар университетінің би факультетіне оқуға түстім. Бұл атағы жер жарған елдегі ең беделді, жоғары білімді бишілер даярлайтын білім ордасы болатын. Бізде жыл сайын алып елдің әртүрлі қалаларынан талапкер бишілер келіп, өнер бәйгесінде **бақтарын сынайтын**. Міне, сондай жарыстардың бірінен жүлделі орын алғандар ғана осы оқу ордасына қабылданатын.

Мен осындай бәйгеде жүлделі орын алдым. Мұнда оқып жүргенімде бидің қыр-сырын терең меңгерген небір білікті де білгір профессорлар, ғылым докторлары мен академиктерден тәлім алып, **шыңдалдым**. Оқуымды үздік аяқтап, дүниежүзіне **мәшһүр** Орталық ұлттар ән-би ансамбліне бірауыздан жұмысқа қабылдандым. Бұл өнер ұжымында бес жүз адам жұмыс істейтін. 56 ұлттың ән-күйін, би өнерін әлемге дәріп теп жүрген осындай би ұжымында жұмыс істеу мен үшін үлкен жетістік болды. Осында жүріп бидің тылсым сырларын меңгеріп, аға буын бишілерден көп нәрсені үйреніп, тәжірибе жинақтап, би

өнеріне **төселдім** десем болады. Шетелдегі халықаралық би байқауларына қатысып, Италия, Франция, Корея мемлекеттерінде топ жарып, лауреат атандым.

1996 жылы «Достық» қоғамының шақыруымен Алматыға келіп, өнерімді көрсеттім. Атажұртыммен тұңғыш дидарласқаным сол кезде еді. Бұдан кейін де Астана тойына арнайы шақырумен келіп, Елорда төрінде би билегенім есімнен кетпейді. Ал 2000 жылдың күзі – менің өмірім үшін ерекше. Себебі Елбасының шақыруымен ата-бабамның кіндік қаны тамған **Атажұртыма** оралдым. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген дана сөз бар. Бұл сөздің мағынасын сыртта жүргенде жақсы түсінеді екенсің. Елге оралғаннан кейін маған ерекше қамқорлық көрсетіп, қол ұшын бергендер аз болмады. Оларға шексіз ризамын. Елбасының өзі өнерімді бағалап, үлкен сенім білдіргені мен үшін зор бақыт деп білемін. Қытайда атағым шығып тұрса да, Атажұртымның орны бөлек.

Атамекеніме оралып, Күләш Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрының балетмейстері, «Ұлан» президенттік оркестрінің бишісі атандым.

2002 жылы Астанадағы Лев Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанынан Мырзатай Жолдасбековтың қолдауымен маған үлкен би залы мен екі кабинет беріліп, «Шұғыла» хореографиялық мектебін аштым.

Менің репертуарымда 100-ден астам би бар. Олар – «Шыны» (ұйғыр биі), «Үкілі ару», «Бөрте», «Тоты құс», «Тауыс», «Ай нұры», төл туындым – «Шұғыла назы», «Қытайдың лента биі», «Күн астындағы Күнекей қыз», тағы басқа көптеген билер. Бұлардың арасында түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық билерімен қатар, 30-дан астам қазақ биі бар. Қазақ биі – **бойтұмарым**, ол менің жұлдызымды жарқыратып, тасымды өрге домалатты. Ал соңғы екі жылда мен өзімнің жеке өнер орталығымды ашумен шұғылданып жүрмін. Бұл орталықта би өнерінен басқа, ән, сурет үйірмелері де бар. Жуықта бұл орталықтың да тұсауы кесілмек.

6. Мәтін мазмұнын төмендегі сөздер сөз тіркестерін және сұрақтарды пайдаланып, айтып беріңіздер.

Шұғыла туды – *қайда?*; армандады – *нені?*; би мектебіне барды – *қашан?*; жоғары білім алды – *қайда, кімдерден?*; жұмысқа қабылданды – *қайда?*; би ансамблінде үйренді – *нені?*; би байқауларына

қатысты – қандай?; лауреат атанды – қайда?; атажұртқа келді – қашан?; Елбасы шақырды – қашан, қайда?; туған жерге оралды – көңіл-күйі қандай?; Атажұрты туралы ойы – қандай?; Астанадағы жұмысы – не істейді?; бишінің репертуары – қанша би, қандай би?; Шұғыла және қазақ биі – не ойлайды?; ол ашқан орталық – не істейді?

7. Берілген ақпараттардың қайсысы мәтін мазмұнын дәлірек ашып тұр деп ойлайсыз? Өз жауабыңызды осы берілген және басқа студенттер берген жауаптармен салыстырып, ең нақты, анық деген жауапты таңдаңыздар.

а. Шұғыланың Қытай Халық Республикасы Іле Қазақ автономиялы облысының орталығы Құлжа қаласында дүниеге келуі;

ә. Биге тоғыз жасынан бейімделуі;

б. Бейжіңдегі Ұлттар университетінің би факультетіне оқуға түсуі;

в. Бидің қыр-сырын терең әрі шебер меңгерген небір білікті де білгір профессорлар, ғылым докторлары мен академиктерден тәлім алуы;

г. Дүние жүзіне мәшһүр Орталық ұлттар ән-би ансамбліне жұмысқа қабылдануы;

ғ. Шетелдегі халықаралық би байқауларына қатысып, лауреат атануы;

д. Елбасының шақыруымен Атажұртына оралуы;

е. Шұғыланың тәуелсіз елдің саңлақ өнерпазына айналуы;

ж. Атажұртындағы еңбек жолының соны соқпақтары.

8. Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлемдер ойлап жазыңыздар.

Сөз тіркестері	Сөйлемдер
қол ұшын беру	Маған қол ұшын берген – өзімнің ата-анам.
жолын қуу	
атағы жер жару	
бақ сынау	
қыр-сырын терең меңгеру	
тәлім алу	
тылсым сырлар	

9. Сол жақ бағандағы тұрақты сөз тіркестеріне оң жақ бағаннан сәйкес келетінін тауып айтыңыздар.

аға буын бишілер	1		а	үздік болу
топ жару	2		ә	ойындағысы орындалу
кіндік қаны таму	3		б	жасы үлкен бишілер
жұлдызы жарқырау	4		в	бақытты сәт
тасы өрге домалау	5		г	туған жер
бойтұмарым – қазақ биі	6		ғ	өзі үшін орны бөлек би

10. Мәтін мазмұны бойынша қысқаша әңгімелесіңіздер.

Үлгі: Елбасының шақыруымен ата-бабаның кіндік қаны тамған Атажұртына оралу Шұғылаға үлкен әсер етті.

– Әрине! Шұғыланың қуанышында шек болған жоқ.

– Өзі де керемет билейді екен! Қазақтың қаншама биін елімізге алып келді.

11. Іскери стильге үйренейік!

Хабарландыру!!!

28 маусым күні Алматы қаласындағы «Республика» сарайында, 3 шілдеде Астана қаласындағы «Қазақстан» концерт залында Шұғыла Сапарғалиқызының «Қазағым, барым саған» атты ән-би кеші өтеді.

Бағдарламада:

1. Қазақ билері;
2. Қазақтың халық әндері;
3. Опералық шығармалардан үзінділер;
4. Қытай, ұйғыр халқының билері

Кешке – Шұғыланың достары, эстрада әншілері, қатысады.

Баршаңызды концертке шақырамыз.

Өтетін уақыты: 28.06.2014. Сағат 19.00.

Өтетін орны: Алматы қаласы, Республика сарайы



Тілдік анықтамалық. Айтылған ойда сұрау мағынасы да болады. Ондай мағынаны *ма/ме, ба/бе, па/пе* және басқа да сұрау мағынасы бар сөздер береді.

Сұрау мағынасын беретін сөздер	Мысалдар
кім? не?	Шұғыланы Қазақстанға кім шақырды?
қашан? қалай?	Ол Атажұртқа қашан келді? Қалай келді?
қандай? қай?	Шұғыла қай биді өзінің бойтұмары санайды?
қайда? неде? қайдан?	Шұғыла қайдан келді?
қанша?неше? не үшін? неліктен?	Шұғыланың репертуарында қанша би бар?
не істеді? не істейді?	Шұғыла не істейді?

12. Оқылым мәтінінен бірнеше сөйлем алып, сұрақ қойыңыздар.

13. Сөйлемдерді сұрау мағынасын беретін сөйлемдерге айналдырыңыздар.

1. Бидің тылсым сырларын меңгерді. 2. Шетелдегі халықаралық би байқауларына қатысты. 3. Италия, Франция, Корея мемлекеттерінде топ жарып, лауреат атанды. 4. Қазақ биі бишінің жұлдызын жарқыратты. 5. 2000 жылдың күзі – менің өмірім үшін ерекше. 6. Ата-бабамның кіндік қаны тамған Атажұртыма оралдым. 7. Елорда төрінде би билегенім есімнен кетпейді.

14. Төмендегі жоспарды пайдаланып, оқылған мәтінге рецензия жазыңыздар.

- а. Мәтіннің аты;
- ә. Мәтіннің қысқа мазмұны;
- б. Мәтіндегі маңызды деректер;
- в. Осы мәтінге сіздің беретін бағаңыз.

15. «Өнерлі өрге жүзер» тақырыбында эссе жазыңыздар. Жазу барысында мақал-мәтелдерді, айшықты сөз өрнектерін, тұрақты сөз тіркестерін пайдаланыңыздар.



16. Мәтінді мұқият тыңдай отырып, тірек сөздерді жазып алып, оларды мәтіндегі берілу ретімен қойып шығыңыздар.

17. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазып, кестені толтырыңыздар.

	Сұрақтар	Жауаптар
1	Ерлан Білэл кім?	
2	Ол қай институттың түлегі?	
3	Кейіпкер қандай музыкалық аспапта ойнайды?	
4	Оған театр институтына түсуге кеңес берген кім?	
5	Ол еңбек ететін ұжым қалай аталады?	
6	Актердің ұстаздары кімдер?	

18. Мәтінді тыңдап, берілген мәліметтерді мәтін бойынша сәйкестендіріңіздер.

Асқар Наймантаев	сыншы
Хадиша Бөкеева	Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Ерлан Білэл	Қазақстанның халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
Тұңғышбай Жаманқұлов	Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты
Әшірбек Сығай	Театр сыншысы

19. «Ерлан Білэл – талантты әртіс» тақырыбына мәтін мазмұнына сүйеніп, эссе жазыңыздар.



20. Сұхбаттасыңыздар. Жағдаят бойынша келісу, растау мәнді сөйлемдерге назар аударыңыздар.



21. Өздерің мына жағдаяттар бойынша осыған ұқсас сұхбат құрыңыздар.

- а. Қалдырған ізің мәңгілік;
- ә. Жақсы ұстаздан үйрену – бір бақыт;
- б. Шәкіртсіз ұстаз тұл.

22. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Қазақ кино өнері».

Ойынның мақсаты: Жылдам ойлап, жауап беру дағдысын жетілдіру.

Ойынның жүрісі: Қазақ киноларына қатысты бірнеше сөйлемдер оқылады. Оқылған сөйлемнің қай фильмге қатысты екенін тез тауып, айту керек.

Оқылатын сөйлемдер негізінен төмендегі үш фильмнен алынады:

1. Менің атым Қожа.
2. Қыз Жібек.
3. Атаманның ақыры.

Сөйлемдер:

1. Фильм оқиғасы Батыс Қазақстанда өтеді.
2. Фильмнің басты кейіпкерінің әкесі жоқ.
3. Фильмнің басты кейіпкерін қазақтың белгілі актері ойнайды.
4. Фильмде «Жиырма бес» әні шырқалады.
5. Фильмде кейіпкер темекі тартып үйренеді.
6. Фильм кейіпкері өзіне-өзі есеп береді.
7. Бұл фильмде Бикен Римова ойнайды.
8. Фильмнің басты кейіпкері – сұлулық символы.
9. Фильм кейіпкері Айшабибі мазарына барады.
10. Фильм кейіпкерінің әкесінің аты – Қадыр.

Егер студенттер сұрақтарға жауап бере алмаса, аталған фильмдерді көру тапсырылады.

23. Мәтінді оқып шығып, сұхбат құрыңыздар.

Қара жорға – өмірден алынған өнер екені сөзсіз. Біреулер бұл бидің иық қозғалыстары қалмақтар мен моңғолдардың билеріне ұқсайды деп жатады. Қазақ та, қалмақ та көшпелі халық болып, араласып өмір сүрген. Сондықтан мұндағы би қозғалыстары көшпелі халықтың табиғатына байланысты туған. «Қара жорғада» жігіттің атқа мінгендегі шабысы сол иық қимылдары арқылы айқын көрінеді. Сол сияқты киіз басу, ұршықпен жіп иіру де қазақтың би өнеріне негіз болған. Қазақ атамыз тұрмыс-тіршілігін би арқылы бейнелей білген. Сондықтан біз өзіміздің ұлттық биімізді құрметтей білуіміз керек. Қазақ билерін жаңғыртып, барынша дәріптеу қажет.

24. Сұхбаттың басы беріледі, әрі қарай жалғастырыңыздар:

А: Қара жорға биі Қытайда тұратын қазақтардан келген би екен ғой.

Т: Иә, солай дейді. Керемет би өзі. Ұнайды маған.

А: Несі ұнайды?

Т: Көп адамның бірдей қозғалып, бір ырғақпен билегені қызықтырады.

А: Ал Қытайда оны жалғаз адам және ер кісілер билейтін көрінеді.

Т: Міне, қызық! Ер адам билейді деші! Бұл деректі қайдан алдың?

25. Осы сұхбатқа ұқсас қарсы шығу/ келіспеу мағынасындағы сұхбат жазыңыздар.

26. Жағдаяттар бойынша сұхбаттасыңыздар.

1-жағдаят. Әкеңіз: «Соңғы кездері Батыстың даңғазы, жеңілтек әуендеріне еліктейтін қазақ жастары көбейіп кетті. Сол секілді жастар арасында Батыстың жұлқынған әуендеріне ғана билеу дәстүрге сіңіп барады. Сонда бұл біздің қазақтың дәстүрлі әуендерінен, биінен безінуіміз бе? Әлде, қазақ билері қазіргі қазақ жастарының талғамына татымайтын болғаны ма?» – деп қынжылыс танытты. Әкеңізге өз ойыңызды айтып, өзара сұхбаттасыңыздар (Сұхбатты сіз бастайсыз).

2-жағдаят. “Маған қазақтың ұлттық билері өте ұнайды. Біздің елімізден әлі талай жақсы бишілер өсіп шығады, себебі бишілік өнердің үлкен мектебі бар”, – дейді досыңыз. Сіз бұл пікірмен келіспейсіз, өзара пікір таластырыңыздар.

27. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Білімді, сауатты азаматтар – ХХІ ғасырдағы адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар жастардың уақыты. “Жастық шақ – бұл тамаша нәрсе; оны рәсуа ету қылмыс...”, – деген екен Бернард Шоу. Жастардың көбі жастық шақта еңбек ету арқылы ойлаған арманға жетуге болатынына күмәнмен қарайды. Олардың ойынша, жастарға өзін таныту үшін мүмкіндіктер қарастырылмаған.

Тапсырма:

Жастар – тәуелсіз Отанымыздың тірегі екеніне, еңбек ету арқылы ойлаған арманға жетуге болатынына нақты мысалдар келтіре отырып, досыңызды сендіріңіз.

Міндет:

Бернард Шоу айтқан пікірді қолдап, бұл ойды ары қарай жалғастырыңыздар.

28. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. Қытайдан келген қазақтардың арасында Шұғыладан басқа тағы қандай өнерлі адамдар бар? Олар туралы мәлімет жинап келіңіздер.

б. «Шара – қазақ би өнерінің көшбасшысы» тақырыбына жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер

Тарихынды таны

а. «Кешегісін ұмытпаған ертеңгісін бағалай біледі»... .

1. Танымдық сұрақтарға жауап дайындаңыздар.

а. Тарих таңы деген не?

ә. Өз еліңнің тарихы немен құнды?

б. Қазақ даласында билікке араласу түрі қалай жүргізілген?

в. Суретте кімдер бейнеленген? Олар туралы не білесіздер?



2. Үш би туралы оқып, қай мәтінде қай би туралы айтылғандығын анықтаңыздар.

Ол Әулиеата (қазіргі Жамбыл) төңірегінде дүниеге келген. Ол орта бойлы, сымбатты, реңді кісі болған. Ол ақылды, білімді, парасатты адам еді. Бала кезінен ел ішіндегі жер дауы, жесір дауына араласып, кесім айтып отырған. 15-20 жасынан билердің бас қосқан жиналысына қатысып, өзінің әділдігі мен шешендік өнері арқасында таныла бастайды. Ол ұзақ жасаған.

Бұл би Тәуке ханның тұсында өмір сүріп, қазақ жұртының бір орталыққа бағынған іргелі ел болуына ісімен де, сөзімен де зор үлес қосқан. 25 жасында Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлады. Ол сиқырлы да, сылқым сөздің шебері, майталман шешен, әділ би, озық ойлы қайраткер атанған.

Бұл-қазақтың аса айтулы, айбынды, аруақты биінің бірі. Анасы айтқан есті сөздерді кішкентай күнінен жаттап өскен ол ер жете келе өзі де солай сөйлеуге машықтана бастайды. Осы өнерінің арқасында бала биден дана биге айналып, «қара қылды қақ жарған, даусы зор, «алты алаштың ардағы» деген атаққа ие болады. Оның есімі халық арасындағы шапқыншылық кезінде екі елдің арасына бітімші-бүтінші болған батыл елші, парасатты мәмлегер ретінде мәлім.

3. Мағыналас сөздер мен қарама-қарсы мағынада тұрған сөздерді жазыңыздар. Берілген сөздермен сөз тіркестерін құраңыздар.

парасатты - _____, _____.
әділ - _____, _____.
сылқым - _____, _____.
майталман - _____, _____.
озық ойлы - _____, _____.

4. Үш би туралы оқып, олардың арасында қандай ұқсастық бар екенін анықтаңыздар.

Төле би
Қазыбек би
Айтеке би

5. Сұхбатты оқыңыздар. Сұрақ қоя отырып, кейде серіктесіңізге ой салу жолымен дамыта тілдесіңіздер.

– Саят, жақында мен қазақ билері туралы оқыдым. Таң қалдым. Олардың көбі 13-14 жастарында билікке араласып, бүкіл ауылдың тағдырын шешкен. Не деген білімділік, ақылдылық, шешендік!

– Әрине, ол уақыт қиын кезеңдер болған дәуір ғой. Мысалы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би туралы айтатын болсақ, олардың

өмірі негізінен қазақ-қалмақ шапқыншылығы өршіп тұрған жау-гершілік заманда өтті ғой.

– Меніңше, бұл жай аңыз әңгімелер.

– Жок, мұндай адамдар, шынында да, тарихта болған.

– Ал олар білімді қайдан алған?

– Ол кезде қазіргідей білім алатын мектеп, университеттер болмаған. Көп жағдайда бұл отбасындағы тәлім-тәрбие арқылы қалыптасады. Мәселен, Қазыбек би анасы айтқан есті сөздерді бала кезінен жаттап өскен, кейін ол өзі де солай сөйлеуге машықтанған.

– Сонда шешен сөйлеу үшін не керек?

– Әрине, мұндайда ата-ананың орны маңызды. Мысалы, өз ұлының бойында би боларлық қасиеттері бар екенін байқаған ата-ана оның дүниеге көзқарасын дұрыс қалыптастырудың амалын қарастырған. Үйренсін, білсін деп оны жас кезінен атақты билердің қасына қосқан.

– Қандай керемет!

6. Оң жақтағы бағанға сол жақтағы бағаннан мағына жағынан сәйкес келетін сөз тіркестерін табыңыздар. Оқытушы көмегімен стильдік бояуы бар айтылыстарды түсініп алыңыздар.

а.

таң қалу	1		а	ел басқару ісіне араласу
білікке араласу	2		ә	уақыттың ауырлығы
тағдыр шешу	3		б	қайран қалу
қиын кезең	4		в	көбею
өршіп тұру	5		г	халық қамын жеу

ә.

білім алу	1		а	ата-ана тәрбиесі
отбасындағы тәлім-тәрбие	2		ә	ілесіп бірге жүру
есті сөздер	3		б	қоршаған орта туралы ойы
билердің қасына қосу	4		в	оқу
дүниеге көзқарас	5		г	ақылды, ойлы сөздер

7. Сұхбаттасыңыздар. Сұрау мағынасын беретін сөздерді басқа сөздермен алмастырып үйреніңіздер.

Шешендік деген не?

- Бұл сөйлемдегі *не* сөзін басқа қандай сөзбен алмастыруға болады?
- Шешен адам қандай болуы керек?

8. Үлгі бойынша төмендегі сөйлемдердегі сұрау мағынасын беріп тұрған сөздерді ауыстырыңыздар.

Үлгі: Өмір сүру неге қиын, а? → Өмір сүру неліктен қиын, а?

- а. Шешен болу үшін зеректіктің қажеті қанша? →
- ә. Бұрынғы билердің қазіргі заңгерлерден айырмашылығы неде? →
- б. Заңгерге шешендік не үшін керек? →
- в. Адамға заңгер болу үшін қандай қасиет керек? →

9. Бір-біріңізді құптай, болжам жасай сөйлесіңіздер.

- а. – Мен билер, шешендер жайлы оқығанды жақсы көремін.
– Иә, мен де, себебі
- ә. – Билер шешен болуы керек.
– Рас айтасың, себебі.....
- б. – Шешен адам ақылды болып келеді.
– Мүмкін,
- в. – Шешен болу үшін отбасынан жақсы тәрбие алу керек.
– Демек,
- г. – Бұрынғы билер тәлімді жасы үлкен билермен бірге жүріп алған екен.
– Бәсе,

10. Қазыбек бидің жауабын оқып, мағынасын түсінуге тырысыңыздар.

Қазыбек би: «Кім жақын, не қымбат, не қиын?» деген сұраққа былай деп жауап қайтарған екен:

1	2	3
Тату болса, ағайын жақын,	Алтын ұяң – Отан қымбат,	Арадан шыққан жау қиын,
Ақылшы болса, апайын жақын,	Құт берекең – атаң қымбат.	Таусылмайтын дау қиын. Шанышқылаған сөз қиын,
Бауырмал болса, інің жақын,	Аймалайтын анаң қымбат.	Дәл осындай жағдайда, Пана болмас өз үйің.
Сыйлас болса, көршің жақын.	Мейірімді апаң қымбат. Асқар тауың – әкең	Жазылмаса дерт қиын, Іске аспаған серт қиын,
Адал болса, досың жақын,	қымбат. Туып өскен елің қымбат.	Ақылыңнан адасып, Өзің түскен өрт қиын.
Еркелейтін немерең жақын.	Ұят пенен ар қымбат, Өзің сүйген жар қымбат.	Не істеріңді біле алмай, Ашиды сонда бас, миың.
Өз ұрпағың – шөберең жақын.		
Жан серігің жас кезіңнен Бәрінен де әйелің жақын.		

а. Мағынасы жуық, мәндес сөздерді табыңыздар.

1) **Бауырмал** болса, інің жақын

а. тас бауыр; ә.туысқаншыл; б. мейірімді;

2) **Сыйлас** болса, көршің жақын

а. сыйлық; ә. сый; б. жақсы қарым-қатынаста болу;

3) **Адал** болса, досың жақын

а. ақ ниетті; ә. арам; б. қу;

4) **Еркелейтін** немерең жақын

а. бостандық; ә. жақсы көру; б. аймалау;

5) **Құт берекең** – атаң қымбат.

а.ырыс; ә.сая, пана; б.молшылық

6) **Аймалайтын** анаң қымбат.

а.еркелету; ә.айналу; б. толғану;

7) **Пана** болмас өз үйің

а. мекен; ә. ық; б. қорған
 ә. Мәтінді тағы бір рет оқып шығып, сөйлемдерді толықтырыңыздар.

Адал болса,.....
 Бауырмал болса,.....
 Тату болса,.....
 Ақылшы болса,.....
 Жас кезіңнен жан серігің –
 елің қымбат.


б. Кестені толтырыңыздар.

	Қазыбек бидің айтуынша	Сіздің ойыңызша
Отан		
Атаң		
Анаң		
Апаң		
Әке		

в. Төмендегі сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыздар. Бұл тіркестерді неге қиын дейді?

арадан шыққан жау қиын;
 таусылмайтын дау қиын;
 шанышқылаған сөз қиын.

г. Қазбек бидің сөзін монологқа айналдырып, өз сөзіңізбен айтып көріңіз.



Тілдік анықтамалық. Сөйлемнің соңында келетін “*қажет, керек, тиіс*” дейтін сөздер бар. Олар сөйлемде төмендегі ретпен келеді.

	+	<i>қажет, керек, тиіс</i>
<i>Қимыл атауы</i>	+	<i>қажет емес, керек емес, тиіс емес</i>
<i>Қимыл атауы</i>	+	<i>қажеті жоқ, керегі жоқ</i>

Ескерту! «*Тиіс*» сөзіне «*жоқ*» сөзі қосылмайды.

Жақ	Мысал
I жақ	баруым керек, баруым қажет, баруға тиіспін, баруға тиіс емеспін
II жақ	баруың керек, баруыңыз қажет, баруға тиіссің, баруыңның керегі (қажеті) жоқ, баруға тиіс емессің
III жақ	баруы керек, баруы қажет, баруға тиіс, баруы керек (қажет), баруы тиіс

11. Сөйлемдердегі көп нүктелердің орнына «керек, қажет, тиіс» сөздерінің бірін қойып, сөйлемді аяқтаңыздар.

1. Сабақ оқуға
2. Жас кезде білім алу
3. Дәрігерге уақытында бару
4. Емді үзбей алу
5. Жиналысқа менің баруым..... емес.
6. Ол кітап оқуға емес .
7. Оның сөзін айтуға..... емессіз.

12. Қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыздар.

Емтиханды тапсыруым қажет. 2. Өз жауабыңызға сенбесеңіз, қажет емес. 3. Жұмысқа керегі жоқ. 4. Емтихан тапсырар алдында қажеті жоқ. 5. Басқа біреудің конспектісін керегі жоқ.

13. Керек, қажет, тиіс сөздерін пайдалана отырып, сөйлемдерді толықтырыңыздар.

Мұрат университетке түспек. Қандай дайындық жасайды? Оның не істеуі керек?

- а. Мұрат құжаттарын тиіс.
- ә. Мұрат жолға қажет.
- б. Мұрат өз уақытын тиіс емес.
- в. Мұрат шөп шауып, әкесіне көмектесіп керек.

14. Тұрақты тіркестердің мәнін түсіндіріп, олармен сөйлем құрап жазыңыздар.

Ел камын жеу, береке қашу, қара қылды қақ жару, кесім айту, сөз кәдірін білу, ұшқыр ой, ақыл табу, әділетке шақыру.



15. Мәтінді мұқият тыңдап, берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) Қазақ батырларына жыр арнаған жырау туралы не білесіз? Ол өз жырларын қазақтың қай батырларына арнаған?

ә) Бұқар жырау батырларға арналған өлеңдерінде не нәрсеге айрықша мән берген?

16. Өлең мәтінін мұқият тыңдап, кестені толтырыңыздар.

Бөгенбайды Қабанбайдың алдына қоюдың себебі не?	Үш батырды ошақтың үш бұтына теңеудің себебі не?	Жауға сыр ашпаудың себебі не?	Жат бойынан түңілу үшін не істеу керек?

17. Тыңдалым мәтіні бойынша екеуара сөйлесіңіздер.

18. Мақалдарды сәйкестендіріп, мазмұнын ашыңыздар.

Ақылдың сөзі қысқа		сөз жарасы бітпейді
Шешен сөз бастар		тобықтай түйіні
Қылыш жарасы бітеді		жеті түрлі ғылым біл
Тоқсан ауыз сөздің		көпке болар нұсқа
Тіл тас жарады		тәрбие көзі
Жеті жұрттың тілін біл		батыр қол бастар
Аталар сөзі		тас жармаса, бас жарады



19. Келісіңіз не қарсы пікір білдіріңіз:

а. Қазақ халқы – ұшқыр ойды қастерлеген, ғасырлар бойы сөз мұрасын қорғаштап, сөз асылын жоғалтпай келген, ардақтысы да, аяулысы да сөз болған халық – иә/жоқ.

ә. Билер туралы әңгімелердің бәрі, шын мәнінде, аңыздар – иә/жоқ

б. Қазақтың атақты билері Төле, Қазыбек, Айтекеден қалған сөз дәстүрі үзілген емес – иә/жоқ.

в. Дала перзентінің бойындағы даналық қой қайтарып, қозы қуып жүрген тұста-ақ белгі береді – иә/жоқ.

20. Төле бидің сөздерін қалай түсінесіздер? Мағынасын өз сөздеріңізбен айтыңыздар.



- Досыңа өтірік айтпа – сенімің кетер,
Дұшпаныңа сырынды айтпа – түбіңе жетер.
- Қару жисаң мылтық жи.



21. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Оңтүстік өңірін бірге аралайық».

Ойынның мақсаты: Монологтік сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

Ойынның жүрісі: Студенттер екі топқа бөлінеді. Жеребе бойынша «1» санын алған топ ойынды бастайды. Оңға қарай жүріп отырасыз. Сұрау белгісіне түскен кезде сұрақты көршіңіз қояды. Суретке келгенде сурет бойынша сөйлейсіз. Қойылған сұрақтарға жауап бере алмасаңыз, бір ұпай кеміп отырады, ал ойынды келесі топтың мүшесі жалғастырады. Дұрыс жауапқа 3 ұпай аласыз.

Түркістанда болдыңыз ба?	Тайқазанды көрдіңіз бе?	Оңтүстік Қазақстандағы көне қалалар туралы айтыңыз	Тараз қаласы туралы әңгімелеңіз	
«Түркістан» атауы нені білдіреді?	Тайқазанды қайдан көруге болады?	Оңтүстік Қазақстан несімен әйгілі?		?

?	Екінші Меккені атаңыз	?	Отырар туралы жазған ақын жөнінде айтыңыз	«Ежелгі» сөзінің синонимі
	Өзіңізге ұнайтын қала туралы айтып беріңіз	Бүгінгі Түркістан туралы айтыңыз	?	
Оңтүстік өңірінің туристік жерлерін атаңыз	Сәулет өнерінің озық үлгілері	Алматының көрікті жерлері	Оңтүстік Қазақстанның табиғаты туралы	Отырар қаласы несімен әйгілі?

22. Суретке қарап, не айтуға болады? Өз ойыңызды айтыңыз.



23. Билер соты жайында оқып және қазіргі сот жүйесімен (газет, интернет материалдарын пайдаланып) салыстыра отырып, кестені толтырыңыздар.

Билер соты	Қазіргі сот жүйесі
<p>Қазақ қоғамында билер ешқашан сайланып та, тағайындалып та қойылмаған. Би лауазымына бекіту деген атымен болмаған. Би қызметі атадан балаға мұра болып та қалмайтын. Би болатын адамның бойынан бірнеше қасиет табылуы тиіс еді. Би, біріншіден, қазақтың дәстүрлі әдет-құқығын жете білуге міндетті. Мәселен, ол «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Тәуке ханның «Жеті жарғысын» жатқа білуі керек. Екіншіден, би атағынан үміткердің шешендік өнер мен аталы сөзді жақсы меңгеруі қажет. Үшіншіден, барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын әділ болуы шарт. Ондай билердің атақ-даңқы жөніндегі хабар дала тұрғындары арасына тез таралатын. Кейде билердің баласы да өзінің бойындағы қасиеттеріне қарай би бола алатын. Бірақ мұндай жағдай ілуде бір рет кездесетін.</p> <p>Өзінің беделіне дақ түсірген би сот ісіне араласу құқығынан айырылады. Дала тұрғындары өзіне жүгінуін тоқтатқан кезден бастап ол би аталудан қалады. Бала жастайынан далалық сот билігінің небір нәзік тұстарын меңгеруге ден қоятын.</p> <p>Сот шағымданушының тілегі немесе хан мен сұлтан, старшындардың тапсыруы бойынша басталатын. Дәстүрге сай ежелгі салт-жоралар қатаң сақталынатын. Билер соты дауға әділ билік айту ұстанымы бойынша жүргізілетін.</p>	

24. Іскери стильге үйренейік!

а. Мәтін: «Бір адам туысына қарызға ақша берді. Қарызды төлейтін уақыт келгенде қарыз алған адам «ақшам жоқ» деп қайтар-

майды. Ақша берген адамның қолында ешқандай құжат жоқ. Бірақ ақшасын қайтарып алғысы келеді, қалай алудың жолын білмейді». Осы мәтін негізінде жазылған талапарызға назар аударыңыздар.

ә. Талапарыз үлгісімен танысып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Қалалық сот төрағасы
А.И. Айтбаев мырзаға
Алматы қаласының
тұрғыны Т.Б. Исаевтан

Талапарыз

2013 жылдың 20 қаңтарында азамат А.А. Алмасов менен қарызға 880 000 (сегіз жүз сексен мың) теңге алған болатын. Өзара келісім бойынша азамат А.А.Алмасов қарызға алған ақшаны 2013 жылдың шілде айында қайтаруға міндеттенген болатын. Азамат А.А. Алмасов «ақшам жоқ» деген сылтаумен ақшамды қайтарудан бас тартып отыр.

Осы мәселеге байланысты заңды түрде шара қолдануыңызды сұраймын.

Т.Б. Исаев
2014 ж., 15 шілде

ҚОЛЫ

Сұрақтар:

Талапарыз қайда жіберілген?

Талапарыз иесі кім?

Жауапкер кім?

Талапкер не себепті сотқа талапарыз жазып отыр?

Үлгі бойынша университеттен шәкіртақыңызды өндіріп алу туралы сотқа талапарыз жазыңыз.

Берілген сұрақтар бойынша сұхбат құрастырыңыздар.

Қарызға берген
ақшаңды қалай сұрап
аласың?
- неге?
- қашан?
- қалай?

а) өзіңіздің жоспарыңызды жүзеге асыру
үнемі мүмкін бола ма?
ә) ақшаңызды қайтарып алатыныңызға
көзіңіз жете ме?
б) бермей қойса не істейсіз?
в) заңға жүгінесіз бе?
г) өзіңіз шешесіз бе?
ғ) билер соты бұл мәселеге қатысты не
дер дер еді?
д) қазіргі уақыттағы сот не істер еді?

25. Өз ойларыңызбен бөлісіңіздер.

1-жағдаят. Сіздің атаңыз бидің әділ болғаны жақсы дейді. Сонда ғана қоғам ілгері жылжиды дейді. Сіз бұнымен келіспейсіз. Екеуара сөйлесіңіздер.

2-жағдаят. Тарих – бұл тек арғы күн, кешегі күн ғана емес, бүгіміз де. Өткенді жақсы біле тұрып, біз қазіргіні де жақсы түсінеміз және болашақты да көзімізге елестете аламыз дегенді қалай түсінесіз? Өз ойыңызбен бөлісіңіз.

3-жағдаят. «Алтын ұяң – Отан қымбат» деген қанатты сөз бар. Досыңыз бұл сөздің шындығына күмәнданады. Ол: «Кез-келген жерде жаныңа жайлы болса, өмір сүре беруге болады», - дейді. Оған қарсы пікір айтыңыз. (Әңгімені досыңыз бастасын).

26. «Аталы сөзге арсыз тоқтамас» деген тақырыпқа шағын эссе жазыңыздар.

Тірек сөздер: *ата-баба, өсиет сөздер, мақал-мәтелдер, мән-мағынасын жете ұғыну, ырымдар мен тыйым сөздер, есте сақтау, өнегелілік, тәлім-тәрбие, адамгершілік, парасатты, өрелі ұрпақ, әдептілік, инабатты, сыйлау*

27. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Тәуке ханның тұсында шығыстан анталап жоңғарлар, оңтүстіктен өзбек, қарақалпақ, солтүстік батыстан башқұрттар, солтүс-

тіктен Сібір казактары тыныш жатқан халыққа күндіз күлкі, түнде ұйқы бермеген. Ел арасында Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Жауғашар, Қарасай сияқты батыр тұлғалар бас көтеріп, ел басына күн туғанда қалың қолды бастап, бейбіт өмір жолында тер төккен. Бүгінгі күні қазақ арасынан осындай елім деп еңіреген ерлерді табу қиын шығар... Өз қарабасының қамын ойлайтын, өткенін ұмытып, бүгінгісін бағалай алмайтын жандар көбейіп барады...

Тапсырма:

1. «Қазақ батырлары, олардың өмірі, батырлар жайындағы жыр-дастандар жас ұрпақты тәрбиелеуде пәрменді» деген пікірге көзқарасыңыз қалай? Өз ойыңызды өткен мен бүгінді салыстыра отырып, шығарма түрінде жазып беріңіз.

2. Бүгінгі күні қазақ арасынан елім деп еңіреген ерлерді табуға болатынын, жаңа заманның да өз батырларының бар екендігін мысалдар келтіре отырып, дәлелдеңіз.

28. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. Үш бидің даналық сөздерін жаттап келіңіздер;

б.«Қазақтың би-шешендері» тақырыбына жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер.

Тарихынды таны

- а. Ерлік туын көтерген ерлер
- ә. Ғасырлық тұлға

1. Танымдық сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Ғасырлық тұлға деп қандай адамды айтады?
- ә. Өзіңіз ғасырлық тұлға деп кімді атар едіңіз?
- б. Абылай хан туралы не білесіздер?



2. Мәтінді оқып, ғасырлық тұлға ретінде Абылай ханның таңдалу себебіне назар аударыңыздар. Оң жаққа Абылай хан жөнінде негізгі мәліметтерді жазып алыңыздар.



Blank writing area with horizontal lines for notes.

Абылай хан – Қазақ Ордасының ханы, қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері. Оның арғы тегі – Жошы хан, бергі бабалары – қазақ ордасының негізін салған Өз-Жәнібек, одан соң еңсегей бойлы ер Есім хан, салқам Жәңгір хан. Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Абылайдан Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр (кейін қазаққа хан болып Абылай атан-

ған) «**ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама**» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «**Сабалақ**» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Әбілмәмбет төренің жылқысын да бағады. Шоқан Уәлихановтың айтуына сүйенсек, бұл Абылайдың 13 жасар кезі болса керек. Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайдың өсіп жетілуіне аса зор ықпал етті. Қазақ даласының даналығын бойына жинаған баба ақылы мен парасатын, ел билеу саясатын, анталаған жауға тойтарыс берудің жолы қазақ халқының басының бірігуінде екенін жас баланың санасына ұялата білген. Бұқар, Үмбетей жыраулардың, басқа да ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мәліметтеріне қарағанда, Абылай жиырма жасында қан майданда ерлігімен танылған. Бұқардың Абылайға:

*«Сен жиырма жасқа жеткен соң,
Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқар құстай түледің»* деуі – осының дәлелі.

Үлкен әкесінің **аруағын шақырып**, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең **беделді әміршілердің** біріне айналады. Абылайдың әскери қайраткерлігі, қолбасылық қабілеті 30-40 жылдардағы шайқастарда ерекше көрінді. Ол соғысқа Абылайдың **қанды көйлек** жолдастары: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай өзге де қазақтың белгілі батырлары тізе қоса қатысады. Бұл да Абылайдың жауға қарсы қазақ халқының **басын біріктіре** білгендігінің дәлелі болып табылады.

Абылай көреген саяси қайраткер бола отырып, қалмақтармен аса ауыр соғыстардан қалжыраған елінің **есін жиғызу** үшін дипломатиялық жолдарды тиімді пайдаланды. 1740 жылы тамызда ол Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, тағы да басқа 120 старшынмен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорлығына» кіруге келісім білдіреді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Шың империясымен де қарым-қатынасын суытпады. Петербург пен Пекинге елшіліктер аттандырды. Абылай қазақ елінің тәуелсіздігіне **нұқсан келтіретін** жағдаяттармен аянбай күресіп, дербес **сыртқы саясат** ұстанып өтті.

Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Ол – «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт» тағы басқа күйлердің авторы. Абылай өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің ішінде Қабырхана мен Ақсарай арасындағы дәлізде жерленген. Қазақ халқының жадында Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып қалды. Оның есімі тәуелсіздік символында жауынгерлік ұранға айналды.

3. Оң жақтағы бағаннан сол жақтағы бағанға мағына жағынан сәйкес келетін сөз тіркестерін табыңыздар. Оқытушы көмегімен стильдік бояуы бар айтылыстарды түсініп алыңыздар.

а.

ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама	1		а	майдандас
аруақ шақыру	2		ә	жаңару, құлпыру
беделді әмірші	3		б	ата-бабасына сыйынды, табынды
түлеу	4		в	қиын кезең
қанды көйлек достар	5		г	қадір-құрметке бөленген, абыройлы басшы

ә.

тізе қосу	1		а	бөлек, тәуелсіз
сабалақ	2		ә	ауыр тұрмыстан құтылу
есін жиғызу	3		б	ұйпалақтанған, үрпиген
нұқсан келтіру	4		в	басын біріктіру
дербес	5		г	зиян, залал

4. Мәтін мазмұнына сүйеніп, дұрыс жауаптарды белгілеңіздер.

а. Абылай әулетінен еді.

Жошы хан	Тәуке хан	Абылай	Жәңгір хан
Қасым хан	Әз-Жәнібек	Есім хан	Уәлибақы

ә. Балалық шағында Абылай.....

ерте жетім қалды	аш-жалаңаш қалды	Төле бидің жылқысын бақты	Төле бидің тәрбиесінде болды
бай болды	өз атасының тәрбиесін алды	жұпыны тіршілік кешті	көп ойнады

б. Абылай хан

көреген саяси қайраткер болды	ең беделді әмірші еді	дарынды әнші болатын	дарынды қолбасшы еді
мейірімді адам болатын	дарынды күйші еді	қабілетті дипломат болды	өз заманының ұлы қайраткері еді

в. Абылай хан

қазақ халқының басын біріктіре алды	дербес сыртқы саясат ұстанды	қытайға тым көп көңіл бөлді	соғыста ерлігімен танылды
қазақ халқын қылмысқа итермеледі	Ресеймен дұрыс қарым-қатынас жүргізбеді	қуатты мемлекет құрмақ болды	өзі қорқақ адам еді

5. Сөйлемдердің грамматикалық құрылымын өзгертіп жазыңыз, бірақ мағынасы өзгермеуі тиіс.

Үлгі: Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы.

Жәңгір ханның бесінші ұрпағы – Абылай.

а. Әбілмансұр «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді;

ә. Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайдың өсіп жетілуіне аса зор ықпал етті;

б. Бала кезінен көрген жұпыны тіршілік, өмірлік тәжірибе Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды;

в. Абылайдың әскери қайраткерлігі, қолбасшылық қабілеті 30-40 жылдардағы шайқастарда ерекше көрінді;

г. Ол соғысқа Абылайдың қанды көйлек жолдастары, қазақтың белгілі батырлары тізе қоса қатысады;

ғ. Абылай қаһарлы хан, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі.

6. Төмендегі сөйлемдер мәтін мазмұнына сәйкес келе ме? "Иә/жоқ" деп белгілеңіздер.

№	Сөйлемдер	Иә	Жоқ
1.	Абылай жетім қалғандықтан Төле бидің түйесін бақты.		
2.	Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайдың өсіп жетілуіне аса зор ықпал етті.		
3.	Абылай дипломат болған.		
4.	Абылай қазақ елінің тәуелсіздігі үшін аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанып өтті.		
5.	Абылай қазақ халқының басын біріктіре алмады.		
6.	Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, дарынды күйші ретінде де белгілі.		
7.	Оның есімі тәуелсіздік символына, жауынгерлік ұранға айналды.		

7. Сұхбат құрыңыздар. Сұхбаттың бірінші сөйлемі берілген, екінші сөйлемнің басын «о, не дегенің, иә, солай ма» сөздерінің бірімен бастаңыздар.

– Абылай хан Жәңгір ханның бесінші ұрпағы екен ғой.

–

– Абылай хан жетім қалып, үйсін Төле бидің қолында өсіп, Сабалақ атанған екен.

–

– Абылай хан Әбілмәмбет төренің жылқысын да баққан.

–

– Абылай елдің басын біріктіруге тырысқан мәмлегер хан болған деседі.

–

– Ол өте қабілетті адам, дарынды саясаткер болған.

–

8. Сөйлемдерді кеңейтіңіздер.

Абылай көреген саясаткер болған

Абылай қабілетті дипломат еді

Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайдың өсіп жетілуіне аса зор ықпал етті.....

Абылай хан дарынды күйші болған деседі

9. Іскери стильмен жұмыс істейік!

а. М.А. Нүсіпжановқа берілген мінездемені оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Мінездеме Мұрат Арманұлы Нүсіпжановқа берілді. Ол 1983 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында дүниеге келген. 1990-2001 жылдар аралығында Орал қаласындағы № 37 орта мектепте оқыды. Мектепті бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетіне құжаттарын тапсырды. Оқуға қабылданды. М.А. Нүсіпжанов – қабілетті, білімді, спортқа бейім. Ол республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Компьютермен жұмыс істей алады, ағылшын тілін жетік біледі. М.А. Нүсіпжанов – сабырлы, жолдастарына адал. Ұйымдастырушылық қабілеті бар, қиын жағдайда өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алады. Сынды дұрыс түсінеді, кемшіліктерін тез түзетуге тырысады.

ә. М.А. Нүсіпжанов қай жылы және қай жерде дүниеге келген?

М.А. Нүсіпжанов қандай адам?

б. Жоғарыдағы мінездемені үлгіге ала отырып, Абылай ханға мінездеме жазып көріңіздер.

10. Ел, Отан, ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдер жинап келіп, оларды мәтін мазмұнымен салыстырыңыздар.



Тілдік анықтамалық. *Тілімізде айтылған ойдың иесі көрінбей тұратын да сөйлемдер кездеседі. Олар мынадай жолдармен жасалады:*

қы/кі, ғы/гі

-ып, -іп, -п

бол, жара,
тура, кел

керек, қажет,
мүмкін, тиіс

Мысалы: Айтылған сөзді тыңдау керек. Баланы өнерге жасынан баулу қажет. Мұраттың бәрін білгісі келеді. Қайтсін, шынын айтуға тура келді.

11. Сөйлемдердегі іс-әрекеттің қандай жолмен жасалып тұрғанын айтыңыздар.

1. Сайлауда қаралған істі тез қолға алу керек. 2. Айтпауға тура келді. 3. Жылқыны үйрінде жүрген кезінде қолмен ұстау керек. 4. Шахтаны аралап жүріп мән-жайды білу керек еді ғой. 5. Сені сынағым да келіп тұр. 6. Менің топшылауымша, дәл сен айтқандай болуы мүмкін емес.

12. Сөйлемдер екінші жақ тұлғасында берілген, оларды бірінші жаққа айналдырып жазыңыздар.

Үлгі: а. Естіген нәрсені ұмытпауға тырысамын.

а. Естіген нәрсені ұмытпауға тырысқыңақ келеді. ә. Атаңнан бәрін үйренуің қажет. б. Сіздің айтқаныңызды орындауға тура келді. в. Сенің кешікпей келуің керек еді. г. Мүмкін, бізбен бірге жүруіңіз қажет шығар?

13. Тілдік анықтамалық кестесінде берілген қосымшалар мен сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді өзгертіп жазыңыздар

1. а. Абылай хан туралы білгіміз келеді. ә. Абылай хан туралы білуі тиіс. б. Абылай ханның қабылетті дипломат екенін білмеуі мүмкін. г. Абылай ханның мәмілегерлік қасиетін түсіндіруге тура келді.

2. а. Қол өнеріне мектептен үйренгенмін. ә. Сен керемет әнші екенсің. б. Күйшілік – атамнан келе жатқан өнер. в. Үлкен атамыз зергерлікпен айналысыпты. г. Әжеңіз сырмақ сырып, ою ояды екен.



14. Мәтінді тыңдап, екі бағандағы сөздерден сөз тіркесін жасаңыздар.

әдепті	кұрау
төкпе	біріктіру
алтын	төгу
басын	елші
дүниеден	жырау
әділетпен	өту
қан	іс
парасатты	жүру
басын	так

15. Мәтіннен сізге бейтаныс сөздерді жазып алып, мағынасын түсіндіріңіздер.

16. Абылай ханның үш арманын оқып, мәнін оқытушы көмегімен түсініп алыңыздар.

1. Менің елім мал емшегін емген ел еді. Аяғына дейін жер емшегін емізе алмадым.

2. Менің тұсымда қан көп төгілді, соған өкінемін. Егер мен жаудың қанын төкпесем, ол менің қанымды төгетін еді.

3. Елімде телі мен тентек көп болды, бастарын біріктіру қиынға түсті.

17. Төмендегі жоспарды пайдалана отырып, тыңдалған мәтінге рецензия жазыңыздар: а) мәтіннің аты; б) ондағы кейіпкерлер; в) мәтіннің қысқа мазмұны; г) негізгі идеясы; д) осы мәтінге сіздің беретін бағаңыз.



18. Абылай ханның ұрпағы Шот-Аман Уәлиханов берген сұхбатпен танысыңыздар.

– Құрметті Шот-Аман Ыдырысұлы, хан бабаның өлгенді тірілтіп, өшкенді жандырғандай сол бір Көкшетауда өткен 280 жылдық тойының тағылымы, әдемі әсерлері есіңізде шығар?

– Ол күндер қалай ұмытылсын! Сол уақыттарда Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың Абылай ханның мүшелтойын атап өту туралы шешімін бүкіл халық, зиялы қауым үлкен ілтипатпен қарсы алып еді. Абылай хан бір-ақ күнде ел ұранына айналып шыға келген. Хан ордасының қасиетті мекені Көкшетау «Аруағыңнан айналайын Абылай!» деп шаттана тербетіліп тұрғаны әлі көз алдымда. Бұған дейінгі кеңестік кезеңнің 70 жылында қазақ тарихы ханталапайға түсіп, жабық ұсталды емес пе? Басын бәйгеге тігіп, қан төгіп, жерін, елін қорғаған, жағалай жау тыныштық бермей, көз алартқан кезде халқының тағдырын ойлап, жаны жара болған, зерделі ойын, көреген саясатын елдің игілігіне жұмсаған Абылайды өз халқына қарсы қоюшылық болғанына не істерсіз! Бұдан артық әділетсіздік бола қояр ма екен?

– Абылай ханның қазақ тарихындағы орны, рөлі туралы не айтар едіңіз?

– Тарихымыздың бұрынғы әділ қазыларының бірі, Шығыс тарихын зерттеуші ғұлама, атақты академик В. Бартольд айтқандай, Абылай хан XVIII ғасырдағы хандардың ішіндегі ең құдіреттісі болды. Абылай баһадүр хан елдің ауызбірлігін сақтап, халқымыздың басын қосуда, қазақ жерін шапқыншылардан қорғап қалуда, Ресей, Қытай мемлекеттерімен достық қарым-қатынас орнату арқылы қазақ хандығының тәуелсіздігі мен елдігін сақтауда, жалпы қазақ мәмілегерлігінде аса зор қызмет атқарған.

– Халық жадындағы Абылай бейнесі де оған деген сүйіспеншілікті айғақтайды емес пе?

– Иә, Абылай туралы жыр-дастандар, аңыз-әңгімелер басқа хандармен салыстырғанда мейлінше көп сақталған. Аңыз-әңгімелердің бәрінде де Абылайдың түр-түсінен тегін адам емес екендігі білініп тұрады. Сол аңыздарда: «Ол алты күн аш жүрсе де кір ыдыстан тамақ ішпейді. Алдына келген дәммен жолдастарымен бөліседі. Жай жерге отыра салмайды, астына тақ қылып күпісін төсейді», – деп сипатталады. Мұның астарында Абылайдың көрген тәрбиесі жатыр. Хан сарайында қалыптасқан әдет, дәстүр бойынша ханзада-ханшалар жеті жұрттың тілін білген, қалай жүріп-тұруды, әдепті болуды, мәнерлі сөйлеуге үйренген. Егер Абылай кір ыдыстан тамақ ішпесе, үлкендердің алдынан аттап өтпесе, бірнеше тілде сөйлей білсе, бұл туа біткен қасиет емес, 10 жасқа дейін алып үлгерген тәрбиенің жемісі еді.

19. Төмендегі сөздер мәтінде қалай берілген? Еркін сөз тіркестерін стильдік бояуы бар сөздермен сәйкестендіріңіздер.

а.

жақсы қарсы алу	1		а	өлгені тірілу
бұрынғыны еске алу	2		ә	өшкені жану
риза болу	3		б	той тағлымы
белгілі адамдар	4		в	зиялы қауым
алатын өнеге	5		г	ілттипатпен қарсы алу

ә.

қуану	1		а	ұранға айналу
тарихтың бұрмалануы	2		ә	шаттана тебірену
жиі айтылу	3		б	тарихтың
өзін аямау	4		в	ханталапайға түсуі
қырылу	5		г	басын бәйгеге тігу
				қан төгу

б.

қайғыру, уайымдау	1		а	көз аларту
жек көру	2		ә	жаны жаралану
ынтымақ	3		б	ауыз бірлік сақтау
бірігу	4		в	бас қосу
адам бойындағы	5		г	тәрбиенің жемісі
жақсы қасиет				

20. «Сүйсіну, таң қалу, ләззат алу» мағынасындағы сөздер адамның жақсы көңіл-күйіне қатысты айтылады.

Мысалы: *Абылай ханның ерлігіне халық сүйсінді. Жорықта бірге жүрген адамдар оның ерекше тазалығына таң қалған. Избасарлары Абылайдың ел басқару өнерінен ләззат алған.*

21. Келесі тірек сөздерді пайдаланып, «таң қалу, сүйсіну, ләззат алу» сезімдерін беретін сөйлемдер ойлап жазыңыздар.

Тірек сөздер: *дипломаттығына сүйсіну, күйлерінен ләззат алу, қабілетіне таң қалу.*

22. Сұхбаттасыңыздар. Сұхбаттың бірінші сөйлемі берген ма-

ғынаны екінші сөйлем де беруі тиіс, бірақ мағына біріншісіне қарағанда экспрессивті болуы қажет.

Үлгі:

а. – Менің ата-анам өткен өмірлерін ұмытпай, бүгінгі жастардың тәрбиесіне риза болмай, *уайымдап* отырады.

– Оларды тек қана сол *алаңдатады*. Ата-анамнан еститінім – тек осы тақырыпқа арналған сөздер.

ә. – Көршіміз баласы қайтыс болғанда өте қатты қайғырды, әлі ұмыта алмай, *салы суға кетіп жүр*.


– Кеше мен бір әңгіме бастап едім, «ал менің ұлым» деп *көзінен жасы мөлтілдеп қоя берді*.

б. – Баламның жетістігіне қуанып, *төбем көкке жетіп отыр*.

– Иә, қуанғаның *күлімдеген көзіңнен* көрініп тұр.

23. Сызба бойынша сұхбаттасыңыздар.

Тілдесушілер жағдаят кезінде қандай айтылыстарды пайдаланады және жағдаят туралы басқаға айтып тұрған кезде қандай айтылыстарды пайдаланады?



24. Осы сұхбатты үлгіге алып, төмендегі жағдаяттар бойынша өздеріңіз сұхбат құрыңыздар.

1. Ол ешкімге сенбейді.

2. Батырлар тақырыбы мені қызықтырмайды.

3. Абылай туралы білуге ол тырысқан да жоқ.
4. Оқытушыға дәріс соңында бірде-бір сұрақ қойылмады.
5. Абылай туралы оқимын деген уәдесін орындамады.

25. Жағдаяттар бойынша жұмыс істеңіздер.

1-жағдаят. Биыл Абылайдың туылғанына 300 жыл толды. Сіз баспасөзден Абылай хан туралы көптеген әрі қызық, әрі соны мәліметтер оқып білдіңіз. Досыңызға Абылай ханның беделді әмірші, дарынды қолбасшы болғанын айттыңыз, ал досыңыз Абылайдың дипломаттығына айрықша тәнті екенін айтты. Әрқайсысыңыз өз ойларыңызды дәлелдей отырып, өзара түсінісіп сұхбаттасыңыздар.

2- жағдаят. Сіздіңше, «ғасырлық тұлға» деген ат адамның қандай қасиеттері үшін беріледі, сіз өзіңіз кімді ұсынар едіңіз, сіздіңше бұл атқа кім лайық? Өз ойыңызбен бөлісіңіз.

3-жағдаят. «Абылай ханды ғасырлық тұлға деп тануға болады», – дейді досыңыз. Сіз күмәнданасыз. Өз ойыңызды дәлелдеп көріңіз.

26. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жылғы көтеріліс, отызыншы жылдардағы тотолитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне, қазақ халқының жүрегіне ауыр жара салды. Біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл – тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналық әрдайым жадымызда сақталуы тиіс.

Тапсырма:

Тарихи оқиғалардың маңыздылығына тоқталыңыз, тарихымызды ұмыту – туған халқымызды бағаламау екендігін дәлелдеңіз.

27. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Абылай – дарынды қолбасшы» тақырыбына эссе жазыңыздар;

б. «Абылай хан және қазақ халқы» тақырыбына жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер.

Ғылым мен техника

- а. Ғылым – инновациялық экономиканың негізі
- ә. Қазақстандықтардың ғылыми жаңалықтары

1. Қалай ойлайсыздар, мына суреттерде не бейнеленген?



2. Мәтінді оқып, берілген тапсырмаларды орындаңыздар.

Қоғамның инновациялық дамуы мәселесі қазіргі таңда ба-рынша өзекті болып отыр. Инновациялар, жаңалықтар адамзат өмірінің барлық кезеңдерінде қажет. Адам еңбек өнімділігін арттыру үшін үнемі өз еңбегін жеңілдетуді және оңайлатуды ойластырумен келеді. Ол үшін еңбек құралдарын, өндірістік қызмет әдістерін ойлап шығарумен, оларды жетілдірумен үзбей айналысып келеді. Дөңгелекті ойлап шығару, қола мен темірді игеру мен қолдану, егіншілікке көшу, машина өндірісін дамыту секілді инновациялар әлемдік тарихтың даму барысына түбегейлі әсер етті және осы жаңалықтардың әрқайсысы адамзаттың дамуындағы сапалы жаңа деңгейді көрсете білді. Ғылыми салада бұл құбылыстар инновациялық «секіріс» немесе «жарылыс» атауын алды.

XX ғасырдың соңғы тоқсанында адамзат өзінің дамуының жаңа кезеңі – постиндустриалды қоғамды құру кезеңіне аяқ басты. Постиндустриалды қоғам үшін бәрінен бұрын ақпараттық технологиялар, компьютерленген жүйелер, жоғары өндірістік технологиялар және оларға негізделген инновациялық технологиялар, инновациялық жүйелер, адамзат әрекетінің әр түрлі саласындағы инновациялық ұйымдастырулар маңызды болып табылады.

Мәселен, әлемде соңғы жылдары табиғи ресурстарды үнемдеу мақсатында тамшылап суару жүйесі кеңінен қолданылуда. Суарудың жаңа технологиясын қазақстандық диқандар да өз тәжірибелеріне енгізуде. Суарудың дәстүрлі жүйелері көп жағдайда кері салдарға алып келеді. Ылғал тез жоғалады, сол себептен жер батпақтанады, соңында, оның құнарлылығы кетеді. Тамшылап суаруда мұндай мәселелер болмайды. Суды үнемдеу жүйесінің арқасында егін мол шығады және су, тыңайтқыштар, электр энергиясы, адам еңбегі мен қаражат шығыны айтарлықтай қысқарады, ал өнім сапасы анағұрлым артады.



«Ақдала» кәсіпорнында тамшылап суарудың артықшылығы алғашқы жылы-ақ байқалғаны соншалық – қызанақтардың өнімі үш есеге артты – гектарына 65-70 тоннаға дейін өнім алынды. Суару стандартты сызбамен жүргізілгенде гектарынан небәрі 20-25 мың тонна

өнім алынады. Желдің механикалық энергиясын жел электр станциясы арқылы пайдалану да соңғы жаңалықтар қатарынан саналады. Жел энергиясын пайдаланудың артықшылығы сол – электр энергиясын өндіру мен әр түрлі механизмдерді



(су сорғысы, ұн тартатын диірмен және т.б.) энергияның қалыпты көзіне айналдыратыны. Қазақстанда негізінен жел көздері жеткілікті, сондықтан жел күшін тиімді пайдалану өте маңызды, алайда энергияның экологиялық таза көзінің де кейбір қиындықтары бар. Айталық, теледидарға бөгет болатын ультра-дыбыстық сәуле шығарады; жануарлар әлеміне, әсіресе құстарға және тағы басқа тіршілік иелеріне теріс әсер етеді. Голландияда жыл сайын электр берілісі желісінен шамамен 40 мың ірі құс, ал көктемгі және күзгі ауу кезінде, егер электр берілісі сызығы құс қайту жолын қиып өтетін болса, шамамен жылына 70 мыңға дейін (электр берілісі сызығы-

ның 1 километріне шаққанда) құс өлетіні есептелді. Жел энергиясын пайдаланудың ең кереметі сол: ол дәстүрлі электр станциялары шығаратын ластағыш шығындарды болдырмауға мүмкіндік береді, себебі онда қазба отын пайдаланылады.

Соңғы жылдары 3D принтері әлемдік экономикада ірі жаңалықтар жасауда. Ол тіпті өндірістердегі қалыптасқан тәртіп пен әлемдік саудадағы тепе-теңдікті өзгертіп жіберуі мүмкін.

3D принтері компьютердегі үш өлшемдік суреті бар файлдарды қабылдап, пластик, смола, керамика, металл, тағы басқа материалдардың қабаттарын бір-бірінің үстіне жинап, одан тауар жасап шығарады. Инженерлер мен дизайнерлер автоматтандыру мен ғарыш саласында түпнұсқаны жасау үшін осы технологияны ондаған жылдардан бері пайдаланып келеді. Бұрын 3D принтері арқылы жасалған көптеген құрамалы бөлшектер ұшақтарда, адамсыз ұшатын аспаптарда және спутниктерде қолданылатын.

Мамандар медицина саласында титаннан жамбас сүйектің көшірмесін және керамикадан тіс протездерін жасау үшін үш өлшемді кескінді қолданады.



Компьютер дәуірінде 3D принтер технологиясы шапшаң дамып, құралдың бағасы да тез арзандап барады. Бір кездері жоғары өндірістің санаулы саласында шектеулі болған технологияның қазіргі кезде кең таралғаны соншалық – қарапайым

халықтың сатып алуына қолайлы бола түсті. Затты үш өлшемде дайындап беретін принтерлерді әр салада тиімді пайдаланса, еңбек өнімділігі артатыны сөзсіз. Қазірдің өзінде мұндай принтерлер 1000 доллардың маңында сатылып жатыр.

Сән дизайнерлері де асыл тастан бұйымдар жасап, киім тіккенде және нейлон сияқты материалдарды қолданғанда осы технологияны пайдаланады.

3. Төмендегі тірек сөздер мен сұрақтарды пайдаланып, мәтіннің мазмұнын айтыңыздар.

Инновациялар әсер етті – неге?; секіріс, жарылыс – ненің аты?; постиндустриалды қоғам – қандай қоғам?; тамшылап суару жүйесі

– *мақсаты қандай?*; тамшылап суарудың, жел энергиясының, 3D принтерінің жасалуы – *ненің көрсеткіші?*; тамшылап суару – *артықшылығы неде?*; жел энергиясы – *пайдасы қандай?*; жел энергиясы – *кемшілігі неде?*; бұрынғы суару жүйесі – *кемшілігі қандай?*; 3D принтері – *не істей алады?*; 3D принтері – *қауіпті ме?*

4. Қарамен берілген сөздерді мәндес сөздермен ауыстырыңыздар.

а. «Қоғамның инновациялық дамуы» мәселесі қазіргі таңда ба-
рынша өзекті болып табылады; ә. Адам еңбек өнімділігін арттыру
үшін **үнемі** еңбек құралдарын, өндірістік қызмет әдістерін ойлап
шығарды және жетілдірді; б. XX ғасырдың соңғы тоқсанында
адамзат өзінің дамуының жаңа кезеңі – **постиндустриалды қоғам-
ды** құру кезеңіне аяқ басты; в. Мәселен, әлемде соңғы жылдары
табиғи ресурстарды **үнемдеу** мақсатында **тамшылап** суару жүйесі
кеңінен қолданылуда; г. **Ылғалды** жер батпақтанады, соңында, оның
құнарлылығы кетеді; ғ. Қуаты 50-100 киловатт электр станциялары
едәуір сенімді және **тиімді** болып саналады; д. Қазақстанда негізі-
нен жел көздері **жеткілікті**; е. Соңғы жылдары «3D принтері» деген
атпен белгілі құрал өте **қарқынды** дамыды.

5. Төмендегі сөйлемдерді оқыңыздар. Сіздіңше, сөйлемдер- дің қайсысы мәтіндегі басты ойды беріп тұр? Өз жауабыңыз- ды басқа студенттердің жауабымен салыстырып, ең дәл, анық деген жауапты атаңыздар.

а. Адамзат өз жұмысын жеңілдету, еңбек өнімділігін арттыру
үшін үнемі еңбек құралдарын, өндірістік қызмет әдістерін ойлап
табумен, жетілдірумен айналысып келеді;

ә. XX ғасырдың соңғы тоқсанында адамзат өзінің дамуының
жаңа кезеңі – постиндустриалды қоғамды құру кезеңіне аяқ басты;

б. Әлемде соңғы жылдары табиғи ресурстарды үнемдеу мақ-
сатында тамшылап суару жүйесі кеңінен қолданыла бастады;

в. Соңғы жылдары табиғи ресурстарды үнемдеу мақсатында
жел энергиясын пайдалану жүзеге асты;

г. Әлемдік экономикадағы ірі жаңалықтардың бірі – 3D принте-
рі.

6. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді аяқтаңыздар.

Инновациялар, жаңалықтар адамзат өмірінің
Адам еңбек өнімділігін арттыру үшін үнемі еңбек құралдарын, өндірістік қызмет әдістерін XX ғасырдың соңғы тоқсанында адамзат өзінің дамуының жаңа кезеңі –
..... Мәселен, әлемде соңғы жылдары табиғи ресурстарды үнемдеу мақсатында Суарудың дәстүрлі жүйелері көп жағдайда Ылғал көптеп жоғалады, жер батпақтанады, соңында, оның құнарлығы кетеді. Ақдала кәсіпорнында тамшылап суарудың артықшылығы Жел энергиясының пайдаланылуы – электр энергиясын өндіру үшін және әр түрлі механизмдерді 3D принтері арқылы жасалған көптеген құрамалы бөлшектер Компьютер дәуірінде 3D принтер технологиясы шапшаң дамып, құралдың бағасы Сән дизайнерлері де асыл тастан бұйымдар жасап, киім тіккенде және

7. Мәтіннен алынған төмендегі сөйлемдерді мәтіндегі берілу ретімен қойып шығыңыздар.

а. Адам еңбек өнімділігін арттыру үшін үнемі өз еңбегін жеңілдетуді және оңайлатуды ойластырумен келеді;

ә. Затты үш өлшемде дайындап беретін принтерлерді әр салада тиімді пайдаланса, еңбек өнімділігі артады;

б. Жел энергиясы дәстүрлі электр станциялары шығаратын ластағыш шығындарды болдырмайды;

в. Суарудың жаңа технологиясын қазақстандық диқандар да өз тәжірибелеріне енгізуде;

г. Ғылыми салада бұл құбылыстар инновациялық «секіріс» немесе «жарылыс» атауын алды;

ғ. Қазақстанда негізінен жел көздері жеткілікті, сондықтан жел күшін тиімді пайдалану өте маңызды;

д. Компьютер дәуірінде 3D принтер технологиясы шапшаң дамып, құралдың бағасы да тез арзандап барады;

е. Қазірдің өзінде мұндай принтерлер 1000 доллардың маңында сатылып жатыр;

ж. Энергияның экологиялық таза көзінің де кейбір қиындықтары бар;

з. Жел энергиясы теледидарға бөгет болатын ультра-дыбыстық сәуле шығарады;

и. Суарудың дәстүрлі жүйелері көп жағдайда кері салдарға алып келеді;

к. Ылғал тез жоғалады, сол себептен жер батпақтанады.

8. Кестені ауыл шаруашылығындағы бұрынғы технологиялар мен қазіргі инновациялық технологиялар бойынша толтырып шығыңыздар.

Бұрынғы технология	Ұқсастығы: Айырмашылығы:	Инновациялық технология
--------------------	---------------------------------	-------------------------

9. Бір-біріңізді құптай, болжам жасай сөйлесіңіздер.

Инновациялар, жаңалықтар адамзат өмірінің барлық кезеңдерінде үнемі қажет.

Иә, дұрыс айтасыз!.....

XX ғасырдың соңғы тоқсанында адамзат өзінің дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты.

Рас айтасыз! Бірақ

Табиғи ресурстарды үнемдеу мақсатында әлемде өндіріске жаңа технологиялар енгізілуде.

Мұның бәрі жақсы- ау! Алайда

Жел күші энергияның экологиялық таза көзі болғанымен, оны пайдалануда кейбір қиындықтар бар.

Солай ма?! Сіз қоршаған ортаға келетін зиянды айтып отырсыз ба?.....

10. Мәтінді сызбадағы жоспар бойынша айтып шығыңыздар.



11. Искери стильді үйренейік!

Жақында сіздің қалаңызда 3D принтерінің мүмкіндіктерімен таныстыру мақсатында конференция өтеді. Сіз – сол конференцияның ұйымдастырушысыз. Мәтіндегі ақпаратты негізге ала отырып, газетке конференция туралы хабарландыру беріңіздер. Хабарландыру жазу үшін төмендегі мәліметтерді басшылыққа алыңыз.

«Бұл жаңалық жаңа бизнестерге, тың бизнес жобаларға, жұмысын енді бастаған компанияларға, жалпы бұған дейін өндіру мүмкін болмаған, өндірсе де өте қымбатқа түсетін өнімдердің мүлде жаңа түрлерін жасап шығаруға зор мүмкіндік екенін, дамып келе жатқан осы технологияның нәтижесінде адамды таң қалдыратын өзгерістер әлі алда» екенін айтып, хабарландыру жазыңыз.



Тілдік анықтамалық. Сөйлемдердің себебін білдіретін айтылыстар:

Қимыл атауы	Қосымша	Сөздер
<i>болған</i>	<i>-дықтан</i>	<i>арқасында</i>
<i>келген</i>	<i>-діктен</i>	<i>нәтижесінде</i>

Үлгі: Жұмысымыз көп болғандықтан, басымызды көтере алмадық.

Кеш келгендіктен, өтініш айта алмадық.

Мұрат өнегелі тәрбиенің арқасында, жақсы азамат болып өсті.

12. Сөйлемдердің салдарын анықтаңыздар.

1. Шетелде оқу пайдалы болғандықтан,
2. Тілді үйрену кезінде өзінің ана тіліне аударып отырудың арқасында,
3. Жиналыстың нәтижесінде,
4. Тәрбие туралы жиі айтылғандықтан,
5. Кітапты көп оқығанның арқасында,

13. Екі сөйлемді қосып жазыңыздар. Бірінші сөйлемнің соңына «бол» сөзін тіркеп, оған -дықтан қосымшасын жалғап жазыңыздар. Сөйлемдердің қайсысы айтылған ойдың себебін көрсетіп тұрғанын айтыңыздар.

1. Кейбір елдерге шығу үшін рұқсат алу қиын. Қазақстандық студенттердің саны азаюда.

2. Елімізде шетелдік азаматтар көп. Олар тілдік ортаға бейімделіп кете алмайды.

3. Оның жұмыс өтілі өте аз. Шетелдік тағылымдамадан өтуге мүмкіндік болмай жатыр.

4. Менің досымның жұмыс тәжірибесі мол. Ол жалақысы жоғары фирмадан өзіне жұмыс тапты.

14. Күрделі сөйлемдерден жай сөйлемдер жасаңыздар.

1. Жастар шетелде білім алғанның арқасында, өзге ел өмірі туралы жақсы мағлұмат алып келеді.

2. Шет тіліне қызығушылық белең алғандықтан, жастар ана тілінде оқымайтын болып барады.

3. Студенттер шетелге барғанда, белгілі бір отбасында тұратындықтан, өзге елдің мәдениетімен танысып қайтады.


4. Балалар өзге елде ұзақ уақыт тұрып қалғандықтан, өз еліміздегі байланыстарын үзіп алады.

15. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Себеп және салдар»

Ойынның мақсаты: Грамматикалық дағдыларын жетілдіру.

Ойынның жүрісі: Студенттер екі топқа бөлінеді. Сөйлемнің себебі берілген, салдарын студенттер жалғастыруы тиіс. Қай топ тапсырманы тез және қатесіз орындаса, сол топ жеңеді.



16. «Тіл үйренуде инновация қажет пе?». Өз ойыңызды эссе түрінде жазып беріңіз.



17. Мәтінді мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындаңыздар.



18. Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтаңыздар.

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
Жаңа принтердің мүмкіндіктері шексіз.		
Бұл технологияны мамандар қазірдің өзінде-ақ өндіріс саласында қолданып жүр.		
Қазірдің өзінде сәулетшілер 3D принтерінің көмегімен үй салып жатыр.		
Қазақстандағы көптеген мектептер 3D принтерлерімен жабдықталды.		
Болашақта 3D принтері өндірісі арзан тауарлар шығарады.		

Бірнеше жылдан соң 3D принтерінде өзіңіз қалаған киім үлгісін жасатып аласыз.		
Арнайы аппарат көйлек, костюмді ғана емес, аяқ киіміңізді де жасап береді.		

19. Мәтін мазмұны бойынша екеуара сөйлесіңіздер. Әңгімені сұрақ қоя отырып, кейде серіктесіңіздің пікіріне қарсы пікірлер айтып, оған ой салу жолымен дамыта сұхбаттасыңыздар.

- Самат, сен 3D принтері туралы естідің бе?
- Иә, жалпы 3D технологиясы туралы естідім, 3D теледидарын да көрдім, бірақ 3D принтері туралы естімеппін. Принтер болса, онда ол бір нәрсе шығаратын болу керек қой. Солай ма?
- Әрине, бұл инновациялық «жарылыс» қой!

20. Осы мәтіннен қайтадан үш сөйлем тыңдайсыздар. Сөйлемдердің беретін мағынасы біреу-ақ. Айырмашылық: сөйлемдегі сөздердің орындарының ауыстырылып берілуінде. Соны тауып, сөйлемнің мағынасын түсіндіріңіздер.

21. Мәтіннің соңғы бөлігін қайта тындап, бастапқы тыңдаған нұсқамен салыстырғанда қандай айырмашылық бар екенін айтыңыздар.



22. Жағдаят бойынша құрылған сұхбатқа назар аударыңыздар. Өздеріңіз осыны үлгіге алып, сұхбат құрыңыздар. Сұхбатта тандану, күмәндану мағынасындағы сөздерді пайдаланыңыздар.

Үлгі:



23. Жоғарыдағы сұхбатты үлгіге алып, төмендегі жағдаяттар бойынша өздеріңіз сұхбат құрыңыздар.

- а. Ғылым мен техника жаңалығы инновациялық «секіріс» деп аталады;
- ә. Табиғи ресурстарды үнемдеу өндіріске тамшылап суару жү-іесін алып келді;
- б. Жел электр станциясын пайдалану өте тиімді;
- в. 3D принтері бәрін айырбастайтын болды.

24. «Досыммен әңгіме» тақырыбына сұхбат құрыңыздар. Төмендегі жағдаяттардың біреуін таңдап алып, өз сұхбаттарыңызды құрыңыздар.

- 1. Менің компьютерім сынып қалды
 - а. (шағымданыңыз):
 - ә. (аяныш сезімін білдіріңіз):
- 2. Сіздің жұмысыңыз көп. Тамақ ішуге үлгермейсіз.
 - а. (қиналысыңызды білдіріңіз):
 - ә. (кеңес беріңіз):
- 3.(сіздің жағдаятыңыз):
 - а.
 - ә.

25. Жағдаяттар бойынша әңгімелесіңіздер.

1-жағдаят. Сіздің досыңыз инновацияның кері әсері туралы жиі айтады, ал сіз жаңа нәрселерге құмарсыз. Досыңызға біздің өмірімізге инновациялардың керектігін, оның маңыздылығын айтып, пікір таластырыңыздар.

2-жағдаят. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттермен озады», – деген ұлы Абайдың сөзі барлық уақытта өз мәнін жойған емес. Қазіргі инновациялар өмірге дендеп енген заманда бұл мақалдың мәнін қалай түсінуге болады? Сіздер мұнымен келісесіздер ме?

3-жағдаят. Жаңа технологиялар дамыған сайын бұрыннан келе жатқан тауарлық өндіріс саласы тоқырайды деуге бола ма? «Жаңа технологияның мүмкіндігі шектеулі», – дейді кейбір сарапшылар. Бұл пікірмен келісесіздер ме?

26. Төмендегі тұжырыммен келісесіздер ме? Топ болып, пікір таластырыңыздар.

«Ең данышпан деген адамның өзі егер еңбектенбейтін болса, керемет ұлы іс түгіл, орташа да ештеңе жасай алмайды»;

27. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

а. «Өмірде талантты адамдар, көпшілік ойлайтындай, соншалық аз емес. Керісінше жұмыс істей алмайтын немесе жұмыс істегісі келмейтін адамдар өте көп».

Тапсырма:

1. «Еріншектің ертеңі бітпейді» деген мақалдың мәнін ашып, өз ойыңызды мысалдармен дәлелдеп, эссе түрінде жазып беріңіз.

2. Бүгінгі күні ғылыммен айналысудың, жаңа технологияларды меңгерудің маңыздылығы бар ма? Маңызы мен қажеттілігін озық мемлекеттер тәжірибесімен салыстыра отырып, баяндама жазыңыз. Екі мәселені негізге алыңыз: 1. Ғылым – инновацияның көзі; 2. Ғылым – жаңартып, жаңғыртушы.

28. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Мектеп оқушылары арасында инновациялық жобалар байқауын өткізу қажет пе?» тақырыбына эссе жазыңыздар;

б. «Инновациялық технологиялар: артықшылықтары мен кемшіліктері» тақырыбына жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер.

Қазақ елінің ұлттық байлығы

- а. Ұлттық құндылықтар
 ә. Ұлттық байлық және тәуелсіздік

1. Танымдық тапсырмаларды орындаңыздар.
«Ұлттық» сөзімен тіркесетін сөздерді жазыңыздар.

байлық

Ұлттық

.....

2. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашып, мазмұнына талдау жасаңыздар.

Ата-қоныс, киелі жер, мұрагер, рухани мәдениет, ұлттық мәдениет, ұлттық құндылықтар.



3. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыздар.

Ұлттық құндылықтарымызды білеміз бе?

Ұлттық құндылықтар – ұлттың ұлт болып қалыптасып дамуында маңызды орынды иеленеді.

Қазақ халқы ежелден өзінің тұрмыс-тіршілігіне бейімделген ұлттық мәдениетін қалыптастырды. Ол мәдениет негізінен көшпенді өмір салтына бейімделген болатын. Сондықтан қазіргі қазақ мәдениетін еуразиялық ұлы дала көшпенділерінің мұрагері деуге болады.

Қазақта «ата-қоныс» деген ұғым бар. Бұл ұғымға «ата-қоныс» деп ерекше мән беретін себебі, біріншіден, тұрған жерлерінің ата-бабасынан әрбір ұрпаққа мирас болып келе жатқанында болса, екіншіден, сол ата-бабаның тері тамған, қасиеті сіңген деп санайтынында болса керек. Сондықтан да ата-баба мекені қасиетті, киелі болып саналады. «Киелі» сөзінің мәнін «қасиетті, ардақты» деп түсінуге болады. Қазақ үшін ата-бабасының көшіп-қонып жүрген

жерлерінің тауы мен даласы, өзені мен көлдері, орманы мен тоғайы өте ыстық, ардақты әрі қасиетті. Осынау қасиетті топырақтан ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып өсіп өнеді. Қазақта халқымыздың ұлттық ділінен туындайтын ұлттық әдет-ғұрып, дәстүр түрлері өте мол.

Ертеректе қазақ халқының көшпенді өмір салтына бейімделген мәдениетімен қатар ауыз әдебиеті де қалыптасып дамыған. Әдебиет, басқаша айтқанда, сөз өнері қазақ халқының өмірінде жоғары бағаланып, халықтың рухани мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Себебі онда халықтың ғасырлар бойы басынан өткізген тағдыры, арман-мұраты, мұң-мүддесі сөз болды. Ауыз әдебиетінің ішінде, әсіресе фольклор, атап айтқанда, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер жоғары деңгейде дамыды және ел өмірінен поэзия айрықша орын алды. Екі қазақтың бірі суырып салып өлең шығара беретін болған.

Қазақтың мәдени құндылықтарының үлкен бір арнасы, ерекше дамыған түрі – ұлттық өнер түрлері. Олардың арасынан күнделікті тұрмыс қажеттілігінен туындаған қол өнерін ерекше айтуға болады: ағаштан, теріден жасалынған ыдыс-аяқ; жүннен тоқылған, теріден жасалған киім-кешек; асыл тастармен әшекейленіп, алтын, күмістен жасалынған зергерлік бұйымдар; кілем, алаша тоқу, киіз басу басқа да қол өнер түрлері ел арасында көп болған.

Қазақ халқының рухани мәдениетінде ән-күй өнерінің өзіндік орны бар. Ұлттың рухани мәдениетін дамытуда музыка өнерінің алатын орны ерекше. Себебі музыка халық өмірінің әр кезеңінің тыныс-тіршілігінен хабар береді. Қазақ халқында музыканың ерекше жанры күй бар. Күй – қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Халық ән-күйдің әуен-сазы арқылы өзінің күнделікті өмір салтын, тарихи оқиғаларды келесі ұрпаққа жеткізіп отырған.

4. Бірінші бағандағы сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын екінші бағаннан табыңыздар.

мирас болу	1		а	сол жерде өмір бойы
күй	2			тұру, еңбек ету
қол өнер бұйымдары	3		ә	қолдан жасалған заттар
тері таму	4		б.	мұраға қалдыру
			в.	қазақ халқына ғана тән музыкалық жанр

5. Мәтіндегі сіз үшін жаңа ақпаратты табыңыздар.

6. Мәтін мазмұны ұлттық құндылықтарға нелерді жатқызады? Мәтін мазмұнымен сәйкес келетін үшеуін көрсетіңіз.

а. Қазақтың «ата-қонысы» киелі және ең басты ұлттық құндылығы;

ә. Көкпар тартып, ат жарыстыру – қазақтың ұлттық құндылықтарының бірі;

б. Қол өнері – өте жақсы дамыған ұлттық құндылық түрі;

в. Көшіп қону – қазақтың ұлттық құндылығы;

г. Ет жеп, қымыз ішу – ұлттық құндылық түрі;

ғ. Сөз өнерін «Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ халқы аса жоғары бағалаған.

д. Күй өнері – қазақтың басты құндылықтарының бірі.

7. Сөйлемдерді мәтін мазмұнына сүйеніп, толықтырыңыздар.

Ұлттық құндылықтар

.....

Ұлттық мәдениет

.....

Әдебиет

.....

Ауыз әдебиеті

.....

Ұлттық өнер

.....

8. Рухани құндылықтарға не жатады? Материалдық байлыққа не жатады? Кестені толтырыңыздар.

Рухани құндылықтар	Материалдық байлық

9. Сұрақтар бойынша екеуара сөйлесіңіздер.

1. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не?
2. Ұлттық мәдениетіміз қай уақытта және қалай пайда болды?
3. Сіздің ойыңызша, өнердің қай түрі ертеректе дамыған? Қандай түрлері кейінірек пайда болды?

10. Ойнайық та, ойлайық.

Ойынның аты: «Аукцион».

Ойынның мақсаты: Монологтік сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

Ойынның жүрісі: Аукционда қазақтың ұлттық киімдері, колөнер туындылары және басқа да антиквариат сатылады. Сатушы затты ұсынып, оған толық, жан-жақты сипаттама береді: түсін, неден жасалғанын, ұлттық құндылығын, тағы басқа толып жатқан қасиеттерін тізуге болады. Тіпті өз заты туралы аңыз-әңгіме құруға болады. Басты мақсат – сатып алушыларды қызықтыру. Бастапқы бағасы айтылады. Ойынның қосымша көрнекілігі ретінде темір-қақпақ, ағаш балғаны пайдаланып, гонг ұрғызуға болады.



Мысалы: Алаша – қазақтың ұлттық бұйымдарының бірі. Алаша тоқылған, күрең қызыл түсті. Бұл алашаны әжем тоқыған, сондықтан ол – өте құнды, тіпті бұл күнде оны антиквариаттың қатарына жатқызуға да болады. Өйткені мұндай алаша басқа ешкімде жоқ. Сатып алсаңыз, тек сізде ғана болады. Бағасы – 100000 теңге.

Бастапқы бағасы - 50 000 теңге.

Қазақ халқы қолөнерінің өзге де туындылары туралы осыған ұқсас жарнамалар құрастырып, айтыңыздар. Жарнамаңыздың бәрінша мазмұнды, қызықты болуын ойластырыңыздар. Бағасын айтыңыздар.



Тілдік анықтамалық. Тілімізде айтылған істің мезгілін білдіретін сөздер кездеседі. Олар *-қан, -кен, -ған, -ген* тұлғасына *-ша/ше, -да/де* қосымшалары қосылу арқылы, *-қан, -кен, -ған, -ген* тұлғасынан соң *кейін, сайын, шейін, кезде, уақытта* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады.

Үлгі:

Сабақ басталғанша, асханада болдық.

Сабақ аяқталғаннан кейін, үйге қайттық.

Мен сабақ оқып отырғанда, ешкім қасыма келмейді.

Күз түскен кезде, сабақ басталады.

11. Төмендегі сөйлемдерден мезгіл мәнін беріп тұрған сөздерді теріп жазып алыңыздар.

1. Халқымыздың тұрмысы жақсарған сайын, рухани мәдениетке көңіл көбірек бөліне бастады. 2. Ауыз әдебиетіне зер салып қараған уақытта, оның ұлттық мәдениетіміздің бастау-бұлағы екеніне көзің жетеді. 3. Айгүл Үлкенбаева күй шерткенде, күйшінің шеберлігіне қайран қаласың. 4. Ұлттық өнер туралы естіген сайын, туған еліңе деген құрметің арта түседі екен.

12. Берілген сөйлемдердегі жақшаның ішіндегі сөздерге тиісті мезгіл мәнді қосымшаларды жалғап немесе тілдік анықтамалықта берілген сөздердің бірін қойып, жақшадан шығарып жазыңыздар.

1. Өзге ел өнеріне орынсыз (еліктеу), өзімізде барды сақтаған дұрыс. 2. Ұлттық өнер түрлері (жандану), мәдени құндылықтарымыздың бай екеніне тәнті болдық. 3. «Бабалар сөзінің» жүз томы (шығу), қазақ ауыз әдебиетінің нағыз ұлттық мақтанышымыз екенін мойындадық. 4. Жәнібек Кәрменов ән (салу), бүкіл қазақ даласы ән салғандай болушы еді.

13. Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлем құраңыздар.

Мысалы: *Қайрат ән салған кезде, ел таңдай қағады.*

Ұлттық құндылық сөз болғанда, сөз өнері туралы айтқанда, ән салғанша, күй ойналғанда, домбыра тартқанша, қол өнері бұйымдарын көрген сайын, мұражайға келген кезде, кітап оқыған уақытта, ұлттық дәстүрлер туралы естігенде.

14. «Сөз өнері – құдіретті өнер» тақырыбына эссе жазыңыздар.



15. Мәтінді тыңдап, сөйлемдерді толықтырыңыздар.

Дағды бойынша Ұлжан бастаған үлкендер күйеу-лерден бір түстік бұрын келіп түсті. Ұлжан Алшынбайдікіне көп әкелді. Келген жылқы, түйеден басқа жыртыстың өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді. Оның ішінде келінге тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған. Бірер сандық толы болса, өзге теңдері құда-құдағиларға Шапан, кемзал, көйлек, шаршы.

..... Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс бесік жамбы. Бұл деп аталып еді.

Екі жаққа да мәлім ілу китке орай. Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға деп, Алшынбай ауылы күміс тартқан.

16. Мәтіндегі «батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи» деген сөздер қандай сөздер? Олар ненің атаулары? Оқытушы көмегімен түсініп, есте сақтаңыздар.

17. Оң жақ бағанда берілген анықтамаларды сол жақ бағандағы сөздермен сәйкестендіріңіздер.

A.

Құда	1		а.	күйеу жағының қалыңдықты көруге барғанда апаратын сыйы
құдағи	2		ә	жігіт пен қыздың әкелеріне қаратып айтатын сөз
айттыру	3		б.	қызға көзі түсіп, әке шешесінің алдына бару
ілу	5		в.	жігіт пен қыздың аналарына қаратып айтатын сөз

Ә.

түстік жер	1		а.	құдалардан сыйлыққа алынатын киім-кешек
киіт	2		ә.	қыздың жеңгелеріне беретін матадай сыйы
жыртыс	3		б.	күмістен жасалған құйма
жамбы	4		в.	жарты күндей жер

18. Берілген сөйлемдерден тыңдаған мәтінде кездеспейтінін табыңыздар:

- а. Екі жаққа да мәлім нәрсе: ілу китке орай;
- ә. Жылқы, түйеден басқа жыртыстың өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді;
- б. Бүгінде олар үлкен отбасына айналды;
- в. Абайдың Әбдірахман атты ұлы Санкт-Петербуркте білім алған;
- г. Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай құда түсіп келген еді.


19. Мәтін мазмұнына өзгеріс енгізе отырып, айтып беріңіздер. Тыңдап отырғандар сіздер енгізген өзгерістерді байқап, қандай өзгерістер екенін айтсын.

20. Әңгімені *Ұлжанның атынан, Алшынбайдың атынан, Діл-дәнің атынан* айтып беріңіздер.

21. Тыңдаған мәтінге аннотация жазыңыздар.



22. Осы сызба негізінде төменде берілген жағдаяттар бойынша өз сұхбатыңызды құрыңыз. Сұхбаттасу барысында айтылған ойға түрлі көзқарастарыңызды (таңдану, қызығу) білдіріңіздер.



23. Жоғарыдағы сұхбатты үлгіге алып, өздеріңіз сұхбат құрыңыздар. Төмендегі жағдаяттарды пайдаланыңыздар.

1. «Қыз Жібек» жыры ауыз әдебиетінің үлгісі екен ғой!
2. Әжелеріміз білезік, сақинаның неше түрін таққан ғой!
3. Сәулет өнері мен мүсін өнері кейінірек дамыған.

24. Сұхбат құрыңыздар. Сұхбаттың бірінші сөйлемі берілген, екінші сөйлемін мәтін мазмұнына сүйеніп, өздеріңіз жазыңыздар.

1. – Қазақта «ата-қоныс» деген ұғым бар, «ата-қоныс» қазақ үшін киелі жер болып саналады.

– Солай ма?

2. – Сөз өнерін қазақ халқы аса жоғары бағалап, «Сөз тас жарарды, тас жармаса бас жарады» деген.

– Дұрыс айтасыз!

3. – Қазақ халқы ән-күйдің әуен-сазы арқылы тарихи оқиғаларды келесі ұрпаққа жеткізіп отырған.

– Шынында да,

4. – Ұлттық өнер түрлерінің арасынан қол өнер түрлері бізде ерекше жақсы дамыған.

– Солай ма?

25. Жағдаяттар бойынша топ болып жұмыс істеңіздер.

а-жағдаят. «Қазақ халқының ұлттық құндылықтары» атты тақырыпқа екеуара сөйлесіңіздер. Әңгімені өзара сұрақ қоя отырып дамытып, серіктесіңіздің пікіріне қарсы шығып, кейде талап қоя отырып сұхбаттасыңыздар. (Сұхбаттасу үстінде оқылым мәтінін пайдаланыңыздар).

ә-жағдаят. Өткен ғасырларда халқымыздың өмір сүру салтына, әдет-ғұрпына байланысты жиі қолданыста болған сөздер мен сөз тіркестері, дәстүрлік ерекшеліктер өмір өзгеруіне орай қолданыстан шығып қалып жатады. Мұндай ұлттық өзгешеліктерді немесе оларды бейнелейтін сөздерді «ескіліктің қалдығы», «қазір қажеті жоқ» деп санайтындар да жоқ емес. Бұл мәселеге сіздердің көзқарастарыңыз қалай? Топ болып пікірталас өткізіңіздер.

б-жағдаят. Сіз әкеңізбен «Ұлттық құндылықтарды білу, құрметтеу, өз бойына сіңіру адамның жан-жақты болып өсуі үшін қажет пе, жоқ па?» деген тақырыпта әңгімелесіп отырсыздар. Әкеңіз «Қажет», – дейді, сіз «Жоқ, ұлттық құндылықтарды білмей де жан-жақты адам болып өсуге болады», – дейсіз. Өз ойыңызды дәлелдеп көріңіз.

в-жағдаят. «Ғаламдану біздің ұлттық мәдениетімізге аузын ашқан айдаһар құсап төніп келеді. Қоғам мен адамның заттық мәдениетке бұрылып бара жатуы жиі айтылып жүр. Ашығын айтар болсақ, рухани құндылықтар әлсіреп барады. Адам назарын материалдық дүниелер баурап барады» дейді үлкендер. Осымен келісесіз бе?

26. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Өткен ғасырларда халқымыздың өмір сүру салтына, әдет-ғұрпына байланысты жиі қолданыста болған сөздер мен сөз тіркестері, дәстүрлік ерекшеліктер өмірдің өзгеруіне орай қолданыстан шығып қалып жатады. Мұндай ұлттық өзгешеліктерді немесе оларды бейнелейтін сөздерді «ескіліктің қалдығы», «қазір қажеті жоқ» деп санайтындар да жоқ емес.

Тапсырма:

1. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген ұғымға өз көзқарасыңызды дәлелдеп, шығарма жазыңыз. Мына мәселелерді басшылыққа алыңыздар: а. Ұлттық дәстүр және тәрбие; ә. Дәстүр және жаңашылдық.

2. Қазақ халқы ұлттық тәрбиесінің артықшылықтарын көрсететін мақалдарды жаттап, жарысыңыздар.

27. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. Ұлттық құндылықтар туралы тағы не білгіңіз келетінін жазып келіңіздер;

б. «Салт-дәстүрді қадірлеу – ұлттық құндылықтарымызды құрметтеу» тақырыбына жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер.

Жастар және экологиялық білім

1. Танымдық сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Экология деген не?
- ә. Біздің еліміздің экологиялық жағдайы қандай?
- б. Елімізде экологиялық жағдайды жақсарту үшін қандай шаралар жасалып жатыр?



2. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыздар.

Ресурстарды пайдалануда шаруашылық қызметтің ұқыпсыздығы, немқұрайдылығы бізге өте қымбатқа түсуде. Ең бастысы – әлеуметтік және экологиялық-экономикалық зиянның аса зор болуынан қоршаған орта ластануда.

Кесілген орманның орнына өскен жаңа ағаштың сапасы бұрынғы шырышы бұзылмаған орман ағашынан кем болатыны анықталды. Сонымен қатар осы күнге дейін табиғат қойнауынан қанша ресурстарды алуға болады және оның салдары қандай болатындығы туралы нақты негіздеме жоқтың қасы. Біздің экономикамыздың ресурстарды тұтынуға бейімделгендігі ғана белгілі нәрсе. Әрине, оны пайдаланудың өсе түсуі ұлттық табыстың өсу тепе-теңдігіне әкелмейді. Шетел тәжірибелері көрсеткендей, қай мемлекет табиғи ресурстарды аз пайдаланса, сонда ұлттық табыстың өсуі жоғары болып отыр.

Ғылыми-техникалық дамудың негізінде табиғат ресурстарын жасанды жолдармен алмастыруды енгізудің жолдары алға шыға бастады. Әрине, мұндай алмастырудың мүмкіндігі тым шектеулі. Ал, адам баласы үшін бірқатар маңызды экологиялық жүйе мен табиғи игіліктер тіптен алмастыруға келмейді. Мысалы, отын ресурстарының орнына күн немесе жел энергиясын пайдаланатын болса, табиғи ландшафтарды, өсімдік пен жануарлар әлемін, озон қабатын жасанды жолмен алмастыру мүлде мүмкін емес.

Экономика жақсарған сайын, экологияға көңіл көбірек бөліне-тіні белгілі. Дегенмен, экологияның қордаланған мәселелері толық-

тай шешілді деуге ерте. Ал оны мемлекет тарапынан оңалтуға бағыт алынғаны – аса құптарлық іс. Бүгінгі күні әлемнің барлық мемлекеттері экологияның саяси және экономикалық игіліктерге әсер ететін стратегиялық сала екенін ұғынды.

Сондықтан да болар, қазір елімізде бес жыл бойы айтылып, пісуі жеткен, барлық экологиялық ережелер мен нормаларды жинақтаған Экология кодексі қабылданды. Онда өтпелі кезеңнің экологиялық саясатына негізделген табиғи ресурстарды реттеудің экономикалық әдістерін дамытуға, жергілікті органдардың өкілеттілігі мен құқықтарын арттыруға бағытталған бірқатар мәселелер көтерілген. Енді елдегі қоршаған ортаны ластаушылар негізінен екі түрлі ғана рұқсат ала алады.

Олар – қоршаған ортаға эмиссиялар және кешенді экологиялық рұқсаттар. Мемлекеттік экологиялық сараптамамен қатар, қоғамдық экологиялық сарапшылардың институты енгізілді. Оның жұмыс істеу тетіктері нақтыланып жазылды. Қоғамдық экологиялық бақылау институты құрылды.

3. Берілген сөйлемдердің мазмұнының мәтін мазмұнымен сәйкес не сәйкес еместігін кестедегі «дұрыс немесе бұрыс» сөздері жазылған бағандарға «д» не «б» әріптерін қою арқылы көрсетіңіздер.

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
Кесілген орманның орнына өскен жаңа ағаштың сапасы бұрынғы орман ағаштарынан жақсырақ болады.		
Ресурстарды пайдалануда шаруашылық қызметтің ұқыпсыздығы, немқұрайдылығы бізге өте қымбатқа түсуде.		
Әлеуметтік және экологиялық-экономикалық зиянның аса зор болуынан қоршаған орта ластануда.		
Осы күнге дейін табиғат қойнауынан канша ресурстарды алуға болады және оның салдары қандай болатындығы туралы нақты негіздеме жоқтың қасы.		
Шетел тәжірибелері көрсеткендей, қай мемлекет табиғи ресурстарды аз пайдаланса, сонда ұлттық табыстың өсуі жоғары болып отыр.		

Ғылыми-техникалық дамудың негізінде барлық табиғат ресурстарын жасанды жолдармен алмастыруға болады.		
Экономиканың табиғи ресурстармен қамтамасыз етілуі табиғи заңдылыққа тәуелді емес.		
Қоғамдық экологиялық бақылау институты құрылды.		

4. Төмендегі сөздер топтамасы қай ғылым салаларына қатысты?

- а. Тау, үстірт, ойпат, қырат, белдеу, теңіз, мұхит –
- ә. Сөз таптары, сөйлем мүшелері, тыныс белгілері –
- б. Ауаның ластануы, шашылған қалдықтар, судың улануы –
- в. Теңеу, эпитет, салыстыру, шендестіру –

5. Мына сөйлемдердің қайсысы мәтіндегі негізгі ойды беріп тұр?

- а. Жаңа ағаштың сапасы бұрынғы шырышы бұзылмаған орман ағашына жетпейді;
- ә. Қай мемлекет табиғи ресурстарды аз пайдаланса, сол мемлекетте ұлттық табыстың өсуі жоғары болып көрінеді;
- б. Табиғат ресурстарын жасанды жолдармен алмастыруды енгізудің алға шығуы байқалады;
- в. Мемлекет экологияның саяси және экономикалық игіліктерге әсер ететін стратегиялық сала екенін ұғынды;
- г. Экологиялық ережелер мен нормаларды жинақтаған Экология кодексі қабылданды.

6. Сұхбатта екінші сөйлем берілген, осы сөйлемнің мағынасына қарап, бірінші сөйлемді өздеріңіз айтып, екеуара сұхбаттасыңыздар. Бірінші сөйлем күдіктену, сенімсіздік, болжам мағынасын беруі тиіс.

-
- Шаруашылық қызметтің ұқыпсыздығынан қоршаған орта ластанды.

–

– Шетел тәжірибелері көрсеткендей, қай мемлекет табиғи ресурстарды аз пайдаланса, сонда ұлттық табыстың өсуі жоғары болып отыр.

–

– Отын ресурстарының орнына күн немесе жел энергиясын пайдалануға болса, табиғи ландшафтарды, өсімдік пен жан-жануарлар әлемін, озон қабатын жасанды жолмен алмастыру мүлде мүмкін емес.

–

– Қазір елімізде бес жыл бойы айтылып, пісуі жеткен, барлық экологиялық ережелер мен нормаларды жинақтаған Экология кодексі қабылданды.

–

– Кодексте табиғи ресурстарды реттеудің экономикалық әдістерін дамытуға, бағытталған бірқатар мәселелер көтерілген.

7. Іскери стильге үйренейік!

8-ші тапсырмадағы мәтінді оқыңыздар. Мәтін мазмұнын ықшамдап, қысқартып, аннотация түрінде жазып беріңіздер.

8. «Табиғат – ана тәлімі» атты мәтінді оқыңыздар. Тұрақты тіркестерге назар аударыңыздар.

Бала дүниеге келгеннен кейін алдымен еңбектейді, кейін қаз-қаз басып, тұсауы кесілген шақта алғашқы қадамын туған жерде жасайды. Сондықтан да адамзат баласының өмірдегі әліппесі – табиғаттанудан басталады. «Көк шөпті жұлма, обал болады» деп отыратын үлкен кісілердің сөзі – «табиғат-ананың қадір-қасиетін бағала» деген өсиет-нақыл екендігін, адам жасы ұлғайғанда барып бір-ақ білетіндігі қандай өкінішті.


«Суды былғағанша, атаңның сақалын былға», «Жері байдың – елі бай» деген ата-бабаларымыздың ел мен жерді бірдей қорығанынан тәлім алу – жас ұрпақ үшін басты парыз.

Табиғатпен етене өмір сүрген халқымыз адамның мінез-құлқын да сол табиғаттың өзімен байланыстырып отырған. Тіліміздегі «қабағынан қар жауған», «даладай», «таңғы шықтай» деген тіркестер осының дәлелі болса керек.

9. Тұрақты тіркестерді адамның мінез-құлқын көрсететін сөздермен сәйкестендіріңіздер.

қабағынан қар жауған даладай бірде көл, бірде шөл еменнің бұтағындай жайма-шуақ балауса түбі көрінген кара ормандай ай мен күндей гүлдей таңғы шықтай			ашықтық, кең көңіл, құбылмалық, нәзіктік жас қаталдық, қайсарлық, биязылық, кеңдік, молдық, мөлдірлік, сұлулық
---	--	--	---

10. Адам мінез-құлқының табиғатпен байланысына қатысты айтылатын ұғымдарды негізге алып, сұхбаттасыңыздар.



11. Жоғарыдағы сұхбатты үлгіге алып, өздеріңіз де сұхбат құрыңыздар.

а. Таңғы шықтай мөлдіреген қыз екен.

- ә. Ағасының қара ормандай дәулеті бар еді.
б. Әжем жайма-шуақ, бауырмашыл адам болатын.

12. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Жануар».

Ойынның мақсаты: Өз ойын білдіруге лексика-грамматикалық жағынан ұқсас түсініктерді пайдалана отырып, сөйлеу әрекетін туғызу арқылы студенттердің білімі мен дағдысын жетілдіру.

Ойынның жүрісі: Көз алдыңызға елестетіңіз. Сіз белгілі бір аңға немесе құсқа айналдыңыз. Мысалы, сіз құлын болдыңыз. Қыста қалың жауған қар көктемге қарай еріп, күн тағы бір суытқан кезде тебінге шыққан жылқы малдары қатып қалды. Соның ішінде сіз де барсыз. «Егер мен құлын болсам, дәл осы жағдайда не істер едім? Ойыма не келер еді?» деген сұрақ қойып, жауап іздеңіз. Құлынға айнала отырып, студент оған өз бойындағы мінезін беруі тиіс. Өз бойынан құлынға ұқсас қасиет іздейді, табады, бөліп алады. Ойдан шығарылған жағдайға байланысты логикалық жүйені сақтаймын деп отырып, ол өзіне таныс емес жағдайға бейімделіп, соған үйрене бастайды.



Тілдік анықтамалық. Тілімізде адамның көңіл-күйін көрсететін сөздер мен оған қатысты айтылыстар бар.

Адамның көңіл-күйін көрсететін сөздер: Қуану, шаттану, көңілдену, мәз болу, рахаттану масаттану, сүйсіну, сую, қызығу, құмарту, риза болу, қолпақтау, құрметтеу, қадірлеу, сыйлау, ұнату, жақсы көру, масайрау, таң қалу, мазасыздану, уайымдау, қайғыру, өкіну, ренжу, өкпелеу, жылау, ызалану, ашулану, қызғану, қорқу, ықыласы түсу, аяу, ұялу, мүсіркеу, жатырқау, жабығу, жалығу, шаршау т.б.

Тұрақты тіркестер: төбесі көкке жету, жаны жай табу, көңілі көтерілу, ләззат алу, екі езуі екі құлағына жету, жүрегі жылу, басы қату, жаны ашу, бауыры езілу, көңілі қалу, жүрегі елжіреу, жүрегі сыздау, құлағы тұну, оттай жану, су сепкендей басылу, өне-бойы мұздау, салы суға кету, екі өкпесін қолға алу, құстай ұшу, жұлдыздай ағу, іші қазандай қайнау, елегізу, құлазу т.б.

13. Адамның көңіл-күйіне байланысты айтылатын сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыздар.

Үлгі: *Сол кездесу туралы ойласам, жүрегім сыздайды.
Ауру інім есіме түссе, бауырым езіледі.*

- Ауруымды уайымдасам,
- Жалғыздығын ойлағанда,
- Балаларының қарамай кетуін айтқанда,
- Оны сыйламайтынын көрсем,
- Ренжігенін сезсем,

14. Төмендегі жағдаяттардағы адамдардың көңіл-күйін тұрақты тіркестер арқылы жазыңыздар:

- Мұрат емтихан тапсыра алмай қалды да,
- Бір ай болды ата-анасынан хабар ала алмай,
- Ол немересі дүниеге келгенде,
- Мұрат өзінің досымен ренжіскенде,
- Көңілді адаммен кездескенде,

15. Алдыңғы жаттығуларда адамның көңіл-күйінің өзгеруінің себебі берілсе, келесі жаттығуда көңіл-күйі беріледі, себебін өздеріңіз жазыңыздар.

Үлгі: *Түні бойы көз ілмедім: көршілер айғайлады, шулады, себебі туған күндерін атап өтті.*

1. Көңілім жай тапты,себебі
2. Жүрегім елжіреді, себебі
3. Үйіне қарай күшті ұшты,себебі
4. Салы суға кетті,себебі

16. «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбына эссе жазыңыздар.

17. Экологиялық тақырыпқа төмендегі суреттер бойынша екі түрлі – сипаттау және хабарлау - мазмұнын беретін монолог жазыңыздар.



18. Өлеңді мұқият тыңдаңыздар. Өлеңді екінші рет тыңдап, сөйлемдерді толықтырыңыздар.

Ей, табиғат –, арман-ғалам!
Құпияңа сан ғасыр таңданды адам,
шағалалы шалқары жанды арбаған,
татқан тайдай балығын бабам,
жағалауын тербеткен самал майда,
аппақ айдын баяғы қайда?!
Арал қайда?
Тағдыры жұтпа сордың
жылымына шым батқан адамдай ма?
..... қайда
жататын жасқанып маң,
жал толқынның түрінен тас жабыққан?
Жағалауда ызы-шу, қиқу өмір, жылжи алмай жас
балықтан.. Балықшылар ер тұлға, бейне судың астындағы келген-
дей патшалықтан...
Көзден ұшып баяғы самал, бақ та, ақ қаталап қарар қаққа,
қамыс сиреп, қабандар қаза тапты, құсқа да енді қоныс жоқ Арал
жақта. Ақылы сорына айналған ғасырда Тек бұл келмегей
адамзатқа!



19. Өлеңді монологқа айналдырып жазып беріңіздер, бір сөйлемге трансформация жасаңыздар.

20. Мәтіннің негізгі идеясын айтып, оған өз бағаңызды беріңіз.

21. Тындаған өлең мазмұнына өз пікіріңізді жазыңыз.



22. Жағдаяттар бойынша сөйлесіңіздер. Сөйлесу барысында берілген сұрақтар мен үлгі-жауаптарды пайдаланыңыздар.

Сұрақтар:

1. Экология кодексінде не қарастырылған екен?
2. Экологияны жақсартуға Кодекстің көмегі бар ма?
3. Кодексте экологияны жақсартудың жолдары көрсетілген бе екен?

Үлгі-жауаптарды жалғастырыңыздар:

4. Е-е, жақсы болған екен.
5. Әрине, мұндай кодекстер бізге қажет, өйткені.....
6. Ол кодекс бойынша
7. Соны бақылайтын органдар.....

23. Берілген тұжырымдар бойынша екеуара ой бөлісіңіздер.

- а. Адам мен табиғат – егіз;
- ә. Табиғатты қорғау бір күндік шаруа емес, ол ұзақ мерзімді қажет етеді;
- б. Халықтың экологиялық сауатын көтеруге тек экологтардың шамасы жетеді.

24. Төмендегі жағдаяттардың біреуін тандап алып, өз сұхбаттарыңызды құрыңыздар.

1-жағдаят. Демалыс күні сіздер тауға шықтыңыздар. Айнала лас.

А. (шағымданыңыз):

Ә. (өз көмегіңізді ұсыныңыз):

2-жағдаят. Аулада балалар гүлді жүла бастады.

А. (ренішіңізді білдіріңіз):

Ә. (ақыл-кеңес беріңіз):

3-жағдаят.....(сіздің жағдаятыңыз):

А. :

Ә. :

25. Жағдаяттар төңірегінде өз ойларыңызбен бөлісіңіздер.

1-жағдаят. «Ағаш шаңды, улы заттарды бойына көп жинайды, ал ол желмен үйге кіреді», – дейді танысыңыз. Сіз бұл пікірмен келіспейсіз. Оған өз ойыңызды айтыңыз;

2-жағдаят. «Біз дүниеге эколог көзімен қарап, ең бірінші адам денсаулығын ойлауымыз керек», – деген танысыңыздың пікірімен келісесіз бе? Екеуара ой бөлісіңіздер;

3-жағдаят. «Табиғаттың қолайсыз жағдайға душар болуы аң мен құстың кемуіне алып келеді», – деген тақырыпта жұп болып, өзара түсінісу жағдайында сұхбаттасыңыздар;

4-жағдаят. «Бұрын кең-байтақ жерімізге көз тастай отырып, табиғат байлығына, өлкеміздің көркемдігіне тәнті болушы едік. Ал қазір бәрі керісінше», – дейді атаңыз. Сіз бұл пікірмен келісесіз бе? Өз ойыңызды дәлелдеп көріңіз.

26. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Экономика жақсарған сайын, экологияға көңіл көбірек бөліне-тіні белгілі. Дегенмен, экологияның қордаланған мәселелері – толықтай шешілді деуге ерте. Бүгінгі күні әлемнің барлық мемлекеттері экологияның саяси және экономикалық игіліктерге әсер ететін стратегиялық сала екенін ұғынды.

Міндет:

1. Экономика жақсарған сайын экологияға көңіл бөлініп отырма? Шет мемлекеттермен салыстыра отырып, экологияны жақсартудың сіз ұсынған жоспарын жасаңыз.

2. Халық экологияның саяси және экономикалық игіліктерге әсер ететін стратегиялық сала екенін ұғынды. Сіз экологияның экономикалық игіліктерге әсер ете алатын сала екенін көрсететін стратегиялық әзірлеме жасаңыз.

27. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Табиғат-ана тәлімі» мәтініне өз бағаларыңызды беріңіздер;

б. Табиғат пен адам арақатынасы, олардың бір-біріне әсері туралы эссе жазыңыздар.


Жастар және әлемдік бәсеке

- а. Әлемдік бәсеке және ұлттық мүдде
- ә. Бәсеке: плюсі мен минусы

1. Танымдық сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а. Бәсеке туралы не білесіздер?
- ә. Ассоциаграмма құраңыздар.

МОЛШЫЛЫҚ



б. *Бәсеке, бәсекелес, бәсекелестік, бәсекелесу* сөздерімен сөйлем құраңыздар.

2. Мына сөздер мен сөз тіркестерін білесіздер ме? Мағынасын оқытушы көмегімен түсініп, есте сақтаңыздар.

Тауар өндіру, келеңсіздіктер, жол бермеу, тежеу, еңсеру, қолға алу



3. Мәтінді қарап, таныса оқыңыздар.

Бәсеке – тауар өндірушілер не оны өткізушілер арасындағы көбірек пайда табу жолындағы сайыс. Бәсеке өнім мөлшерін молайтуға, оның сапасын жоғарылатуға, тауар құнының төмендеуіне әсер етеді. Бәсекенің бірнеше түрлері бар. Оның ең бастысы бағаны орнықтырып, өнімнің сапасын жақсартуға бағытталады. Бұл нышан нарық экономикасына көшкен елдер арасында кең өріс алып отыр.

Тауар өндірушілер тұрғысынан қарағанда бәсекенің негізгі мақсаты – өз өнімдерін молайту арқылы капитал жинау, баю, өз бәсекелестерінен басым түсу. Кейде тауар өндірушілер демпинг, бойкот

саясатын, бәсекелестерін шикізат пен көлікті пайдаланудан тыс қалдыру, тіпті бүлдіргілік, зиянкестік жасау әрекеттері сияқты сан алуан әдістерді қолданады. Бәсекелестің бұл түрі тауар өнімінің бір қолға шоғырланып, монополиялық пайда табу мақсатын көздеу саясатында жиі кездеседі.

Экономикада мұндай келеңсіздіктердің орын алмауы үшін монополияны тежейтін мемлекеттік органдар арнайы шаралар қарастырып, тиімді бәсекелестікті өрістетуге қолайлы жағдай туғызуы керек. Нарық жағдайында қоғамдық өндірістегі тепе-теңдік бәсекелесінің көмегімен реттеліп отырады.

Ал біз өзіміздің ұлттық экономикамыз бәсекеге қабілетті болу үшін шетелдік озық технологияны өндіріске енгізіп, еңбекті ұйымдастыру дәрежесін жоғарылатып, отандық тауар өнімдірінің сапасын шетелдік тауарлармен бәсекелесе алатындай дәрежеге жеткізуіміз қажет.

4. Сөздікті пайдалана отырып, төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықтаңыздар.

Демпинг – _____
Бойкот – _____
Келеңсіздік – _____
Нарық – _____
Жалпы ішкі өнім – _____
Инфляция – _____
Экспорт – _____
Монополия – _____

5. Сөз тіркестерін, сөздерді және сұрақтарды пайдаланып, мәтін мазмұнын айтып беріңіздер:

Бәсеке деген – *не?*; бәсеке – *не үшін қажет?*; бәсеке түрлері – *қандай?*; нарық экономикасына көшкен елдер пайдаланады бәсекенің – *қай түрін?*; бәсекенің мақсаты – *не?*; бәсекелестер қолданады зиянды әрекеттер – *қандай?*; мұндай әрекеттер кездеседі – *не себептен?*; келеңсіздіктер болмауы үшін – *не істеу керек?*; нарық жағдайында тепе-теңдік реттеледі – *қалай?*; экономика бәсекеге қабілетті болу үшін – *не істеуіміз керек?*

6. Төмендегі сөйлемдердің қайсысы мәтіннің мазмұнына сәйкес келеді, не сәйкес келмейді немесе мәтінде жоқ:

Сөйлемдер	Сәйкес	Сәйкес емес	Мәтінде жоқ
Бәсеке өнім мөлшерін молайтуға, оның сапасын жоғарылатуға, тауар құнының төмендеуіне әсер етеді.			
Тауарлардың сапасын жақсарту үшін бәсеке керек.			
Бәсекенің негізгі мақсаты – өз өнімдерін молайту арқылы капитал жинау, баю.			
Бәсекенің бұл түрі тауар өнімінің бір қолға шоғырланып, монополиялық пайда табу мақсатын көздеу саясатында жиі кездеседі.			
Бәсекелес фирмалар көбірек пайда табу туралы ойлайды.			
Бәсекенің бірнеше түрі бар			
Экономикада мұндай келеңсіздіктер орын алмауы үшін мемлекеттік органдар арнайы шаралар қарастыруы тиіс.			
Экономикамызды өркендетуіміз керек.			

7. Мәтіндегі «бәсекелестік», «бір қолға шоғырлану», «нарық экономикасы», «пайда табу», «бәсекенің мақсаты», «бәсекедегі теңе-теңдік», «бәсекеге қабілетті болу» сияқты сөз тіркестерін пайдаланып, екеуара біріңізді-біріңіз қолдай отырып, сұхбатта-сыңыздар. Төмендегі сұхбатты үлгіге алыңыздар.

– Бәсеке деген не?	– Бәсеке – тауар өндірушілер не оны өткізушілер арасындағы көбірек пайда табу жолындағы сайыс.
--------------------	--

<p>– Е,е, солай де! Бұл енді нарық экономикасына көшкен елдер арасындағы әрекет қой.</p>	<p>– Иә, сол нарықтың әлегі ғой! Бұл өзі керек те сияқты. Өйткені бәсекенің негізгі мақсаты –сапалы тауарлар шығару, қарсыласынан өндіру жағынан да, сату жағынан да асып түсу ғой.</p>
<p>– Қалай болғанда да халыққа қажет заттар өндірілсе, халық сұранысы қанағаттандырылса болды да.</p>	<p>– Иә. Қазір солай болды ғой! Дүкендер толып тұр ғой! Не керек бәрі бар. Бірақ мұның бүлдіргілік, зиянкестік жасау әрекеттері сияқты сан алуан әдістері де бар. Мақсаты – өз бәсекелестерінен басым түсу.</p>
<p>– Онда тауар өнімі бір қолға шоғырланып, монополиялық пайда табу саясаты өрістейді ғой!</p>	<p>– Мұндайда мемлекеттік органдар арнайы шаралар қарастырып, тиімді бәсекелестікті өрістетуге қолайлы жағдай туғызуы керек.</p>
<p>– Бәсекелестіктің түпкі мақсаты пайда табу ғой!</p>	<p>– Иә, сол ғой! Бірақ оның өрістеуі халық үшін де зиян емес. Нарық жағдайында қоғамдық өндірістегі тепе-теңдік бәсекелесінің көмегімен реттеліп отырады.</p>
<p>– Ендеше, бәсекеге қабылетті болу керек екен ғой! Біздің жастар да жеке жұмыстарын ашуға құштар. Бірақ көпшілігі жеңіл-желпі іспен айналысады, оқу-білімге, техниканың жетістіктеріне арналған бизнес түрі аздау. Сондықтан бәсекеге төтеп бере алар ма екен?</p>	<p>– Сондықтан қазір ұлттық экономикамыз бәсекеге қабылетті болу үшін шетелдік озық технологияны өндіріске енгізіп, еңбекті ұйымдастыруды жоғарылатып, отандық тауар өнімдірінің сапасын бәсекелесе алатындай дәрежеге жеткізу жұмыстарын қолға алған.</p>

8. Қазақстандық бір тауарды тандап алып, оған жарнама (Қазақстандық сүт өнімдері немесе тұрмыстық техника) жазыңыздар.



9. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, олардың қандай бәсекеде қолданылатынын анықтаңыздар.


- а. «Жауын бірінші дос ете алған адам жеңеді»;
- ә. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»;
- б. «Дайын асқа тік қасық».

10. Мәтінді тағы бір рет оқып, кестені толтырыңыздар.

Бәсекенің артықшылықтары	Бәсекенің кемшіліктері



Тілдік анықтамалық. Тілімізде істің мақсатын білдіретін сөздер кездеседі. Олар төмендегі жолдармен жасалады:



11. Жоғарыдағы құрылымдарды пайдалана отырып, сөйлемдерді өзгертіңіздер (сөйлемдегі сөздердің орындарын да, мағынасын да өзгертуге болады).

1. Тауардың бағасы (көтерілу), оның сапасы жақсару керек.
2. Өнім бағасы (жоғарылау), тауар көбірек өндіріліп, бәсекелестік болу керек.
3. Экономикада мұндай келеңсіздіктердің (орын алмау), монополияны тежейтін мемлекеттік органдар арнайы шаралар қарастырады.
4. Бәсекелестер арасындағы таласты (тоқтату) болып, үкімет әр түрлі шаралар қолданады.

12. Берілген сөздермен және сөз тіркестермен сөйлемдер ойлап жазыңыздар.

Айтпақ болып, сөйлеу үшін, көп жүрмес үшін, барайын деп, ойнасын деп.

13. Күрделі сөйлемдер берілген. Оны аяқтаңыздар.

1. Омар университетте оқымас үшін,
2. Мемлекеттік органдар арнайы шаралар қарастырмақ болып,
3. Айтар сөзді ойлану үшін,
4. Қаладан әжеме көмектесейін деп,

14. Ойнайық та, ойлайық!

Ойынның аты: «Кім жылдам».

Ойынның мақсаты: Грамматикалық құрылымдарды меңгерту.

Ойынның жүрісі: Студенттер екі топқа бөлінеді. Сөйлемнің басы беріледі, студенттер жалғастыруы тиіс. Қай топ тапсырманы тез және қатесіз орындаса, сол топ жеңеді.

Баласы жыламас үшін,

Бастығына
кездесейін деп,....



Марат ойланбақ болып
.....

Бәсекеге қабілетті
болу үшін, ...

Анасы ренжімесін деп,

15. «Қазіргі жастар және бәсеке» атты тақырыпқа шағын эссе жазыңыздар. Тірек сөздер: *бәсекеге қабілетті, білімді, ұлт-жанды, қоғамдық ұйымдар, Жас Отан, белсенді, озық технологияларды жетік меңгерген, бейім, жатып ішер, дайын асқа тік қасық, әлеуметтік желі.*



16. Мәтінді мұқият тыңдай отырып, дұрыс жауапты таңдаңыздар.

1. Қазақстанда жаңа технологияларды жетік меңгерген білікті маман

- а) өте көп;
- ә) жеткілікті;
- б) аз;
- в) жоқ.

2. Қазіргі жастардың жаңа, озық технологияларды меңгеру қабілеті ...

- а) жақсы;
- ә) нашар;
- б) өте жақсы;
- в) жоғары.

3. Оны қазіргі Қазақстандағы аңғаруға болады.

- а) студенттердің сабаққа қатысуынан;
- ә) ғылымға деген қызығушылығының төмендігінен;
- б) студенттердің білімінен;
- в) интернеттің даму деңгейінен.

4. Әлемдік озық компаниялар қазіргі жастарды тәрбиелеуде.

- а) білімді болуға;
- ә) жатып ішуге ;
- б) бәсекеге қабілетті болуға;
- в) ғылыммен айналысуға.

5. Қазақстанда жастардың нарыққа бейімділігін арттыратын өнімдер

- а) жоқ;
- ә) бар;
- б) аз;
- в) көп.

17. Тыңдаған мәтін бойынша айтылыстарды жалғастырып, мәтіндегі ойға кейде қарсы шығып, кейде оны құптап сөйлесіңіздер.

1-жағдаят. Қазақ жастары нарыққа әлі бейімделмеген...

Мәтін бойынша	Сіздің ойыңызша

2-жағдаят. Қазіргі қазақ жастары жаңа озық технологияларды кешігін меңгеріп жатыр....

Мәтін бойынша	Сіздің ойыңызша

3-жағдаят. Қазақ жастарының ғылымға деген қызығушылығы төмен...

Мәтін бойынша	Сіздің ойыңызша

18. Тыңдалатын мәтіннен төмендегі сөз тіркестерін тауып, ойға түйіп отырыңыздар. Осы сөз тіркестері қатысқан сөйлемдерді мағынасын сақтай отырып, өз сөзіңізбен айтып беріңіздер.

Жатып ішу, сананың улануы, құзға құлау, саусақпен санарлық.

19. Іскери стильді үйренейік!

Мәтінді тағы бір рет тыңдап, қарсы пікір жазыңыздар.

«Нарыққа әлі бейімделіп үлгермеген елдердің қатарынан Қазақстанды, соның ішінде қазақ жастарын кездестіруге болады, – дейді Қытайдан келген Қазақ Ұлттық университетінің студенті Қайрат және қазақстандық студент Айнұр Салықбаева». Мен бұл пікірмен келіспеймін. Меніңше,»



20. Мәтін мазмұны бойынша күмәндану мағынасын беретін «шығар, мүмкін, солай ма» сияқты сөздерді және «тиіс, қажет, керек» сөздерін пайдалана отырып, жұп болып сұхбат құрыңыздар.

Үлгі-сұхбат:



21. Төменде жағдаяттар берілді. Жоғарыдағы сұхбатты үлгіге алып, өздеріңіз сұхбат құрыңыздар.

- а. Бәсеке – пайда табу жолындағы сайыс;
- ә. Қазіргі заманда бәсеке өте қажет;
- б. Адам бәсекеге қабілетті болуы тиіс.

22. Сұхбаттың бірінші сөйлемі беріледі. Өз болжамыңызды айта отырып, сұхбатты құптау мағынасында өрбітіңіздер.

1. – Негізінен бәсеке өнім мөлшерін молайтуға, оның сапасын жоғарылатуға, тауар құнының төмендеуіне әсер етеді.

– Әрине,

2. – Тауар өндірушілер тұрғысынан қарағанда бәсекенің негізгі мақсаты – өз өнімдерін молайту арқылы капитал жинау, баю, өз бәсекелестерінен басым түсу .

– Дұрыс айтасың,

3. – Баю жолында тауар өндірушілер кейде бойкот саясаты, тіпті бүлдіргілік, зиянкестік жасау әрекеттері сияқты сан алуан әдістерді қолданады екен.

– Ойпырым-ай,ә! Не деген сұмдық!

4. Біздің ұлттық экономикамыз бәсекеге қабілетті болу үшін шетелдік озық технологияны өндіріске енгізуіміз керек.

– Иә, дұрыс айтасың!

23. «Досыммен әңгіме» тақырыбына сұхбат құрыңыздар.

Төмендегі жағдаяттардың біреуін тандап алып, өз сұхбаттарыңызды құрыңыздар.

1. 2020 жылға таман мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс.

А. (келісіңіз):

Ә. (қиналысыңызды білдіріңіз):

2. Бүгінгі күні мемлекетіміз жастарға мол мүмкіндіктер тудырып отыр. Осы аялы қамқорлықты жете сезінген жас буын білім мен ғылымда жақсы нәтижелерге қол жеткізуде.

А.(қарсы пікір айтыңыз):

Ә.(құптаңыз):

3.(сіздің жағдаятыңыз):
А.:
Ә.:

24. Жағдаяттар бойынша сұхбаттасыңыздар

1-жағдаят. «Әлемдік озық технологиялар қазіргі жастарды жатып ішуге тәрбиелейді» деген пікір бар. Осы пікірге өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер;

2-жағдаят. «Қазақстанда жастардың нарыққа бейімділігін арттыратын өнімдер жоқ» дейді. Шынында да солай ма? Әңгімелесіңіздер;

3-жағдаят. «Қазіргі кезде жастар дайын нәрсеге үйреніп алған» дейді үлкендер. Сіздер бұл пікірмен келісесіздер ме? Өз ойларыңызды айтыңыздар;

4-жағдаят. Сіздің шетелде оқитын жолдасыңыз: «Қазақстанды әлі бәсекеге қабілетті емес, ал жастары нарыққа бейім емес», – деп есептейді. Келісіңіз не қарсы пікір білдіріп, екеуара сөйлесіңіздер.

25. “Қазіргі бәсеке” тақырыбына пікірталас өткізіңіздер.

26. Кейс-жағдаят бойынша сұхбаттасыңыздар.

Қазақстанда жастардың нарыққа бейімділігін арттыратын өнімдер жоқ. Біршама тауарлар қазір өз елімізде өндірілгенімен, олар бәсекеге қабілетті емес. Қазақстандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру үшін қазақстандық үлесті дамыту қажет. Қазақстандық тауар өндірушілердің біліктілігін де дамыту қажет. Тауарлар бәсекеге қабілетті болғанда ғана экономикалық нарықта сұранысқа ие бола алады.

Тапсырма:

1. Өз елімізде өндірілетін тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін шетелдік тауарлармен салыстыра отырып, дәлелдеңіз. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін не істеу қажет? Өз ойыңызды эссе түрінде жазып беріңіз.

2. Шын мәнінде Қазақстандық жастардың нарыққа бейімділігін арттыратын, сұранысқа ие өнімдер жоқ па? Бар болса, мысалдар келтіріңіз, ойыңызбен бөлісіңіз.

27. Қорытынды тапсырма:

а. Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталаңыздар;

ә. «Жастар және әлемдік бәсеке» туралы тағы не білгіңіз келетінін жазып келіңіздер;

б. «Әлемдік бәсекеге қабілетті жастар» тақырыбына жоба дайындап, тұсаукесер өткізіңіздер.

МАЗМҮНЫ

Алғы сөз.....	3
1-САБАҚ. Заман және Заң	6
а. Адам – басты құндылық	6
ә. Адамның құқықтық қорғалуы.....	6
б. Ата Заң – мемлекеттің Негізгі Заңы.....	6
2-САБАҚ. Әлеуметтік зейнетақы ұйымдары	19
а. Әлеуметтік сақтандыру түрлері.....	19
ә. Сақтандыру компаниялары	19
3-САБАҚ. Әлеуметтік құқықтар мен міндеттер	32
а. Әлеуметтік құқықтың заңдық негіздері.....	32
ә. Білім алу құқығы	32
4-САБАҚ. Жарнама және бәсеке	44
а. Жарнама – ақпараттың бір түрі.....	44
ә. Жарнама сауаттылығы	44
б. Қазақша жарнаманың қазіргі сипаты.....	44
5-САБАҚ. Ұлылық ұлыдан	60
а. Ұлылардан қалған сөз.....	60
ә. Халықаралық сыйлықтың лауреаттары	60
б. Ұлық адам – қызық адам.....	60
6-САБАҚ. Қазақстан және сыртқы саясат	72
Халықаралық қатынастар.....	72
7-САБАҚ. Қазақстан және сыртқы саясат	84
а. Қазақстан дипломатиясы.....	84
ә. Халықаралық бизнес тілі.....	84
8-САБАҚ. Түгел сөздің түбі бір.....	96
а. Көне түркі жәдігерлері сыр шертеді.....	96
ә. Көне түркі жазуын меңгереміз.....	96
9-САБАҚ. Түгел сөздің түбі бір.....	107
Орта ғасыр ойшылдары.....	107

10-САБАҚ. Нобель сыйлығының лауреаттары.....	117
а. Альфред Нобель сыйлығы.....	117
ә. Нобель сыйлығының лауреаты	117
11-САБАҚ. Нобель сыйлығының лауреаттары.....	128
а. Мен білетін ұлы ғалым	128
ә. Нобель сыйлығын алмаған ғұлама	128
12-САБАҚ. Тәуелсіздік төрінде.....	138
а. Тәуелсіздік мәңгілік болу үшін не істеу керек?	138
ә. Жастар және тәуелсіз Отан	138
13-САБАҚ. Тәуелсіздік төрінде.....	147
а. Тәуелсіз елдің өнерпаздары	147
ә. Біз – тәуелсіз елдің ұрпағымыз	147
14-САБАҚ. Тарихыңды таны.....	158
а. «Кешегісін ұмытпаған ертеңгісін бағалай біледі».....	158
15-САБАҚ. Тарихыңды таны.....	172
а. Ерлік туын көтерген ерлер	172
ә. Ғасырлық тұлға	172
16-САБАҚ. Ғылым мен техника.....	184
а. Ғылым – инновациялық экономиканың негізі.....	184
ә. Қазақстандықтардың ғылыми жаңалықтары	184
17-САБАҚ. Қазақ елінің ұлттық байлығы.....	196
а. Ұлттық құндылықтар.....	196
ә. Ұлттық байлық және тәуелсіздік.....	196
18-САБАҚ. Жастар және экологиялық білім.....	206
а. Экология деген не?.....	206
ә. Біздің еліміздің экологиялық жағдайы қандай?.....	206
б. Елімізде экологиялық жағдайды жақсарту үшін қандай шаралар жасалып жатыр?	206
19-САБАҚ. Жастар және әлемдік бәсеке.....	217
а. Әлемдік бәсеке және ұлттық мүдде	217
ә. Бәсеке: плюсі мен минусы.....	217

Қосымша жазбалар үшін

**Әлметова Ә.С.,
Дәркенбаева Ж.Қ.,
Хамимұльдинова Л.Ж.**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Негізгі стандарттан жоғары деңгей

Оқулық

Басуға 06.10.2015 ж. қол қойылды. Формат 60x90^{1/16}.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman». Көлемі – 14,5 б.т.
Таралымы: Мемлекеттік тапсырыс бойынша – 600 дана
+ баспа есебінен – 400 дана. Тапсырыс № 1040.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemnl@dauir.kz, zakaz@dauir.kz